



Туырылып піскен қойдың сүбесі, жеңді білектей қазы-қарта, сере шыққан қазы болмаса балықты бұйым көрмейтін көкшетаулықтар облыста балықшылардың тұңғыш қауымдастығы құрылыпты дегенде елең ете түскен.



Бұл өзі еліміздегі ең алғашқы құрылым екен. Қармағын сайлап, ауын асынып отырған балықшылармен жүздескен облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Руслан Молдағайыпов салтанатты жағдайда қауымдастық өкілдігін растайтын сертификатты көрсетті.


Қауымдастықтың төрағасы Жеткерген Әбдиевтің пікірінше, бұл ұйымды баяғыда құру керек еді. Әйтсе де, ештен кеш

жақсы. Балық бағуға ынталы үміткерлердің сөзінен бұл өзі оңай шаруа емес екендігін аңғардық.

Балық шаруашылығын өркендеткісі келіп, екі білегін сыбанып жүрген азаматтың бірі – Алдаберген Тәшенов. Ол Зеренді ауданына қарасты Ұялы ауылының тұрғыны.

(Жалғасы 7-бетте)

ЖҮЙРІК ЖАҒАЛЫҚ



Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған бейнебаян BBC World телеарнасында көрсетіледі. Қазақстанды зерттеген алғашқы еуропалық 1847 жылы ұлы дала жеріне аяқ басқан ұлыбританиялық саяхатшы әрі зерттеуші Томас Аткинсонның бастан кешкендері ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған бейнебаянға арқау болды. Бұл түсірілімді қараша айының ортасынан бастап BBC World телеарнасы көрсете бастайды.



Оңтүстік Қазақстанда түйе сүтін өңдейтін зауыт салынып жатыр. Жыл басында «Golden Camel» ЖШС бастамасымен түйе сүті – шұбатты қайта өңдеуден өткізіп, одан құрғақ қоспалар өндіру жобасына кіріскен болатын. Өңір басшысы Жансейіт Түйебаев аталған кәсіпорынның құрылтайшысы Янг Сие мырзаны қабылдады. Кездесуде Янг Сие Түркістандағы индустриалдық аймақтан бой көтеріп жатқан осынау жобаның іске асырылуын жеделдетуді облыс әкімінен өтінді. Аймақ басшысы жобаның өңір үшін маңызды екенін атап өтіп, тиісті сала басшыларына оның әкімшілік кедергілерсіз жүзеге асуына барынша атсалысуды тапсырды.



Алматылықтар үшін екінші мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығы ашылды. Автокөлік иелеріне арналған орталық Алматы қаласының Майлин көшесінде орналасқан. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының мемлекеттік қызметтерді көрсету дирекциясының директоры Әсемгүл Балташеваның айтуынша, кеңсенің жалпы аумағы 300 шаршы метрді құрайды. Онда көлік құралдары агрегаттары нөмірлерін салыстыруға арналған орын мен 100 көлікке арналған тұрақ бар.



ҰБТ форматы өзгерді

Нұрбек ОРШЫБЕКОВ,
БҒМ Білім және ғылым саласында
бақылау комитеті төрағасының
орынбасары:

«Министрлік ҰБТ-ны екі кезеңге бөлу туралы шешім қабылдады. Енді мектеп бітірушілер аттестат алу үшін білім ошақтарында арнайы емтиханнан өтеді. Сонан кейін жоғары оқу орнына түсу үшін тест тапсырады. Қорытынды аттестаттау мектептерде бес пән бойынша, оның төртеуі міндетті. Біреуі таңдау бойынша өтеді.

Мектептерде осындай емтихандар қазіргі уақытта да өткізіліп келеді. Оны ұлттық бірыңғай тестке қатыспайтындар тапсырды. Сондықтан да мұнда ешқандай ерекше жаңашылдық жоқ. Барлығы мұғалімдер мен оқушыларға мәлім. Атап өтерлік өзгеріс бұрын тест сұрақтарын облыстық білім басқармалары дайындаса, енді бұл міндет Ұлттық тестілеу орталығына жүктелмек»

(Жалғасы 2-бетте)

КӨП МӘСЕЛЕНІ ШЕШЕДІ

Жас қазақ: Мамандар 2050 жылға қарай оңтүстік пен солтүстік арасындағы демографиялық тепе-теңдік сақталмаса, біраз қиындықтар орын алуы мүмкін деп отыр. Бұл жөнінде сіз не ойлайсыз?

Бакытбек Смағұл: Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясында еліміз бен өңірімізге төнген, еңсерілуге тиіс екінші сын-қатер ретінде жаһандық демографиялық теңгерімсіздікті атағаны белгілі. Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің тапсырысымен ғалымдар жүргізген зерттеулер көрсеткендей, егер қазіргі жағдай өзгермесе, 2050 жылға қарай Қазақстан халқының басым көпшілігі, шамамен 55 пайызы оңтүстік өңірлерде өмір сүретін болады. Бұл ретте оңтүстік облыстардағы тұрғындардың саны 5 миллионнан асып, солтүстікте керісінше миллионға қысқаруы мүмкін. Бұл ретте оңтүстік өңірлердегі әлеуметтік жүйеге түсер салмақ, жүктеме еселеп артады. Еңбек ресурстарының шектен тыс шоғырлануы, бірқатар мәселенің орын алуына сеп болады.

(Толығырақ 2-бетте)

ҮШТАҒАН

Римма ТӘЖІБАЕВА:

Отандық өнім импорттан кем түспейді



Елбасы «Нұр Отан» партиясының VII съезінде «Барлығы өзіміздікі болғанын қаласақ, өзіміздің өнімді тұтыну қажет. Біздің өнімнің 100 пайыз экологиялық таза екендігіне кепіл беремін.

(Жалғасы 4-бетте)



«Ұлытауға бардың ба?»

Қазақтың көптеген қасиетті, тарихи, табиғи көркем жерлерін, соның ішінде Ұлытау өңірін аралауға мүмкіндік беретін «Ұлытау мұрасы» экспедициясына ө дегеннен-ақ қосылғымыз келген-ақ еді.

(Жалғасы 13-бетте)

Қазақ боксының атасы



Қазақ боксы қазіргі кезде әлемдік рейтинг бойынша алдыңғы қатарда. Өйткені бокс қазақ үшін жат емес. Ұлттың оң жамбасына келетін осы бір спорт түрі әлемдік ареналарда ел абыройының асқақтауына басты себеп екені даусыз.

(Жалғасы 15-бетте)

Ортақ тағдыр байланыстырады

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жапонияға жасаған сапары барысында император Акихитомен кездесіп, Премьер-Министр Синдзо Абэмен келіссөздер жүргізді. Сондай-ақ Қазақстан Президенті Жапония парламентінде және «Токай» университетінде сөз сөйлеп, іскер топтар өкілдерімен кездесті.

Мемлекет басшысы Жапония парламентінде сөйлеген сөзінде, бұл елдің көп сала бойынша көш бастап тұрғанын айтты. Елбасы жапон халқының еңбексүйгіштігі мен өзі-өзі жетілдіруге деген құштарлығы елдің өркендеуіне септігін тигізіп отырғанын атап өтті. Н.Назарбаев «Жапонның «кайдзен» философиясы тек басқару мен технологиялық биіктерді бағындыруға ғана мүмкіндік беріп қоймай, сонымен бірге жалпыадамзаттық құндылықтар қазынасына қосылды. Жапон халқының ойлау жүйесі қазақтардың дүниетанымына жақын әрі онымен үндес екенін айта аламын. Бізді халықтарымыздың қиын да күрделі, кейде, тіпті қасіретті тағдыры тығыз байланыстырады. Екі ел жаппай қырып жоятын қарудың бүкіл қасіретін бастан өткерді, — деді. Елбасы халықаралық қауіпсіздікті нығайту жолында Қазақстанның атқарып жатқан іс-шараларына тоқталып, ядролық қауіптен ада әлем қалыптастыру үшін бірлесе күш-жігер жұмсаудың маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшысы «Біз Жаһандық антиядролық қозғалыс құруды маңызды міндет деп санаймыз. Біз ұсынған «АТОМ» жобасы да дәл осы мақсатты көздейді. Жапон достарымызды осы бастамаға қолдау көрсетуге шақырамын. БҰҰ Бас Ассамблеясы 2015 жылғы 7 желтоқсанда Қазақстанның ұсынысы бойынша Ядролық қарудан ада әлем құру туралы жалпыға ортақ декларация жөнінде қарар қабылдады. Біз ұсынған БҰҰ қарарына Жапония да тел автор ретінде қосылды. Сол қарарға сәйкес, менің жарлығым арқылы полигонды жапқан күн — 29 тамыз Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні деп жарияланды», — деді. Елбасы Қазақстан мен Жапония Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарттың күшіне енуіне қолдау көрсету жөніндегі 9-шы конференцияның тең төрағасы міндетін атқаруға кіріскенін және соған орай тараптар аталған құжаттың тезірек күшіне енуіне қатысты маңызды екі саяси мәлімдеме қабылдағанын

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

640

млн доллар. Қазақстан мен Кореяның кәсіпкерлері құны осынша тұратын келісімге қол қойды

1

млрд теңге. Қарағанды облысында көше тазалауын техниканы алу үшін жұмсалған ақша

300

мыңнан астам жұмыс орны «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша ашылды

(Басы 1-бетте)

ҰБТ форматы өзгерді



«Түлек ең алдымен қазақ тілі мен әдебиетінен еркін тақырыпта эссе жазса, екінші пән Қазақстан тарихынан сұрақтарға жауап береді. Тарих пәні бойынша бұл жерде оқушыға теориялық және шығармашылық бағыттағы сұрақтар қойылады. Ал үшінші пәнде оқушы алгебрадан жазбаша емтихан тапсырады. Одан кейін қазақ немесе орыс тілінен *(орыс мектептері қазақ тілінен, қазақ мектебіндегілер орыс тілінен)* тест сұрақтары беріледі. Ең соңғы емтихан оқушылардың өзі тандаған пәнінен болады. Осы жерде айта кетейін, бұл емтихандар өтесі жылдың 1-15 маусым аралығында өтеді. Содан кейін түлек жоғары оқу орнына түсу үшін ҰБТ тапсырады. Ол 20 маусым мен 1 шілде аралығында болады»

Астана көшелерінде жаңа атау

Кезектен тыс 11-сессия барысында Астана қалалық мәслихат депутаттары ономастикалық комиссия ұсынған жаңа көше атауларын мақұлдады. Бұл туралы astana.gov.kz. сайты хабарлайды.

«Алматы» ауданында үш көшеге Хусейн бен Талал, Кенен Әзірбаев Темірбек Жүргеновтің есімі берілді. Ал бұрынғы Хусейн бен Талал көшесі енді Ұлы Дала данғылы деп аталады. Иван Панфилов атындағы көше Сәкен Жүнісов көшесі деп өзгертілді. Бейімбет Майлин және жобалық атауы А193 көшесі біріктірілетін болды. Еңбекшілер көшесі №36 көшемен біріктіріліп, Әлихан Бөкейханов данғылы деп аталады. «Сарыарқа» ауданындағы осы аттас көшеге Әзірбайжан Мәмбетовтің есімі берілді. «Есіл» ауданында 10 көшеге жаңа атау берілді. Соның



бірі — Орынбор көшесі. Одан басқа, сол жағалауда Нияз би, Нұрпейіс Байғанин, Сұлтанбек Кожанов, Қайым Мұхамедханов, Никола Тесла, Рабиға Есімжанова, Саттар Ерубаев,

Ханшайым Сүйінбике және Бұқар жырау есімдерімен аталатын көшелер пайда болды. Әділет органдарында тіркелген кейін 10 күннен соң бұл шешім күшіне енеді.

Тәуелсіздікке тарту

Бүгін Елордада Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған концерт өтеді. «Астана» концерт залында (Конгресс-холл) өтетін ән кеші «Әнім сенсің, Туған ел!» деп аталады. Астана қаласы әкімінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, мерекелік концерттік бағдарламаны Астана қаласы әкімдігі Мемлекеттік академиялық филармониясының қазақ оркестрі орындайды.

Көркемдік жетекші және бас дирижері еліміздің еңбек сіңірген кайраткері, профессор Айтқали Жайымов. Дирижер — мәдениет

кайраткері Нұрлан Бекенов. Бұл кеште қалалық филармонияның ең үздік дауыстары сіздерді ләззатқа бөлейді. Анызға айналған қазақстандық композиторлар Түркеш, Ғ.Құрманалиев, М.Канапиянов, Т.Базарбаев, Б.Тілеухан, Т.Ізтай, Н.Тілендиев, К.Күмісбеков, А.Жайымовтың және жас композиторлар Арман Жайым

мен Нұрлан Бекеновтің әндерін классикалық, эстрадалық және халықтық вокал бөлімінің орындаушылары шырқайды. Қалалық филармония әртістері концерттік бағдарламада тыңдармандарға «Салем саған, Туған ел», «Дархан Дала», «Туған жер» , «Атамекен», «Ұлы дала» және т.б. көптеген осы сынды шығармаларын ұсынады.



(Басы 1-бетте)

Әрине, сын-қатерлерді еңсеру мақсатында ел үкіметі жұмыспен қамтудың жол картасы, еңбек мобильдігін арттыру арқылы біраз жұмыстар атқарып жатыр.

Жас казак: Үкімет тағы қандай мәселелерге назар аударуы тиіс? **Бақытбек Смағұл:** Үкімет биыл өңірлерге 463 отбасын қабылдауға квота бөлді. Егер қоныс аударатын әр отбасының орташа есеппен бес мүшесі бар десек, мұндай қарқынмен ең болмағанда, миллион адамды солтүстікке қоныстандыру үшін біраз жыл кетеді. Демек, бұл квота ұлғайтылса абзал болады. Сайлаушылармен кездесу кезінде көшуге дайын отандастарымыздың жеткілікті екеніне көзіміз жетті. Олардың басым бөлігін баспана мәселесі алаңдатады. Сондықтан әзірленіп жатқан «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында қоныстанушыларды баспанамен қамтамасыз ету мәселесі ескерілгені жөн. Үкімет нысаналы жұмыс жасауы керек. Қоныс аударушылардың қажеттілігі ескерілуі тиіс. Қазір балабақша, мектеп, баспанамен қамтамасыз ету мәселесі қарастырылған. Дегенмен, бізді мазалайтын тағы бір мәселе

Көп мәселені шешеді



бар. Көш өнеркәсіптік өңірлерге бағытталуда. Ал заманауи өндіріс орындарына білікті жұмысшы қажет. Қоныс аударушылар болса, негізінен, экономикалық әлеуеті төмен елді мекендердің тұрғындары және жұмыссыздар. Еңдеше, оларды көшіп баратын жердегі өндіріс орындарының сұранысына лайықтап, нысаналы түрде оқыту, даярлау мәселесі пысықталуы қажет деп есептейміз.

Жас казак: Халқы тығыз қоныстанған оңтүстік өңірден адамдарды еңбек күші жетіспейтін солтүстікке көшіру біраз мәселені шешетін рас. Жалпы, 2011-2016 жылдары елімізде 5 мың отбасы немесе 18 мың адам ерікті түрде қоныс аударған. Бұл ішкі көші-қон. Ал атажұртқа шеттен келетін ағайынды солтүстікке қоныстандыру қалай жүріп жатыр? **Бақытбек Смағұл:** Халықты көшіру еңбек ресурстарының тепе-теңдігін сақтау, күнкөріс қамы үшін ғана емес, бұл халықтың өсімі, елдің тұтастығы үшін қажет. Бұл ретте шеттен келетін қандастарымызды солтүстікке қоныстандыру маңызды. Қазірде біршама қиындықтар бар екені жасырын емес. Бірақ шетелден атажұртты ансап жеткен ағайын «Осы жерде ғана тұрамын» — деп, белгілі бір қатып қалған қағидамен өмір сүрмеуі керек. Тәуелсіздігімізді, елдігімізді, тұтастығымызды, болашағымызды ойлайтын азаматтар аз емес деп ойлаймын. Олардың елде мал, егін шаруашылығымен айналысуға мүмкіндігі мол. Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола облыстарында жер құнарлы. Солтүстік те біздің жеріміз. Суық деуге болмайды. Білімі жоқ, тіл білмейді деген де себеп емес. Жағдай жасалып жатыр. Саясатты терең мағынада түсініп, оңтүстік өңірдің халқын, елге келіп жатқан қандастарды сол жакқа бағыттау қажет. Әйтпесе, оңтүстікте бәріне жұмыс қайдан табыла береді. Кейбір аудандарда 320-350 мыңға дейін халық тұрады. Қостанай, Ақмола облысында үш ауданды қосқанда, оңтүстіктегі бір елді мекендегі халық санына жетпейтін жағдайлар бар. Ойлануға тұрарлық мәселе. Осылайша, тұрғындарды солтүстікке қоныстандыру жұмыссыздық мәселесін шешеді. Екінші жағынан, халық санының өсіміне ықпал етеді. Әрине, бір күнде шешілетін дүние емес. «Нұр Отан» партиясының «Қазақстан — 2021»: бірлік, тұрақтылық және жасампаздық» атты сайлауалды бағдарламасында жаңа еңбек саясатына баса мән берілген. Біздің ортақ күш-жігеріміз өнімді еңбек етуге және халықтың мобильдігін ұлғайту жолымен еңбек нарығында тепе-теңдікті арттыруға бағытталуы қажет.

Сұхбаттасқан Айымгүл МҰРАТҚЫЗЫ

5 нысан ЮНЕСКО тізімінде

Еліміздің мәдениет және спорт министрлігі уақыт талабына сәйкес аталған жұмыстарды уақтылы қаржыландырып, үнемі бақылауда ұстауда, бұл жұмыстарға жергілікті басқару органдары да атсалысып отыр. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Төкен Молдақынов хабарлады.

Төкен Молдақыновтың мәлімдеуінше, Жамбыл облысының аумағында жүздеген тарихи мұралар орналасқан. Жалпы тарихнамада «Шу — Талас аңғары» деп аталатын жалпы атаумен белгілі өлкедегі мұралар, отандық тарихнаманың белді нысандары болып табылады. 2100 жылдық тарихы бар Тараз қаласы тарихының өзі, жалпы Шығыс, оның ішінде Орталық

Азия құрлығы басынан өткен айтулы тарихи оқиғалардың толымды беттерін құрайды. Сондай-ақ оның айтуынша, Жамбыл облысындағы тарихи мұралар қайта жаңғыртылып, олардың инфрақұрылымдары осы заманғы қалыпқа келе бастады. Елбасының бастамасымен іске асырылған «Мәдени мұра» аясында ұлттық тарихнаманың жаңа да, жарқын беттері жазылды.





киімдердің әрбірінде терең мән-мағына жатыр. Бұларда мінез-құлықтар көрініс табады. Ішкі құндылықтарымыз мен мұндалайды. Ал еркіндік дәстүрі былай: ұл бала жетіге толғанда, ата-анасы ұлттық киім кигізіп, басында папах дегендей, беліне қанжар байлайды. Сол қанжарды 63 жасына дейін сақтауы керек. Бұл «енді сен еркінсің, тау баласы бол, еркін самға, елінді қорға,

катысып отырамыз. Наурыз мейрамы болсын, халықтардың бірлігі күні дейсіз бе, қысқасы, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы күрметіне арналған барлық жиындардың басы-қасында жүрміз. Себебі мұның бәрін этносаясат деп түсінеміз. Халықтардың бірлігін паш ететін бірінші мамырды жыл сайын мерекелейміз. Репрессияға ұшыраған зиялылардың бүгінгі ұрпақтарын шақыра отырып, құрбандарға ас беріп,

Хасан БАЦИЕВ:

Ынтымақ – оқ өтпес сауыт



құран бағыштап келеміз. Жастар өткен тарихымызды білу керек. Қазіргі интернетке қараған, газеттен оқыған бір бөлек те, ал репрессия құрбандарының ұрпақтары немесе зұлматқа ұшыраған адамның өз аузынан естіген естеліктердің мәні ерекше деп білемін.

— **Ата-бабаларыңыздың туып-өскен өңіріне ат басын бұрдыңыз ба? Сапарлап барған босаныз, қандай көңіл-күйде болдыңыз?**
— Мен Шешен республикасына 2012 жылы барып қайттым. Шаройский ауданында болдым. Бізде ауылдар тау бөктерінде орналасқан емес пе? Ал ол жақта ауыл тұрғындары таулы құздардың басына да қоныстана береді екен. Ата-бабаларымын сүйейт жатқан Хилой ауылына табаным тиіп, әкемнің туған жеріне тағзым еттім. Шымкенттік «Айғақ» телеарнасының басшысы, облыстық мәслихаттың депутаты Дулат Әбіш те сапарластарымен бірге Шешенстанға барып, керемет деректі фильм түсіріп қайтты. Шешен ұлтының қарапайым отбасында болып, дәм татты. Маған екінші мәрте барып қайтуға мүмкіндік туған еді, өтген, қаладағы этно-мәдени шаралардың біріне қатысатын болғандықтан, бұл сапардан қалып қойдым. Сол деректі фильмді көріп отырып, шешен халқының қазақтарға деген ыстық ықыласын байқадым. Кейіпкер сөзі құлағымда қалып қойыпты: «Сіздердің президенттеріңіздей кішіпейіл басшы ешбір елде жоқ. Ол өз халқын басқа елдерге тентіретіп жіберген де жоқ, осының бәрі татұлық пен бірліктің жемісі» Елбасымыз атындағы көшемен де жүріп, Елбасы атындағы мектепті араладым. Президентіміздің бюсті маған ерекше әсер етті. Иә, толқып кеткенімді жасырмаймын. Екі елдің арасына мәңгілік байланыс орнағанына қуандым.

— **Әр халықтың өзіне тән салт-дәстүрі атадан ұрпаққа мирас болып келеді. Яхь жарысы дегенді қалай түсінеміз?**
— Яхь — бұл қайырымдылық, мейірандық жарысы. Анығын айтсам, үнемі алдыңғы қатарда болу деген мағынаны мензейді. Өмірде болып жататын түрлі қиыншылықтарда ішкі дүниенді өзгертеуі басты мақсат болып табылады. Осындай биіктен көрінген адамға: «Мейіран, қайырымды ер-азаматқа барлық жерде есік ашық». «Яхь йолуш кант» (*қайырымды, мейіран азамат*) — бұл біздің батыр!» деп айтылады. Ал қазіргі кезде яхь ұлттық салт-дәстүрін ұстану дегенді білдіреді. Байнахтардың ғұрыптық ерлер мен әйелдердің киімі туралы айтар болсам, вайнахтық әскери киім — «Бустамийн чуоаь», ерлердің тақуалық киімі — «Повтал», Ghowtal, әйелдердің мейірімділік киімі — «Пабли» — Ghable деп аталады. Ұлттық

«...Біздер, қазақстандықтар – бір халықпыз! Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Егеменді дамудың 22 жылында барша отандастарымызды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен қазақстандық жол тәжірибесі» – деп атап көрсетті Елбасы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында. Оңтүстік Қазақстан облысында осы бағыттан таймай, Қазақстан Халқы ассамблеясының идеяларымен қанаттанып келе жатқан көптеген аз ұлттардың этномәдени орталықтары бар. Солардың бірі – Хасан Бациев басқаратын Шешен-ингуш этномәдени орталығы. Әңгіме өзегі де әдеттегідей татулық, бірлік, қоғамдық келісім жайлы болды.

— **Әуелі өзіңіздің ата-бабаларыңыздың тарихы жөнінде сыр бөліскеніңізді қалап отырмын. Көңілдің сыр сандығын ашып, XX ғасырға көз жүгіртіп өтсеңіз?**

— Кеңес дәуірі кезінде кейбір ұлттардың әртүрлі тағдыр тауқыметін тартқанын білесіз. Сол кездегі билік дұрыс шешім қабылдамай, халықты басқа жерлерге күшпен қоныстандыру саясаты орын алды. Әсіресе, Қазақстанға еріксіз жіберілген ұлттар саны көп болды. Солардың бірі — шешен-ингуш халқы дер едім. Вайнах жұрты елімізге 1944 жылы жер аударылған болатын. Сол жылдары әкеміздің өзі 9 жаста. Соғыс әлі аяқтала қоймаған. Аналар анырап, балалар ботадай боздаған қасіретті жылдар еді. Әкемнің отбасында жеті адам болды. Сол отбасыдан бір жылдың ішінде балаларының үшеуі ауруға шалдығып, шетінен кетеді де, қалған екі ұлымен қазіргі Төле би ауданының тау бөктеріне көшіп келген екен. Мен сол жерде дүниеге келіп, қазақ мектебінде оқып, ер жеттім. Әкем Ча Бациев қазір сексеннен асып қалды. Құдайға шүкір, бақуатты. Өткен өмірі туралы көп айта да бермейді... Ескі жаранын бетін тырнағысы келмейтіні шығар. Бірақ қазақ халқының дарқан көңіліне, кен даласындай пейіліне, меймандостығына дән риза. Өздерінің өзектері талып отырса да, ыстық нанның жартысын бөліп берді. Соның арқасында біз дінімізді, тілімізді, ділімізді сақтап қалуға мүмкіншілік алдық. Еңсеміз көтеріліп, өсіп-өндік, жетілдік, адам қатарына қосылдық. Әкем үнемі осы жайды балалары бізге, немерелеріне айтып отырудан жалыққан емес. Әрине, сол заманның лебінде запыран бар еді. Соған қарамастан, көршілеріміз кен құшағын ашты, тіпті той-томалағына шақыратын. Әкем мал шаруашылығымен айналысты, шопан болды. Барлығымызды еңбекке баулады, нәтижесінде мұның зиянын көрген жоқпыз. «Жанауғым» ауылында шешен ұлтынан біздің ғана отбасымыз түтін түтетті. Балалық бал доуеренім қазақ балаларымен бірге өтті.

— **Ассамблея — Елбасы құрған ең сенімді қоғамдық институт екені белгілі. Оның ұраны: татулық, бірлік, қоғамдық келісім. Осы бағытта өзінің басқарып отырған шешен-ингуш этномәдени орталығы қандай іс-шаралар атқарды?**

— Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында-ақ, Елбасымыз елдің бірлігіне, саяси тұрақтылығына, жүзден аса өмір сүріп жатқан ұлт пен ұлыстардың келісіміне ерекше көңіл бөлді. Соның нәтижесі — Қазақстан Халқы ассамблеясының құрылуы болып табылады. Өзім сонау 1995 жылы Қазақстан Халқы ассамблеясының бірінші сессиясына қатысқанымды мақтаныш тұтамын. Ол кезде қиын-қыстау кезең болатын. Тәуелсіздігіміз небәрі бесінші жылға ғана аяқ басқан. Елдің бір бөлігінде газ жоқ, жарық жоқ, жұмыссыздық мәселесі алқымнан алып тұрған еді. «Осындай қиыншылық туып жатқанда, ассамблеяның керегі бар ма еді?» деген сөздер де айтылып жатты. Бірақ Елбасының көреген саясаты мұның бәріне өз нүктесін қойды. Елдің татулығы, тұрақтылығы, қоғамдық келісімі арқасында аязды күндер артта қалып, бақытты күндеріміз өтіп жатыр. Олай дейтінім, құдай басқа салмасын, Сирияда болып жатқан қанды қырғындар, елінен, жерінен безіп, босқын атанып, шетел сағалап, сағы сынып жүргендерді, Украинадағы соғыстың ызғарынан бақытсыздыққа душар болған қарапайым



халықтың қасіретін көріп, Тәуелсіздігімізге тәубе дейміз. Енді сол тәуелсіздігімізді сақтай білейік дегім келесін. Ел тыныш болсын, балаларымыз аман болсын.

Біздің облыста 22 этномәдени орталық бар. Облыста 2400 шешен-ингуш өмір сүріп жатыр. Елбасымызға рахметімізді айтамыз. Қазақстан Халқы ассамблеясын құрып, тілімізді, салт-дәстүрімізді сақтап қалуға мүмкіншілік туғызды. Ұлттарды шеттету, бөлектеу деген мәселе жоқ. Барлық мәдени шараларды өз тілімізде, өз дәстүріміздің аясында өткізіп, облыс пен қаладағы іс-шараларға да бір кісідей

тұрмысындағы қиыншылықтардан шығудың жолдарын іздеуден гөрі бақсқаларды кінәлауға бейім тұратындар бар. Ал енді бірінің бойында тәуелділік басым, мысалы, есірткіге, ішкілікке тәуелді болуы мүмкін. Екіншіден, өзінің қалаған мамандығына түсе алмаған, «өмірде өз орнымды тапқан жоқпын» деп санайтындар, іштей нала, күйзелісте жүргендер немесе отбасында әлеуметтік қиындықтарға тап болғандар теріс ағымдардың ағысына тап болады. Үшіншіден, әлеуметтік мәселелер бұл жағдайды ұшықтыра түседі. Күні кеше Ақтөбе қаласында болғанымызда, еліміздің бас прокуроры Жақып Асанның мәнді де мағыналы баяндамасын тыңдадық. Өзі құқық қорғау органының басшысы бола тұра, ол кісі баяндамасын құқықтық мәселелерге арнаған жоқ. Тек ғана әлеуметтік, экономикалық мәселелерді: елімізде қанша адам жұмыссыз, қаншасы баспанасыз екенін, қандай қиындықтар туындап жатқанын айта келе, сөзінің



соңында барлық қылмыстардың 84 пайызы жұмыссыздардың үлесінде екенін тілге тиек етті. Әрине, адамдардың жұмыссыздығы, әлеуметтік жағдайларының төмендігі олардың жат ағымның жетегінде кетуіне әсер етер. Десек те, көп жағдайда адамның өзіне байланысты.

Қараңыз, мемлекет халыққа қолдан келген көмегін аяған емес. Бірақ мемлекет адамдардың жеке мәселесін жүз пайыз шешіп бере алмайды. Жеке тұлғаның өзінде қажыр-қайрат болуы керек. Әркім өзінің қалаған мамандығына қол жеткізіп, отбасын асырай алатындай дәрежеде болуы керек. Егер денсаулығына байланысты еңбекке жарамсыз болса, мемлекет заң аясында көмек көрсетеді. Ал мүмкіндігі бола тұрып, өзінің бір іске қыры болмаса, жалқаулығынан тағы да басқа себептерден, ол адам жұмыссыз жүрсе, әрине, мұның барлығының үкімет назарында болмайтыны анық. Бір қызығы, осындай ойға шомылғандардың дені: «Мемлекет неге бізге жағдай жасамайды?» сияқты сұрақты көлденен қойып, үнемі наразылықта жүреді. «Өзім неге әрекет жасамаймын?» деген сұрақ мазаламайды.

Еліміздің ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстандағы нақты террористік әрекетке қатысқан, сол үшін экстремизм бабымен сотталған адамдардың арасында сауалнама жүргізіп, солардың психологиялық портретін жасап шықты. Белгілі болғанындай, бұл адамдардың 84 пайызының мүлде діни білімі жоқ. Қалған 16 пайызында тиіп-қашып алған білімі бар, оның өзінде қысқаша ғана бір курстарды аяқтаған. Жоғары діни біліммен



ешқайсысы сусындамаған. Ислам танудан біреуі де университет бітірмеген. Сол себепті жат ағымның жетегінде кеткендердің көбінің діни сауаты жоқ, шетелге барып курстарда оқығандары болса, сол жақтан ұланып келген. Тағы бір мәліметті айтар болсақ, экстремизм бабымен сотталғандардың 52 пайызы жұмыссыздар, тұрақты баспанасы жоқ. 32 пайызын тұрмыстық жағдайы төмен немесе есірткіге, ішімдікке тәуелділер құрайды. Бай отбасылардың арасынан да Сирияға кетіп қалған жағдайлар орын алды. Мынадай түсініксіз жай бар: адасып, шетел асып, ақырында елге келіп, сотталған жастардың бірінен не үшін Сирияға барғаны сұрағанда, «Жәй, автомат ұстап көргім келді, өзімді нағыз еркек ретінде сезінгім келді...» деп жауап берген. Көрдіңіз бе, ешқандай діни мақсаты жоқ. Ал енді біреулер мағынасыз өлімге бастарын тікті, «жиһад жасасам, діннің қызығы осы, көпірлерге қарсы соғыссам, сол нағыз ислам» деп келте ойлағандар да болды. Сондықтан, әр тұлғаның жеке жауапкершілігі болуы керек. Ол өзіне-өзі жауапты болуы тиіс. Жастарға айтарым, ғаламтордағы уағыздарды оқығанда, «Осы дұрыс па өзі?» деген күмән болу керек. Егер дінге деген қызығушылығыңыз оянса, мешіт-медреселерге барып сұраныз. Ертенгі күні өзіңізге жауап беретін адамнан сұраныз. Ғаламтордың ең тиімді пайдасы — ақпаратты жылдам алмасуға, тез тауып алуға мүмкіндік беретіндігінде шығар. Бірақ ол ақпараттың асығы мен жасығы қандай? Қайсысы жақсы, қайсысы жаман екенін бағамдап алуымыз керек. Кез келген ақпаратты талғаусыз тоғыта берсек, ғаламтор дегеніміз — кеңістік емес, ол талжалға айналады. Ал, шын мәнінде, ақпарат ізегіңіз келе ме? Елімізде Қазақстан Мұсылмандар басқармасының 26-дан астам сайты бар. Дін істері комитетінің, дін мәселелерін зерттеу орталығының, мешіттердің сайттарын қараңыз. Осы сайттарда тек сүзгіден өткен сенімді ақпараттар ғана қойылады.

Сұхбаттасқан Мұхтар ШЕРІМ, Шымкент

Жастардың діни сауатын жетілдіру, дін саласы бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында жуырда Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында ерекше мәні бар жиын өтті. Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі дін мәселелерін зерттеу және талдау орталығының директоры, республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі Айнұр Әбдірәсілқызы жастарға дін мәселесін кеңінен түсіндіріп, олар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Біз де өңірімізге келген министрліктің өкілімен әңгімелесудің ретін тауып, бірер сауал қойған едік.

Жас қазақ: Қазір жастар ғаламторға тәуелді. Қолында жүрген смартфондарымен ұйықтап, сонымен бірге оянады десем, артық айтқандық емес. Қалай ойлайсыз, әлеуметтік желілер шынымен де, аса қауіпті ме?

Айнұр Әбдірәсілқызы: Әлеуметтік желілердің барлығын зиянды деп қабылдауымызға болмас. Десек те, дін мәселесінде сауал өте көп. «Ұялмаған өнші болады, ерінбеген етікші болады» дегендей, қазіргі таңда ұялмағанның да, ерінбегеннің де діншіл болып жатқан жайы бар. Соның салдарынан шығар, дін саласында қордаланып жатқан сауал өте көп. Дін мен дәстүрдің сабақтастығы қандай? Қазақтың бұрыннан келе жатқан дәстүрлері ислам дінімен

Айнұр ӘБДІРӘСІЛҚЫЗЫ:

Ғаламтордағы уағыздан абай болайық!

қаншалықты байланысты? Неге қазір лаңкестер, экстремистік терроризм күшейіп кетті? Жастар неге Сирияға ауып бара жатыр, неге ғаламтор бетінде діни мәлімет шектен тыс көп? Міне, осының бәрі дінге қатысты тақырыптар. Алдымен, экстремизм, терроризм мәселесіне тоқталайын. Ең көп қойылатын сұрақ та осы төңіректе: неге жастарымыз экстремистік ағымдардың ықпалында кетіп жатыр? Неге дәстүрлі дін тұрғанда, дәстүрлі емес ағымдарға көп бой ұрады? Иә, «дін дегеніміз — үлкен насихат» деп Мұхаммед пайғамбарымыздың айтқаны бар. Дін көп насихатталса, кез келген адамның бойында, жас демей, жасамсыз демей, сол мәселеге деген икемділік пен құштарлық пайда болады. Қазіргі дәстүрлі емес ағымдардың, экстремистік топтардың ең тиімді құралы, ол — ғаламтор. Әрине, құзырлы органдар тиісінше бақылайды, мониторинг жүргізеді, саралайды, мәліметтерді анықтайды, нәтижесінде зияндылары алынып тасталады. Бірақ соның өзінде, теріс ағымдағы мақалалар алынып тасталғаннан кейін де, ақпараттар қанша көбейтіліп, тақырыбын өзгертіп, таралып үлгереді. Әсіресе «В Контакте» желісі өте қауіпті болып тұр. Ал ғаламторда отырған жастар теріс ағымдағы мәліметтер мен мақалаларды қаласа да, қаламаса да көріп қалады. Жастар үнемі рухани ізденісте жүреді. Олардың болмысына максимализм тән. «Не үшін өмір сүремін, өмірдің мәні неде, өмірге не үшін келдім?» — деген сұрақтар қатты толғандырады. Қашан қалыптасып болғанға дейін, 25 жас, бәлкім, 30 жас болар, кез келген адам осы сұрақты өзіне қояды. Осы кезеңде өмірдің мәні дінде секілді көрінеді де, ал дінді қайдан алуға болады дегенге келгенде, мешіт пен медреселерге жүгінудің орнына, қолжетімді ғаламторға байланады. Ал ғаламторда белгілі ғалымдардың, дәстүрлі дін саласындағы имамдардың уағыздарымен қатар, дәстүрлі емес дін тобындағылардың қарама-қарсы бағыттағы насихаттары, тіпті сіздің отбасыңызды ажыратып жіберетіндей уағыздары қатар жүреді. Оны оқыған жастар, әрине, бәріне көміл сенеді, сөйтіп жүріп, қоғамнан аласталып, сол ағымның өкілі болып шыға келгенін байқамай да қалады. Міне, басты мәселе — ғаламтордағы дәстүрлі емес діни ағымдар тарататын ұлы уағыздарының белсенділігінде болып отыр.

Жас қазақ: Жастардың діни сауатының жоқтығын дәстүрлі емес ағымдар пайдалана кетеді деген сөз қаншалықты шындыққа саяды?

Айнұр Әбдірәсілқызы: Иә, ол рас. Кейбір жастардың жат ағымның алдына түсе кетуінің бір себебі — олардың діни сауатының төмендігі екенін ашық айтамын. Осыдан жиырма жыл бұрын халықтың діни сауаты төмен деп есімкі әңгіме айтпаған еді, осыныша көп діни ақпарат да болмады. Ол кезде дінге деген қазіргідей құлшылық айтарлықтай қарқын алмады. Сондықтан, діни сауатын болу, болмауы аса маңызды рөл атқарған жоқ. Ал қазір теріс ықпалын тигізетін ақпараттар ағыны күн сайын үлеп бара жатыр. Соның ақ-қарасын ажыра білу керек. Біз дінмен айналыспасақ, дін бізбен айналысатын жағдайға жеттік. Сол себепті, халықтың діни сауатын көтеру мәселесіне де көп мән беруге тура келеді.

Жас қазақ: «Діни сауаты жоқ адамдар кейде теріс ағымның жетегінде кетіп жатады» деген сұрақтың мазалайтыны бар. Бұл жөнінде не айтар еліңіз?

Айнұр Әбдірәсілқызы: Жок, жүз пайыз олай айтпаған болар едім. Көп жағдайда адамның, жеке тұлғаның өзіне байланысты. Адамдар ғаламтордан теріс пияыздағы уағызды оқыса да, дәстүрлі емес ағымдардың жетегінде кетіп жатқан жоқ. «Діни сауатым төмен екен» деп Сирийдан шыққандарды да көре алмаймыз. Өкінішке қарай, «өмірің өзгертеді» бейімділер қатарында діни сауаты төмен жастардың да бар екенін жасырмаймыз. Біріншіден, көп жағдайда, өмір сүру қандасы адамдардың психологиясына байланысты. Өздерінің кемшілігін түзетуден,

Мұхтар ЖҰМАШҰЛЫ,

Оңтүстік Қазақстан облысы



(Басы 1-бетте)

Тіпті Дүниежүзілік сауда ұйымының мәліметіне сәйкес, адам ағзасына барынша пайдалысы – дүниеге келген жерден өнген өнім, сол жердің суы», – деді. Сондай-ақ өткен жылы елдегі үздік тауар белгісін анықтау мақсатында «Қазақстанда жасалған» деген акция басталды. Елбасына еліктеген бірқатар шенеунік, депутаттар, қала берді зиялы қауым өкілдері де, отандық кәстөм кигенін жарнамалады. Бақсақ, бізде ұлттық шапандар ғана емес, бірсыпыра киім-кешек, азық-түлік шығарылып, тіпті кілемге дейін тоқылады екен. Бірақ халық оны біле бермейді. Білгендері, біздің тауар шетелдік өнімнен неге қымбат? – деген сауал қояды. Бәсе, неге қымбат? Жоғарыдағы акцияның бір парасы ретінде былтыр «Халық маркасы» деген бірлестік те құрылды. Ол немен айналысады? Бұл қандай бірлестік? Қазір жарнама жасаудың сан түрі бар, олай болса, тауар өндіруші үшін бұл бірлестіктің қажеті қанша? Бірлестік құрылтайшысы Римма Тәжібаеваның не көздегені бар? Халық маркасы арқылы Р.Тәжібаева қанша қаржы тапты? Жуырда Халық маркасының авторымен сұхбаттасудың сәті түсті.

— «Халық маркасы» қандай қажеттіліктен туды? Бұл өзі не жоба, атқаратын қызметі қандай? — Өздеріңіз білесіздер, осыдан бір жарым жылдай бұрын Елбасымыз «Қазақстанда жасалған» деген акцияға жол ашып берді. Бұл дер кезінде көтерілген және өте қажетті акция болды. Біздің ел Тәуелсіздік алғалы бері, өндірісімізде не бар, не жоқ, не шығарып жатырмыз, не тұтынып жүрміз дегенді саралайтын кез келіп еді. Бұл отандық тауар өндірушілерге ғана емес, маған да үлкен мүмкіндік берді. Сол кезде мен «ЕХРО-2017» Ұлттық компаниясында жұмыс істеп жүрген кезім еді. Иссапармен шетелге барып, ЭКСПО-ның не екенін, оның мақсаты не екенін түсіндім. Өйткені, бұл мәселе менің өзімді де қызықтырды. Халықтың арасында «Сол ЭКСПО-ның қажеті қанша? Бізге не керекі бар?» — деген сияқты әңгімелер айтылып қалады. Өзім үшін бұл сауалдарға жауап таптым. Енді оны елге көрсету үшін, елде шығатын барлық өнімдерді бір жерге жинайтын орын болуы керек. Ол қысы-жазы жұмыс істеп тұратын көрме әрі жәрмеңке түрінде болуы керек деген ой келді... Былтыр қантардан бастап қазан айына дейін, Миланда ЭКСПО-2015 көрмесі өтіп жатты. Оның тақырыбы,



«Адамзатты тамақтандыру». Осы көрмеде әлемнің 144 елі тамақтандыруға байланысты өзінің ұсынысын жасады. Соның ішінде еліміз де болды. Біздегі бар

азық-түліктің барлық түрі сол көрмеге қойылды. Міне, мен сол көрменің жалпы тақырыбын алдым да, оны біздің елде жүзеге асырып көруге тәуекел еттік. Ол үшін отандық тауар өндірушілермен етене танысу керек болды. Біртіндеп тауар өндірушілермен танысып, осы Халық маркасын жүзеге асыруды қолға алдым. — «Халық маркасы» деген атау мына көрші Ресейде де бар. Сіздікі қайталау емес пе? — Қайталауда тұрған не бар? Иә, Ресейде «Народная марка», Беларусьта да дәл солай аталады екен. Нақты жұмыс істеп тұрған жоба. Олай болса, одан неге қашуымыз керек? Мен де дәл солай «Халық маркасы» деп атадым. Солай тіркедім. Арнайы «Халық маркасы» деген белгісін бекіттірдім. Осындай атаумен арнайы сайт аштық. Сол сайт арқылы электрондық байқау жарияладым. — Ол не байқау? Кімдердің арасында өткен байқау? — Бұл отандық тауар өндірушілер арасында өткен байқау. Сайтқа өзімізде

Римма ТӘЖІБАЕВА:

Отандық өнім импорттан кем түспейді

шығатын 30 түрлі азық-түлікті тіркеп, ашық дауыс беруге қойдық. Осы арқылы танылмай жатқан өнімдерді халыққа танытамыз деген ой болды. Мен басында ойлағам ары кеткенде 30-40 тауар өндіруші ғана қатысатын шығар, деп, сөйтсем, дауыс беруге 70 отандық марка қатысты. Сол онлайн-тіркеуде отырып-ақ, бәрімен таныстым. Бәрін бірдей аралап шығудың мүмкіндігі болмады. Менін осы идеямның оларға қозғау салғаны сондай, өздерінің аймағында, дистрибьюторлары арқылы халықпен жұмыс істей бастады. Біз үшін осындай сайт арқылы дауыс беріңіздер деп, өздерінің өнімін жарнамалай бастады, көбірек дауыс жинау үшін. Өндірушіні өз тауарын өзі жарнамалай бастады. Бұрын олар тек өндіріспен айналысып, халық арасында өз тауарын жарнамаламайтын. Қыруар қаржы төлеп, жылына 2-3 рет телеарналарға шығып

жұмыс барысында қазақстандық өнімнің ешқайсысы да, шетелдік өнімнен бір мысқал да кем емес екеніне көзім жетті. — Қазір әр компания өз өнімін қалайда жарнамалауға толық мүмкіндігі бар. Телеарна, газет, журнал, радио дегендер



жетіп жатыр. Тіпті әлеуметтік желі арқылы да жарнамалап жатыр. Сіздің жобаныз басы артық, кезекті бір «ауыз» болмай ма? Неге олар сізге сенуі керек?

Сатушыны да, кенесшіні де біз өзіміз беріп отырмыз. Қайсысы тиімді, өзіңіз айтыңызшы? 15 млн тенге төлеп, жарты минут жарнамалаған жөн бе, 1 жыл бойы көрмеге қойып әрі сатып пайда тапқан дұрыс па? Сондықтан, Халық маркасы сіз айтқандай артық ауыз емес. — Иә, бұдан басқа осы жылы Қандай шаруа атқарылды? — Жаңа айттым, әр кәсіпкерге 6 шаршы метрден 100 шаршы метрге дейін алаң тегін берілді. — Тегін емес қой, 300 мың тенге төледі... — 15 млн теңгенің қасында, 1 жылға 300 мың тенге деген су тегін емес пе?... Қазір бізде 5 мың шаршы метр алаң бар. Олардың сала салаға бөліп тастадық. шеберлер паркіне — 1000 шаршы, үй жабдықтарына — 2000 шаршы, жеңіл

өнеркәсіпке — 1500 шаршы және азық-түлікке — 1000 шаршыдан астам алаң бердік. Яғни мен кәсіпкер ретінде өзімнің әріптестерімді сендіре білдім. Олармен тығыз қарым-қатынас орната алдым деп ойлаймын. Бұл маған да, оларға да өте тиімді жоба болды. Біздің биылғы атқарған жұмысымыз өте ауқымды. Осы жұмыстарымызды қорытындылап — әрі ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орайластырып, журналистердің арасында «Самғау» деген байқау ұйымдастырып жатырмыз. Бұл конкурстың басты мақсаты — Халық маркасы белгісін алған, таңдаулы отандық тауар өндірушілерді елге таныту, халыққа отандық өнімді насихаттау. Бұл байқаудың қоры қомақты — 10 млн тенге. Оның 5 млн 7 номинация бойынша жүлдеге қол жеткізгендер сыйлық алады.

— Бұл өзі ұзақ мерзімді жоба ма? — Бұл расында ұзақ мерзімді жоба. Келесі жылы ЭКСПО-ға ұлттық брендімізбен кіреміз деп отырмыз. Яғни соған дейін өзіміздің ен озық тауарымызды айқындаймыз. Шетелдіктерге ұялмай ұсынатын өнімімізді белгілейміз. Сосын, аймақтардың халық маркасы белгісін шығармақпыз. Яғни әр өңірдің өзінің ерекше өнімдері бар. Олар да қажет. Яғни «Павлодар маркасы», «Шымкент маркасы», «Тараз маркасы» деген сияқты өңірлердің өнімін насихаттауға кіріспекпіз.

— Отандық өнімнің жүгін өрге сүйреп жатыр екенсіз. Ал осы отандық өнімді өзіңіз тұтынасыз ба, отбасыңыз тұтына ма? — Әрине. Сенбесеніздер, барып көрулеріңізге болады. Менің және менің отбасымның тұтынатын азық-түліктен бастап, киім-кешек, жиһаз бәрі де отандық. Биыл мысалы үйімізге шағын жөндеу жасадық. Сонда бояуларды, тұсқағаздарды, линолеум, цемент, кірпіш тағы басқа қажеттінін бәрін өзіміздің тауар өндірушілерден алдық. Бұндай үлкен, ауқымды шараға кіріскенде бірінші кезекте адам өзінен бастауы керек деп ойлаймын. Әуелі өзіңді, өзіңнің айналадағыларды соған сендіріп, көндіріп алу керек. Содан кейін, халықпен жұмыс істеуге болады. Қазір мен осы қағида бойынша айналады түгелдей қазақстандық өнімге үгіттеп болдым. Енді отандық өнімді жарнамалаудамын. — Сұрақтарыма ашық жауап бергеніңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Дәулетхан ЖИЕНҚҰЛОВ

Әлеуметтік салаға қамқорлық

Ақтөбе облысына Ұлттық қордан әлеуметтік саладағы мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруға 24 миллиардтан астам теңге бөлінді.



Ақтөбе облысының әкімдігінде өңір басшысы Бердібек Сапарбаевтың төрағалығымен өткен жиналыста мемлекеттік және үкіметтік бағдарларды, соның ішінде «Нұрлы жол», «ЖЖК-2020» бағдарламаларын жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Ақтөбе облысының қаржы басқармасының басшысы Алтын Дәулетова 2016 жылы өңірге Ұлттық қордан 24 миллиардтан астам теңге бөлінгендігін хабарлады. — «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша 65 жобаны жүзеге асыру үшін 18 млрд теңге бөлінді, соның ішінде білім саласының әлеуметтік құрылымын дамыту аясында 10 нысанның құрылысы жоспарланып отыр. «Нұр Ақтөбе» шағын ауданындағы 1200 орындық, Заречный-3 ауылындағы 600 орындық, Кіріпшіті ауылындағы 320 орындық орта мектептер, Қарғалы ауылындағы 320 орындық балабақша пайдалануға берілсе, Мұғалжар ауданының Қандыағаш қаласындағы 600 орындық, «Батыс-2» тұрғын үй алабындағы 320 және 600 орындық, Нокин ауылындағы 320 орындық, Сазлы ауылындағы 600 орындық мектептер кіретін 5 нысанның құрылысы 2017 жылы аяқталмақ. Сонымен қатар «Батыс» шағынауданындағы 320 орындық балабақшаның құрылысы жүргізілуде, — дейді ол.

Құны 8,6 млрд теңге тұратын 39 жобаны жүзеге асыру инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарды дамытып, орналастыруға мүмкіндік береді, тағы 4 млрд теңге жылумен, сумен жабдықтау және су тарту жүйелерін қалпына келтіру бойынша 13 жобаға бөлінді. Облыс әкімінің баспасөз қызметінен хабарлағандай, «ЖЖК-2020» бағдарламасы бойынша өндірістік инфрақұрылымдарды дамыту аясында жалпы құны 2 млрд теңге болатын 3 нысанның құрылысы жоспарланды. «ЖЖК-2020» бағдарламасы бойынша 6 178,4 млн теңге бөлінді, бұл қаржыға еңбек жастарына арналған жатақхананың құрылысы басталды, 112 әлеуметтік нысанның ағымдық және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. — Ұлттық қордан «Нұрлы жол», «ЖЖК-2020» мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру үшін бөлінген қаржыны игеру мәселесі үнемі бақылауда болуы тиіс. Біз әрбір мемлекеттік бағдарламаны барынша тиімді пайдалануымыз керек, — деді облыс әкімі мемлкеттік органдардың басшылары мен аудан әкімдеріне қарата айтқан сөзінде.

Инвестиция тартуда көш ілгері

Ақтөбе облысы шетелден инвестиция тарту жөнінен Астана мен Алматы қалаларын басып озды. Бұл туралы «Ақтөбе ақпарат» орталығында өткен баспасөз маслихатында облыстық индустриалды-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Дархан Ермағамбетов мәлімдеді.



Сонғы 5 жылда өңірге салынған инвестиция көлемі 12,6 млрд АҚШ долларын құрап отыр. Оның 36% немесе 4,7 млрд АҚШ доллары шетелдік инвестициялардың үлесіне тиесілі. 5 жылдың қорытындысына сәйкес, шетелдік инвестициялар тарту бойынша елімізде Ақтөбе облысы Атыраудан кейін екінші орынды иеленді. Яғни Астана және Алматы қалаларын басып озды. Өңірдің негізгі инвесторларының қатарында Қытай, Ресей, Оңтүстік Корея, Түркия елдерін атап өтуге болады. — Бүгінде облыста шетелдік капиталдың қаржыландыруымен 700-ден астам кәсіпорынның жұмысы қарқында. Олар CNPC мұнай және газ корпорациясы, Еуразиялық топ (ERG), Орыс мыс компаниясы, сондай-ақ Оңтүстік Корея, Түркия және басқа да инвесторлар. Бұл біздің инвесторлар үшін барлық жағдайдың жасалып жатқандығының дәлелі мен олардың әл-ауқатын жақсарту мақсатында атқарылып жатқан жұмыстардың жемісі, — деді Дархан Ермағамбетов. Айта кетейік үстіміздегі жылдың қыркүйек айында «AKTOBE INVEST-2016» IV халықаралық инвестициялық форумы өтті. Форум аясында инвестициялық жобаларды іске асыру бағытында 152,4 млн АҚШ доллары сомасына 14 меморандумға және 2 шартқа қол қойылған болатын.

Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе

Солтүстік Кореяның астанасы Сеул қаласында Махмұт Қасымбековтің корей тілінде жарық көрген «Нұрсұлтан Назарбаев. Өмірбаян» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі болып өтті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Іс-шара Кореяның байырғы жоғары оқу орындарының бірі — Ёнсе университетінде өтті. 1885 жылы ашылған бұл білім ордасы осы елдегі үш жетекші университеттердің қатарына кіреді. Оның құрамында 17 колледж, 121 факультет және 18 зерттеу институты бар. Ёнседе 50 мыңнан астам студент білім алады. Тұсаукесерге еліміз тарапынан кітаптың авторы Махмұт Қасымбеков, Қазақстанның Кореядағы


Корей тілінде жарық көрді



депутаты Аскар Бейсенбаев, Президент Кеңесі басшысының орынбасары Бақытжан Темірболат, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалымқайыр Мұтанов, Қазақстандағы корейлер қауымдастығының вице-президенті Герман Ким қатысты. Ал Корея тарапынан Ёнсе университетінің президенті Ким Йонг Хак, «Синчхон Северанс» клиникасының

Төтенше және өкілетті елшісі Дулат Бақышев, Парламент Сенатының

бас директоры Ли Бён Сок, Чонджу университетінің президенті Хан Янг Су, Корея коршаған орта қауымдастығының президенті



Чой Бюн Вхань, Ёнсе университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер, сарапшылар, журналистер тұсаукесерге келді. Қазақстан Президенті туралы өмірбаяндық кітап бұдан бұрын



казак, орыс, ағылшын, араб, неміс, венгр, серб тілдерінде жарық көрген болатын. Бұл кітапты Н.Назарбаевтың өмірі мен қызметін ресми тарихи-ғұмырнамалық зерттеудің алғашқы тәжірибесі деуге болады. Мұнда оның қарапайым ауылдағы жасөспірім кезінен бастап, ұлт көшбасшысына дейінгі өмір жолы баяндалады.

Кітапта Н.Назарбаевтың саяси өмірбаянына көңіл бөлінген. Ол Қазақстанның XX-XXI ғасырлар аралығындағы дамуы кезінде болып өткен күрделі кезең мен тосын оқиғаларды қамтиды. Аукымды мұрағат материалдарының негізінде әзірленген өмірбаян Қазақстанның ең бертінгі тарихы бойынша елеулі құжаттама көзі болып табылады. Кітапта фотосурет, жеке құжаттардың түпнұсқаларымен теңдес көшірмелерді алғаш рет ұсынылады.

Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан Америкадағы сайлауда жеңіске жеткен Дональд Трампты құттықтады. Мемлекет басшысы екі ел арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағанына 25 жыл толатынын атап өтті.

«Сіздің басшылығыңызбен Америка Құрама Штаттары дүние жүзінде тұрақтылықты, қауіпсіздікті сақтау және өсіп-өркендеу жолында тірек болып қала беретініне сенімдімін», — делінген жеделхатта.

Елбасы Қазақстанның 2017–2018 жылдарда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүше болуы АҚШ-пен арадағы серіктестіктің маңызды кезеңіне айналатынына сенім білдірді. Президент «Біз Кеңес жұмысына елеулі үлес қосып, АҚШ-пен барлық өзекті мәселелер бойынша өзара тиімді іс-қимыл жасауға әзірміз», — деді.

Әлемдегі алпауыт мемлекеттің ұстанымы саяси аренамен қатар, экономикада көкейкесті мәнге ие. Содан болар, сәрсенбі Ұлттық Банк

сияқты алып кеніштерде аса ірі жобаларды іске асырғаны баршаға белгілі. Шетелдік инвестицияның ел экономикасының нығаюына, Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына зор үлес қосты. Міне, сондықтан

Ақ үйде өзара тиімді экономикалық және саяси қарым-қатынасты қолдайтын биліктің болуы Қазақстан үшін аса маңызды фактор.

Сәрсенбі күні АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Джордж Кролл да мәлімдеме жасады. Ол АҚШ пен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас өзара сыйластық пен мүддеге



тарихындағы жаңа кезең басталатынын айта келе, «Сол күні біз өзіміздің стратегиялық серіктесіміз Қазақстанмен де ынтымақтастығымызды өркендетіп, тереңдетуге ұмтыламыз» — деді.

Трамппың сайлаудан кейінгі алғашқы лебізін күллі дүние демін ішіне тарта тыңдады. Ол бұрынғыдай әнтек пікір

енгізу секілді экономикалық мәселелерді шешуге күш салатынын мәлімдеді. Оның сайлау науқанындағы Make America Great Again, яғни «Американы қайтадан ұлы елге айналдырамыз» деген ұраны қалай жүзеге асатынын уақыт көрсетеді. Айта кету керек, американдық сайлаушылардың басым бөлігі мемлекеттің



Трамппен тұтас әлем

төрағасына Америкадағы сайлаудың нәтижесі теңгеге қалай ықпал етеді? — деген сауал қойылды. Данияр Ақышев оның *(сайлау)* ұлттық валютаға айтарлықтай әсер етпейтінін мәлімдеді. Ол «Біз басқа факторларға қарайлаймыз. Жаңа биліктің келуі қайсыбір салаға әсер етуі мүмкін» дейді. Бас банкир дауыс беру қорытындысы жариялана бастаған сәтте баррелі 44 долларға дейін арзандаған мұнайды (Brent) мензесе керек. Дейтұрғанмен, ғаламдық биржалар тез ес жыды. Сол күні кешке қарай біраз уақыттан бері құлдылап келе жатқан «қара алтын» 46 долларға дейін қымбаттады. Лә-шала біздің теңге де күшейді. Мұнай демекші, Трамп сайлау науқаны барысында Америкадағы қоры мол қара май кеніштерін игеру қажеттігін айтты. Бұл ниеті іске асып жатса, ғаламдық нарықтағы бағаға ықпал етері анық. Еліміздің американдық инвестиция арқылы Теніз, Қарашығанақ және Қашаған

арқа сүйеп, нығая беретініне сенім білдірді. Елші Қазақстан тәуелсіздік алған 25 жылдан бері осы екі тұғырдың қос мемлекетті бір-бірімен байланыстырып тұрғанын атап өтті. Америка Конституциясы бойынша 2017 жылғы 20 қантарда



Дж. Кролл

Дональд Трамппың Америка Құрама Штаттарының 45-ші президенті болып сайлауына орай ұлықтау рәсімі өтеді. Дж. Кролл дәл осы күні Американың

айтып, ұшқары сөйлемеді. Бұл жолғы сөз салмақты, байламы байыпты. Барлық американдықтың президенті болатынын мәлімдеді. Өзіне дауыс бермегеннің демеуіне жүгінбекші. Халықты бірлік пен берекеге шақырды.

Өйтпеске тағы болмайды. Хабар-ошар құралдары сайлаудың нәтижесіне көңілі толмаған әлдекімдердің Калифорнияда «Calexit» деп ұрандатқанын хабарлады. Бұл штат экономикасының әлеуеті жөнінен әлемде алтыншы орында тұр. Өңірдің Америка үшін қаншалықты маңызды екенін осыдан-ақ көруге болады. Жаңа президент жол салу, аурухана санын

көбейту сияқты әлеуметтік түйіндерді, жалпы ішкі өнім көлемін өсіру, жаңа жұмыс орындарын ашу, импортты алмастыру, салық жеңілдігін

беделін өсіруге, елдің ішкі мәселесін шешуге көбірек көңіл бөлген үміткерді қолдады. Ендігі жерде олардың сенімі мен үмітін ақтау керек. Бұл оңай шаруа емес. АҚШ-тың мемлекеттік қарызы 20 трлн долларға жакындап қалды.

Жұрттың табысы 2007 жылғы дағдарысқа дейінгі деңгейге әлі жете қойған жоқ. Дегенмен, ғылым мен технологияның соңғы жетістігіне арқа сүйейтін американың экономикасы өсу қарқынын арттырып келеді.

Бәзбір сарапшылар АҚШ-тың сыртқы саясаты түбегейлі өзгереді деген пікірде. Дональд Трамп американың мүддесін басты назарда ұстап, бөрімен өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынас орнататынын мәлімдеді. Мұны ғаламдық қауымдастық жылы қабылдады. Өйткені, күллі дүниеде бейбітшілік пен тұрақтылықтың үстем болуында Американың ұстанымы елеулі рөл атқаратыны мәлім.

Талап ТІЛЕГЕН

Электрондық үкіметтің өрісі кеңейеді

Еліміз Оңтүстік Кореямен бірлесіп, E-Gov-ты дамытатын болады. Осы аптада Пусан қаласында (Корея) «2016 Government 3.0 Global Forum» атты электрондық үкіметтің жаһандық форумы өтті. Онда ақпараттық коммуникациялар технологиясы (АКТ) саласындағы ведомствалардың басшылары, халықаралық ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ шамамен 15 елден әлемнің жетекші ғалымдары қатысты.

Қазақстанның ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев Кореяға жұмыс сапары шеңберінде аталған форумға қатысты. Бұл туралы аталған ведомстваның баспасөз қызметі хабарлады.

Іс-шара мемлекеттік қызметте инновацияны енгізуге қатысты түрлі мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді және осы мәселелерде жетекші орынға ие болып отырған елдердің тәжірибесін қабылдауға көмектеседі. Кореяның үкіметтік әкімшілігі және ішкі істер министрлігі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) мен мемлекеттік басқару саласындағы БҰҰ жобаларының орталығы (UNPOG) форумның ұйымдастырушылары болып табылады. Форумның салтанатты ашылуында ЭЫДҰ мемлекеттік хатшысының орынбасары Мари Кивиниеми сөз сөйледі. Аталған форумның шеңберінде Қазақстанның ақпарат және коммуникациялар министрлігі мен Кореяның мемлекеттік басқару және ішкі істер министрлігі арасында электрондық үкімет саласында ынтымақтастық туралы өзара түсіністік жөнінде меморандумға қол қойылды. Аталған меморандум ақпараттық-коммуникациялық салада Кореямен серіктестік қатынастарда жаңа қадам болу тиіс. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда болжамды мақсаттарға қол жеткізуге

жәрдемдесу қажет. Сондай-ақ тәжірибемен алмасуға, инвестиция тартуға, АКТ жобаларын іске асыруда консультациялық қолдау көрсетуге ықпал көрсетуі қажет.

Құжатқа қол қою кезінде тараптар АКТ саласында халықаралық ынтымақтастықтың үлкен әлеует екенін атап өтті. Сондай-ақ әрі қарай бірлескен жұмыстың тереңдетілуіне қызығушылық білдірді. Рәсімнің қорытындысы бойынша министр Дәурен Абаев өзінің



әріптесін ресми сапармен елімізге келуге шақырды.

Бұдан басқа, форум алаңында министр Ұлттық Банкінің АКТ жобаларының басшысы Джейн Трейдвэлмен кездесті. Онда ынтымақтастықтың ағымдағы мәселесі, сондай-ақ одан әрі өзара іс-қимылдың келешегі талқыланды.

Сонымен қатар Кореяға сапар шеңберінде министрлік пен «Зерде» холдингі делегациясының Korea Expressway Corporation және ISAN Corporation компанияларымен жұмыс кездесуі өткізілді. Қазақстандық тарапқа Smart highway бойынша шешімдер таныстырылды. Оңтүстік Кореяның барлық автомагистралін қамтитын, кешенді ақылды жүйеге интеграциялаудың техникалық шешімдері мен мүмкіндіктері егжей-тегжейлі көрсетілді. Кездесудің қорытындысы бойынша елімізден барған делегация аталған компанияларды «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жобаларды іске асыруға шақырды.

Түркиядағы көрмеде жүлде алды

30 қазанда Түркияның Анталия қаласында аяқталған халықаралық ботаникалық көрмеде біздің павильон 54 мемлекеттің ішінен үшінші орын алды. Түркияда алты ай бойы өткен World Botanic

кітапқа» енгізілген сирек кездесетін және жойылып бара жатқан сегіз өсімдік түрін көре алды.

Әлемдегі ең үлкен көрменің өсімдіктерден жасалған үздік павильонын тандау кезіндегі



EXPO-2016 халықаралық мамандандырылған көрмесінде біздің павильон бақша экстерьері мен интерьерін жасау номинациясында үшінші орын алды. Көрме барысында біздің павильонды 75 елдің өкілі тамашалаған.

Ондағы экспонаттар білім және ғылым министрлігі ғылым комитеті жанындағы ботаника және фитинтродукция институтымен әзірленіп, ұсынылған.

Павильон қонақтары палеоботаникалық үлгілер жиынтығы түрінде жасалған еліміздің флорасының тарихымен танысып, «Қызыл

басты талабы павильонның көрме тақырыбына сай болуы. Нақтырақ айтқанда, тарихын, биологиялық әралуандылығын сақтау, тұрақты даму мен «жасыл қала» болды. Марапаттау салтанатында сөз сөйлеген «Антия EXPO 2016» ұйымдастыру комитетінің төрағасы, Түркияның

азық-түлік, ауыл және мал шаруашылығы министрі Фарук Челиктің атап өтуінше, 191 күннің ішінде көрмеге 4,5 миллионнан аса жергілікті және шетелдік қонақ келген. Кейбір күндері келушілер саны 70 мыңнан асқан.

«Антия EXPO 2016» халықаралық ботаникалық көрмесі өз жұмысын 22 сәуірде бастаған болатын. Көрме философиясы — «Болашақ ұрпақтың жасыл әлемі», басты тақырыбы — «Гүлдер мен балалар».

Көрме аумағы 120 гектар аумақты қамтыды. Онда 54 мемлекеттің павильоны жұмыс істеді.

6 АЙМАҚ

www.jasqazaq.kz

— Болат Ерсайынұлы, алдымен, агроөндірістегі басты көрсеткіштерді атап, атакәсіп мал шаруашылығының жағдайына тоқталсаңыз?

— Маңғыстау облысы бойынша ауыл шаруашылығының ішкі өнімінің көлемі өткен жылы 11 683,7 млн теңгені құрап, 2014 жылмен салыстырғанда 29,1 пайызға артты. Ағымдағы жылдың 9 айындағы көрсеткіш —7044,1 млн теңге. Сондай-ақ осы кезеңде ауыл шаруашылығының нақты көлем индексі —87,7 пайызды құраса, мал шаруашылығының нақты көлем индексі — 91,7пайыз, егін шаруашылығында —70,9 пайыз болды. Шаруа қожалықтарының иелері бағып отырған түліктерін мал басын бірдейлендіру базасына енгізбегендіктен, аталған көрсеткіш нақты емес. Шаруалар малды таңбалау, чиптеу, сырғалау жұмыстарына салғырт қарайды. Бірдейлендіру жұмыстары өте төмен деңгейде болғандықтан, жылдың ортасында ауыл шаруашылығы басқармасының мамандары аудандарға, ауылдарға барып, шаруаларға бірдейлендірудің артықшылықтарын түсіндірді. Негізгі — шаруаларда мал көп. Халықтың санасында мал санын нақты көрсетсе, салық салынады деген Кеңес Одағы кезіндегі қағида қалыптасып қалған. Шаруа еңбеккерлеріне айтарым, осы жаңсақ пікірден арылып, мал санының нақты есебін шығаруға атсалысайық.

Ауыл шаруашылығында ілгерілеу бар

Аудан, ауыл әкімдері бір жағадан бас, бір женнен қол шығарып, бел шеше кіріспесе, бұл іс алға баспайды.

Аймақта 2014 жылы — 1128, 2015 жылы — 1160 шаруа қожалығы болса, 2016 жылы оның саны 1280-ге жетті. Тәуелсіздік алған жылы 329281 бас қой-ешкі, 34007 бас түйе, 39336 жылқы болды. Шаруа қожалығының иесі қолындағы малын бірдейлендіру базасына енгізетін болса, мемлекет тарапынан малға дәрігерлік қызмет тегін көрсетіліп, жем-шөп сатып алуға субсидия бөлініп, сүтіне, етіне жылына бір рет қайтарылмайтын көмек беріледі. Егер де базаға тіркетпесе, бұл көмек түрлері көрсетілмейді және өнімді де есепке алынбайды. Бұл жағдай ауыл шаруашылығының дамуына кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар егер шаруа мемлекеттен лизингке техника алғысы келсе, қажетті құжаттарды жинап, тапсырады. «Қазагромеркетинг» АҚ тексеру кезінде бірдейлендіру базасы мен құжатта мал санынан айырмашылық болса, шаруа мемлекеттің көмегінен қағыс қалады.

Ағымдағы жылдың 9 айында өлкемізде мүйізді ірі қара саны —15292 бас болып, 2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 62 басқа, жылқы — 61519-ді көрсетіп, 1114 басқа артса, түйе саны 53350-ге дейін көбейді. Ал қой мен ешкі 373470 бас болса, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4468 басқа кеміді. Себебі қойды мал басын бірдейлендіру базасына енгізу деңгейі төмен, 2013-2014 жылдары орын алған қуаншылық салдары және шопан ата тұқымын өсірудің шығыны көп болуына байланысты шаруалар жылқы және түйе малын көптеп өсіруге ден қойып отыр.

Сапалы да мол өнім өндіру көзі болып табылатын асылтұқымды мал шаруашылығымен айналысуға қызығушылық танытқан шаруалардың қатары артып келеді. Мәселен, 2014 жылы — 21, 2015 жылы — 26 шаруашылық болса, бүгінгі таңда 36 шаруашылық жұмыс жасайды. Атап айтсақ, оның 21-і жылқы, 10-ы түйе, 1-еуі қой, 1-еуі қазықтың ақ бас сиырын өсіруге маманданған. Қысқы мал азығын дайындау мақсатында өткен жылы 48 мың тонна шөп шабылып, көрсеткіш 106 пайызға орындалды. Биыл 50 мың тонна шөп дайындауды межелеген болсақ, қазіргі таңда



соның 49 мың тоннасы шабылды. Өткен жылы және биыл облыстағы 54 шаруашылықтың 4,5 мың ірі қарасы мен 30 мың ұсақ малы ойдағы жайылымды қысқа сақтау мақсатында Үстіртке шықты.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық көшін алға сүйрейтін ауыл шаруашылығы саласында биыл қандай жұмыстар жасалды? Ауыл шаруашылығын алға бастырудың жолы қандай? Жетекші салада қандай өзекті мәселелер бар? Агроөнеркәсіптің салмағын саралап көрмекке, салада атқарылып жатқан жұмыстардан халықты хабардар етпекке Маңғыстау облысы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Болат Ерсайынұлымен сұхбаттасқан едік.

Облыстағы бірден-бір ең ірі шаруашылық «Сенек» ЖШС-нің мемлекеттен алатын көмегі жыл сайын артқанымен, мал басының саны кеміп барады. 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы ұсақ мал 1945 басқа, жылқы 82 басқа кемісе, 2016 жылдың 9 айында түйе 5042 басқа, жылқы 50 басқа кеміді. Аталмыш серіктестікке мемлекет тарапынан 2014 жылы — 3 178,5 мың, 2015 жылы — 5 109,2 мың, 2016 жылы 1 365,4 мың теңге субсидия берілді.

— Ауылда өндірілген өнімді өңдеу, табыс көзіне айналдыруға қол жеткізу мәселесі қалай



Шалғайдағы шаруашылықтарды тек көзімен қамту мақсатында «I.Zhe» отандық компаниясы шығарған 8 күн мен желден қуат алатын гибридіт модульдік құрылғы Жаңаөзен қаласына және Бейнеу, Маңғыстау аудандарына қарасты шаруа қожалықтарына құрылды. «Маңғыстауагросервис» арқылы биыл 100 млн теңгеге шаруаларға шөп тайлағыш, шөп шапқыш, тирма, құрал-жабдықтар және өзге де арнаулы техникалар алып беру жоспарланған. 2016 жылдың қаңтарында қабылданған «Ауыл шаруашылығы кооперативі туралы»



занның негізінде наурыз айында «Болашақ», қыркүйек айында «Бейнеу» ауыл шаруашылығы кооперативтері құрылды. «Болашақ» кооперативі ауыл-аймақтардан сүт, ет, жүн, ал Бейнеу сервистік орталығының негізінде құрылған «Бейнеу» кооперативі ет жинап, өңдеушілерге өткізуді жоспарлап отыр. Қазіргі таңда облысымыздағы «Акнек», «Ақтау сүт», «Милана Фуд» Ресей және Беларусь елдерінен құрғақ сүт әкеліп, өнім өндіретін болса, Приозерныйдағы «Сұлтан» ЖШС және Бейнеудегі сүт өңдеу зауыты жергілікті сүтті жинап, өңдейтін пункт ашты.

Қыркүйек айында «Құрық құрылыс сервис» ЖШС польшалық технологиямен жабдықталған, бір ауысымда 25 ірі қара және 60 қой союға қауқарлы мал сою зауытын салды. Келешекте ет өнімдерін дайындайтын бұл зауыт Ақтөбе облысындағы мал бордақылайтын ірі кәсіпорынымен және жергілікті шаруашылықтармен жұмыс жасайды. Ақтау қаласында жеке кәсіпкер С.Жақсымбетов өз қаражатына мал сою пунктін салды. Кәсіпкерді қолдау бағытында біздің басқармаға қарасты «Маңғыстауагросервис» ЖШС арқылы 200 бас ірі қара мал сатып алып беру жоспарланып, қазіргі таңда Орал өңірінен 30 бас ірі қара мал алынды.

Бүгінгі таңда Маңғыстау ауданында «Қинах-Шопан» ЖШС шаруа қожалықтарынан және халықтан ет жинап, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-на ет өнімдерін тапсырып отыр.

Облыс әкімі А.Айдарбаевтың келісімімен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы жергілікті бюджеттен қаржыландыру арқылы келесі жылы үш жобаны жоспарлап отыр. Атап айтсақ, «Каспий» ӘКК»ҰҚ» АҚ-мен бірлесіп, Мұнайлы ауданының Басқұдық селосында «Сыйымдылығы 5000 тонналық көкөніс қоймасының құрылысын салу», «Таушық ауыл шаруашылығы» ЖШС-мен «Сүтті түйе шаруашылығын құру», Түпқараған ауданында «Бекіре тұқымдас балықтар өсіру кешенін құру» жобаларын іске асыру мақсатында келер жылы жергілікті бюджеттен 1 млрд 449 млн теңге қаражат сұралды. Сонымен бірге «АқтауАгро» ЖШС құс фермасы құрылысын бастады. «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы қаржыландырылатын кәсіпорын жылына 2200 тонна құс етін өндіреді.

Маңғыстау облысында алғаш рет Бейнеуде астық терминалының жанынан соя және рапс майын өндіретін цех ашу жоспарланып, құжаттары дайындалуда. Қуаттылығы — жылына 1 млн тонна май өндіретін кәсіпті ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты «ҚазАгроҚаржы» қаржыландырады. 27,5 млрд теңге болатын жобаның құрылысы келесі жылы басталып, 5,5 млрд теңгесін кәсіпорын, 22 млн теңгесін «ҚазАгроҚаржы» төлейді.

Жуырда Маңғыстау облысы әкімдігінде өңірімізде пайдалы қазбаларды игеру және барлауды дамыту мәселелері бойынша кеңес өтті. Жиынға инвестициялар және даму министрлігінің жер қойнауын пайдалану және геология комитетінің төрағасы Базарбай Нұрабаев және осы министрліктің жер қойнауын пайдалану департаментінің бас сарапшысы Мәдина Қапенова, облыс әкімі Алик Айдарбаев, оның орынбасарлары және тиісті мемлекеттік мекеме басшылары қатысты.

Жер қойнауын пайдалану және геология комитетінің төрағасы Базарбай Қанайұлының айтуынша, Маңғыстау облысының аумағында мырыш-молибден, темір, марганец, целестина-барит рудалары, минералды тұз, фосфорит, көмір және өзге де сирек кездесетін рудалардың кен орындары бар. Облыс әкімі Алик Айдарбаев «Біздің облысымыз қатты пайдалы қазбалардың кен орындары қоры бойынша қошбасшы өңір емес. Дегенмен, аймағымызда қатты пайдалы қазбалардың зерттелмеген кен орындары бар. Сондықтан да өлкеде

— Егін шаруашылығындағы екіпінді істерді шолып өтсеңіз?

— Облысымызда 118 шаруа қожалығы егін шаруашылығымен айналысады. Олардың дені Қаракия ауданының Қызылқұм, Түпқараған ауданының Сәубет, Маңғыстау ауданының Жыңғылды, Көгез және Жаңаөзеннің



Төңірекшіні жерінде орналасқан. Аймақта егін шаруашылығы көкөніс және бақшалық өнімдер егуге бағытталған. Өткен жылы 141 млн теңге бөлінсе, биыл 174 млн теңге бөлінді. 2015 жылы 13000 тонна, ағымдағы жылдың 9 айында 12200 тонна көкөніс және бақша өнімдері (қауын, қарбыз, қызынақ, қияр) өндірілді.

Егін шаруашылығында жанар-жағармай және басқа да материалдық құндылықтардың құнын арзандату, жылыжайларда көкөніс өсіру, минералдық тыңайтқыштардың құнын арзандату, сумен қамтамасыз ету бағыттары бойынша жүргізіледі. Өлкемізде егін шаруашылығында қолданыста 1087 гектар болса, оның 893,5 гектары тамшылата суару әдісін пайдаланады. Аймақта 5,8 гектар өнеркәсіп типтегі 3 жылыжай (Ақтау, Түпқараған, Жаңаөзен) және 3,2 гектар фермерлік типтегі 9 жылыжай бар.

Өңірімізде Жыңғылды, Сәубет, Қызылқұм жерлерінде өте көп мөлшерде жерасты суы көздері бар. Жылдың төрт мезгілінде халықты үздіксіз көкөніспен қамту бағытында аталған жерде жылыжай салуға ұсыныс беріліп, газ тарту мәселесін қарастырудамыз. Сәубет пен Жыңғылдыда газ құбыры жақын жерден өтіп жатса, Қаракияда



30 шақырым жерден газ тарту керек. Аудан әкімдеріне бұл жөнінде тапсырма беріліп, жобалық-сметалық құжаттамалар жасакталуда. Егер кәсіпкер ауыл шаруашылығы мақсатында

Жер қойнауын игереді



пайдалы қазбалардың қорын анықтау мақсатында ізденуіміз керек. Бұл бағытта «Каспий» ӘКК» ҰҚ стратегиялық әріптестіктік орнату, инвесторларды тарту жұмыстарын атқарады», — деді.

Кеңес барысында жиналғандарды «Каспий» ӘКК» ҰҚ» АҚ төрағасы Ибрагим Тағашев «Айт-Көкше» марганец рудасы, «Ащысор», «Жаманайрақты», «Жана әулие» минералды тұзды кен орындарындағы геологиялық барлау жұмыстарынан хабарлар етті. Сондай-ақ «Техногран-Ақтөбе» ЖШС құрылтайшысы Тілеуқабыл Абдулин қуаты

жылына 3 мың тонна болатын катодты мыс шығаруға қауқарлы зауыттың жобасын таныстырды.

Кеңес кезінде аймақта пайдалы қазбаларды игеру және барлауды дамыту мәселелері талқыланып, бірқатар басшыларға тапсырма берілді. Облыс әкімі Алик Серікұлы аймақта бұрын-соңды іске аспаған бұл жобаға жетекшілік етуді орынбасары Рақымбек Әміржановқа жүктеп, жұмыс тобын құруды және кездесетін кедергілерді шешуді тапсырды.

Суреттерді түсірген Серік МАЙМЕРОВ

ғимарат салып, заңға сәйкес қажетті құжаттарын әкелсе, салынған инвестицияның 30 пайызын субсидиялаймыз.

Облысымызда халық тұтынатын тағамдарды сактайтын қойма жоқ. Қазіргі таңда облысымызда 633 мың халыққа азық-түліктерді сактау және сатылу мүмкіндігіне қарай жеткізіледі. Министрлікте көтерме-тарату орталықтарын құру мәселесі көтерілді. Бұл өз кезегінде шетелден келетін азық-түліктердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және азық-түлік тауарларының делдалсыз сатылуына ықпал етеді. Облысымызда нарықтағы бағаны тұрақты ұстап тұру, азық-түлік тауарларымен халықты үздіксіз қамту мақсатында осындай орталықтарды салуға ұсыныс бердік. Сондай-ақ 2017 жылы «Каспий» ӘКК арқылы да көкөніс сактау қоймасын салу жоспарланды, 51 пайызын жеке кәсіпкер, 49 пайызын мемлекет қаржыландырады.

БҰҰ-ның Даму бағдарламасы мен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының арасында келісім жасалды. Осы келісім аясында «Пайда эксклюзив» бағдарламасы бойынша қаржы бөлініп, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 4 пайызбен 10 жылға дейін, 2 жылдан кейін төлеп бастайтын мал және егін шаруашылығы салаларына несиелер беріледі.

Өткен жылы өңірімізде алғашқы 9 айда 7780,1, биыл 6231,5 тонна ет өндірілді. Сондай-ақ 2015 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 4038,1 тонна, биылғы жылдың осы кезеңінде



4429,8 тонна сүт шығарылды. 2015 жылдың алғашқы 3 тоқсанында 1040,3 мың дана, биылғы жылдың 9 айында 1414,8 мың дана жұмыртқа өндірілді.

Қазіргі таңда Түпқараған ауданында аумағы 1,5 гектар болатын жабық жылыжай салынуда. «Сенек» ЖШС көлемі 0,3 га. болатын жабық жылыжайды іске қосуды жоспарлап отыр. Өңірде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2014-2015 жылдары жергілікті бюджеттен 500 млн теңге, 2016 жылы 362 млн теңге бөлініп, әлеуметтік маңыздағы азық-түлік сатып алынып, баға тежелді.

— Сұхбатымызда ауыл шаруашылығындағы шешімін таппай отырған өзекті мәселелермен түйіндесеніз?

— Республикамызда жылқыға арналған «Құнан», қойға «Алтын асық», сиыраға «Сыбаға» бағдарламасы болса, түйе шаруашылығын дамыту бағытында қабылданған бағдарлама жоқ. Аталған жағдайды министрлікке мәселе етіп қойдық. Өлкеміз түйе шаруашылығы дамыған аймақ болғандықтан, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы 2017-2021 жылдарға арналған түйе шаруашылығын дамытуға бағытталған арнайы бағдарлама жасап, ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсындық.

«Агробизнес-2020» бағдарламасы аясында мал шаруашылығында жайылымды суландыру бағытында құдық қазылады, ал егін шаруашылығы үшін бұл қызмет қарастырылмаған. Сарқыраған өзені, шалқыған көлі жоқ, шөл және шөлейт өңірде орналасқан біздің жерімізде егіншілерді жерасты сумен қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып отыр. Тағы бір мәселе, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің өнімдерін өндіру үшін пайдаланатын электр қуаты құнының қымбаттауына байланысты олардың шығынын субсидиялау тетігін жасақтау керек.

— Сұхбатыңызға рахмет!

Суретті түсірген Талант ҚҰСАЙЫН Бетті дайындаған Фарид МҰНАЛҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Жиырма жыл ғұмырын осы салаға арнаған. Шаруасына дем берген «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы. Балық өсіруге ынтасы ауған Алдаберген жеңілдетілген несие алып, Шағалалы елді мекенінің жанында көптен бері иесіз жатқан Солдаткөлге елу мың шабақты тоғытып жіберді.

Жеке кәсіпкер Алдаберген Тәшенов «Балық тұқымын іргедегі Зерендідегі балық питомнигінен аламыз. Тіпті Ресейдің бергі аймағын да сүзіп шықтық. Жеке кәсіп ашқан соң табысты болғанын қалаймыз. Қазір біздің көлге шамамен бес тоннаға жуық тұқы, мөнке, рипус тәрізді балық бар. Күніне 100 келіге дейін балық аулаймыз. Алынған өнімді Көкшетау мен Зерендідегі сауда нүктелеріне өткіземіз. Астанаға да жеткіземіз. Біз негізі аулаған балығымыз бүлініп кетпеуі үшін тапсырыспен жұмыс істеуді тиімді санап отырмыз», — дейді.

Алдаберген Тәшенов Зеренді ауданының Ұялы ауылында мектеп



Алдаберген ТӘШЕНОВ

қарамастан, олардың бір бөлігі су айдынын жалға алу келісімшарттарын бұзып жатыр. Себебі дейсіз бе? Себебі мынадай, мораторий жарияланғаннан бері балықшылар сан алуан тексерістен көз ашпаған. Өздерінің айтуына қарағанда, бірде бірі қайтарым бермеген. Жалгерлер бір күннің қамымен және лезде байып кету пиғылынан ада. Олар онсыз да құрғап бара жатқан, қамыс басқан су көздерін төртіпке келтіріп, балықтың түр-түрін көбейтсек пе? — деп отыр. Ал балық дегеніңіз — ең алдымен, көл-көсір байлықтың өзі.

Ел ақсүйек жұтқа ұшырап, тігерге тұяқ қалмай қалған заманда аштықтың арандай ашылған аузынан аман қалып қалған да осы балық. Жаңадан құрылған қауымдастық енді осы шаруаға серпіліс беретін шығар.

Балықшылардың айтуына қарағанда, бұл саланың өнімі мал шаруашылығынан отыз есе жылдам екен. Ал жұмсалар шығыны айтуға да тұрмайды. Міне, сондықтан да елімізде балық шаруашылығын дамыту мәселесі бүгінде өзекті. Ал

Таяуда ғана 230 маманнан құралған арнайы топ жұмысының қорытындыланғаны белгілі. Астанадан келген топ бір ай көлемінде облыстың 5 ауданында жұмыс жасаған болатын. Жергілікті билік бұл шара жалғасын табу керек деп шешті. Қалған 7 ауданда арнайы делегация бірнеше бағытта жұмыс жасамақ.



Жұмыс жалғасады



Облыс әкімінің баспасөз қызметкері Нұрлыгүл Көшекбаеваның хабарлауынша, Ақтөбеде өнірдегі «Халық қауіпсіздігін қамтамасыз ету» жобасын жалғастыратын жергілікті мамандардан құралған жұмыс тобы құрылды. Бұл туралы облыс әкімдігінде өткен кеңейтілген жиналыста аймақ басшысы Бердібек Сапарбаев хабарлады.

Жұмыс тобының құрамына Әйтеке би, Байғанин, Ырғыз, Қарғалы, Қобда, Мәртөк, Ойыл аудандарында жобаның жеті бағыты бойынша жұмыс жасайтын 156 сарапшы кіреді. Белгілі

қаржыландыру көздерін анықтап, жолын кесумен айналысатын жұмыс тобының да құрылатындығын хабарлады.

— Облысымызға Астанадан келген топ 30 күн ішінде Ақтөбе қаласы мен 5 ауданда үлкен жұмыстар атқарды. Ең бастысы, біз бірлесе отырып жұмыс жасауымыз керек. Аталмыш топтың міндеті тек кемшіліктерді көру ғана емес, басты қызметі оларды шешуге бағытталуы тиіс, — деді Бердібек Сапарбаев.

Елбасы тапсырмасы бойынша «Халық қауіпсіздігін қамтамасыз ету»



қарашада басталып, 10 желтоқсанда аяқталатын болады.

Нұрлыгүл Көшекбаеваның айтуынша, басты назар халықтың өзекті әлеуметтік мәселелерін шешуге, облыстағы қала және ауыл тұрғындарына мемлекеттік және салалық бағдарламалардың жүзеге асырылуын түсіндіруге, өнірдегі бизнес ортаны дамытуға аударылады. Бұдан өзге, облыс әкімі экстремистік және террористік қызметтердің

ауқымды жобасы Ақтөбе облысында 29 қыркүйек пен 28 қазан аралығында жүзеге асырылған болатын. Өңірге Астанадан 230 сарапшадан тұратын ведомстволарлық топ келді. Жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен топ мүшелері облыстың 145 мың тұрғынын қамтитын 2,6 мың іс-шараларды өткізді.

Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе

Балық өсір, пайдасы оның көл-көсір

бітірген. Кейін білімін Ресейдің Иваново қаласындағы энергетикалық колледжде жалғастырды. Оқуын бітірген соң туған ауылына келіп, отбасылық кәсіпті жалғастыруды жөн санайды. Ол «Отбасым балық шаруашылығымен айналысты. Мен олардың ізін жалғастырып жатырмын. 1994 жылы жеке кәсібімізді аштық. Бүгінде Зеренді ауданында екі су қоймамыз бар. Су қоймасында 5 тоннаға жуық балық өсірудеміз. Бала кезімде жиі балық аулайтынмын. Өз өмірімді қиын да қызықты салаға арнадым», — дейді.

Оның айтуына қарағанда, балық аулаудың көлемі әрқилы. Алдымен, ауа райына, содан соң тұтынушының талабына тікелей байланысты. Қазір балықтың қымбат түрін өсіруді қолға алған.

Жеке кәсіпкер жеңілдетілген пайызбен 2,5 миллион теңге несие алыпты. Бұл қаржыға елу мыңға таяу тұқының тұқымын көлдің табанына жіберген. Әуел баста олардың салмағы небары жүз грамдай ғана болады екен. Оған қоса Ресейдің Челябинск аймағынан сиг балығы жеткізілген.

Уақытында салығын төлейтін балықшының бір арманы субсидия алу. Кәдімгі төрт түлікті бағып жатқан малсақ қауым сияқты субсидия төленсе деп армандайды. Жеке кәсіпкердің жұртқа да пайдасы аз емес. Қыс айларында екі жұмысшы ұстайды. Ал науқандық шаруа кезінде тұтас бригада.

— Браконьерлер басынбай ма? — деп сұрадық біз.
— Жок, халықтың мәдениеті жақсарып келеді. Анда-санда болмаса, төртпі бұзып жатқандар



оншалықты көп емес. Рас, алғашқы бетте құдайдың тегін дүниесіндей көргендер болды, — дейді балықтың бақташысы.

Қазір Ақмола облысында осы салаға қатысты табиғат қорын пайдаланушы ретінде 250 нысан тіркелген. Айтарлықтай көп емес. Соған

Алдаберген сынды еңбеккер, Бейнетіне батып балық баққан азаматтар сол саланың дамуына айтарлықтай үлес қосары айдан анық.

Байқал ҚАЙЫРЛЫҒЫ,
Ақмола облысы

Баяғыда малсақ ақсақалдар иісі бұрқыраған көк шөпті кісі жейтіндей екен деп тамсанушы еді. Кісінің шөп жемейтіні анық. Бірақ сөз қадірін білетін малсақ қауымның образға орап айтқаны ғой. Дәл сондай қанық, бояуы өшпеген көк шөпті жауырыны мен жотасы тұтас, мойнына құшақ жетпестей, қыр арқасы екі кісі жатқандай теп-тегіс, түгін тартсаң май шығатын үш жүз қаралы ақбас сиыр қидай сыпырып жатыр. Қара малдың осы ақбас тұқымын көрген сайын көңілің тоғаяды. Жарықтықтар күннің суығын, желдің ызғарын елей бермейді деуші еді, шын ғой деймін шамасы. Солтүстік батыстан соққан ызғырық желге қарсы қарап оттап тұр. Қазақты түсінікте желге маңдайын төсеп жайылатын жылқы ғана болушы еді. Әлде қондылықтан ба, жоқ, әлде сүйегіне біткен қасиеті сол ма, ақбас сиырлар да желге қарсы оттай береді екен.

Бұл «Подгорный» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде 1900-ға таяу қара мал бағылады. Жақсының ұшы-қиыры жоқ шалқар даласында мыңғырған малға толтырып отырған осындай қадау-қадау серіктестіктер. Төбешіктің етегін баса қоныстанған бұл жердің ескілікті атауы Арбасоққан екен. Тарихының



тамырынан майдан қыл суырғандай етіп суыртпақтап сыр тартқанымызбен, жергілікті жігіттер иықтарын қисандатудан аса алмады. Оның үстіне бұл өңірде жергілікті ұлттың өкілдері де саусақпен санарлық қана. Өне бір жылдары тыңның эпицентрі болған жер ғой. Сол кезде іргетасын қалаған шаруашылықтар. Кейінгі қалған жұқанасына шаруа қожалықтары, серіктестіктер ме.

Осы серіктестік «ТНҚ» фирмасының құрамдас бір бөлігі. Негізінен, егін және мал шаруашылығымен айналысады. Әуелі егін шаруашылығы туралы айта кетелік. Үстіміздегі жылы серіктестік 22 мың гектар жерге бидай тұқымын сіңірген. Техникасы мол, қуаты ересен серіктестік көктемгі және жазғы агротехникалық шараларды дер шағында өткізген. Топырақты өңдеуде қапысы жоқ. Оның үстіне әр жыл сайын жаңартылып тұратын тұқымдары да жақсы.

Біз тілдескен дикандардың басым көпшілігі топырақтың құнары мен тұқымға байланысты өнім аласың деген күнделікті тәжірибеден туындаған уәждерін жиі айтады. Бұл өлкеде жер құнары жақсы. Рас, егін шығымдылығы қара топырақты аймақтардан сәл аздау болғанымен, ессесіне, нанның қамырлығы жағынан олқысының орнын толтырады. Биылғы жылы кейбір таппаттардан орылған бидайдың қамырлығы 23-24-ке жетіпті. Бидай бағасы да



Сондықтан, сөз арасында серіктестік басшыларының еңбекақымызбен бірге пай үлесінің уақытылы беретіндігін де айта кетуіміз керек. Ол бидаймен де, қолма-қол ақшамен де беріледі. Егер пай иесі серіктестікте істейтін болса, онда көбірек тиеді.

Ауыл адамдары разылық білдіргендей серіктестік жергілікті жұрттың көңілін тауып тұр екен. Серіктестік басшысы Ринат Шалкенбаев алдына көмек сұрап келген кісінің мәселін қайтарған жерім жоқ дейді. Таяуда ғана егде адамдар күнін есте қаларлықтай етіп өткізіпті. Ауыл адамдарының жем-шөбін, сабанын тасып берген. Айтқандайын егін орағын уақытында тап-тұйнақтай етіп аяқтағандығын, мол

Мал шаруашылығын алдағы уақытта бұдан да дамыту жолдары ойластырылуда. Сол үшін жыл сайын екі мал базын салып жатыр. Мал сойтын арнайы цех та салып алған. Екі мың тонна сабан, алты мың тонна пішіндеме дайындапты. Ал жем мәселесі өзгеше өрнек тапқан. Серіктестік барлық дөңді дақылдарын «ТНҚ» фирмасының астық қабылдау орындарына өткізеді. Мал азығын дайындайтын цехтан құрама жем алынады. Бір сөзбен айтқанда, серіктестіктің өз ішінде тиімді байланыс орнатылған.

— Бізге екі қолға бір күрек табылса болды ғой. Қазір кейбір ауылдарда жұмыс таба алмай отырғандар да бар. Солармен салыстырғанда жағдайымыз ханға сәлем бермейтіндей, — дейді малшылардың бірі Қайрат Сәрсенбаев, — уақытында еңбекақысын төлеп тұрса, қарапайым халыққа одан артық не керек. Осы серіктестік ел жайын ойлайтын құрылым деп айтуға әбден болады. Ауылдың қақ ортасынан балалар бақшасын да салып қойды. Суы, жылуы тегін. Балаларға



Ринат ШАЛКЕНБАЕВ

Сертіне берік серіктестік

астықты қамбаға қуып, қолда бар техниканы жылы машина-трактор шеберханасына кіргізіп, көктемгі егістің қамына кірісіп кеткендігін айта кету керек. Егін шығымдылығы гектарына 15,5 центнерден айналыпты.

Егін орағын уақытында аяқтауға жұмысты дұрыс ұйымдастыру және қолда бар техниканың әрі механизаторлардың өз ісінің маманы болуы себепші. Серіктестікте жетпістен артық техника бар, оның ішінде сегіз «John Deere» комбайны, 12 «Енисей» комбайны бар. Егін егетін бірнеше кешен қазірдің өзінде тұқым себуге даяр. Осыныша қыруар техникаға ие болып отырған мықты механизаторлардың ілкіден жалғасып келе жатқан жасамаң еңбек дәстүрі үзілмеген екен. Биыл көп жерлерде комбайншылардың тапшылығы айқын білінген. Бұл жағынан серіктестікте іркілік жоқ.

— Егін орағы кезінде Мырзағали Рахметов, Едіге Жанашов, Владимир Коваленко, Николай Литвин тәрізді механизаторлар өзгеге үлгі болды, — дейді серіктестік директоры Ринат Шалкенбаев, — осындай негізгі топты құрайтын, жастарға ақыл-көнесін айтып үйрететін, іске ұйытқы болатын аптал азаматтар керек. Негізі, біздің серіктестікте 200-ге жуық адам жұмыс істейді. Ай сайын еңбекақылары тұрақты беріліп тұрады. Ал науқандық жұмыс кезінде әркімнің еңбегі мұқият есептеліп төленгенде, жарты миллионға жуықтайды. Мұндай табыс үшін неге жұмыс істемеске.

азық-түлікпен де көмектеседі. Он екі тұрғын үй салынды. Тура қаладағыдай бір орталықтан жылытылады. Барлық қажеті ішінде. Алдағы уақытта тағы саламыз деп отыр. Осылайша іргесін бекіте берсе, елдің мерейі өсетініне бек сенімдіміз.

Иә, шынында да, қара ормандай қалың елдің жайын ойлап, әлеуметтік жағдайын тудырып отырған серіктестік басшыларының пейілі құттарлық. Екі қолға бір күрек табылмаса, Жақсының жалпақ даласын мекендеген қанша ауыл соңғы қазығын суырып, жайлы жер іздеп ірге көтеруі де мүмкін ғой. Тірек болып отырған дәл осындай серіктестіктер. Бұл туралы ауыл азаматтарымен тілдесе келе түйсіндік.

Журналисттің көзін жеткізейін деді ме, серіктестік басшысы көлігіне мінгізіп шаруашылығын аралатты. Қай жерде де қайнаған еңбектің қарқынын көзіміз шалған соң кенесіне өрбіген келістің шындығына көз жеткіздік. Бір жерде күзгі орақтан кейінгі техниканың ақауын жөндеп жатса, енді бір жерде мал баздарының манайын қымтап, қысқа дайындалып жатыр. Ал ауылдың қақ ортасындағы өңі жана өзгеше қонысқа айналған бір өңкей қызыл кірпішпен қапталған тұрғын үйлер жұтынып тұр. Манайда да қыздың жиган жүгіндей тап-таза, жып-жинақы. Қоңыр күзде қоңыртайтын пеш жағып жатыр екен. Тымқын ауада түтіндері түп-түзу ұшады. Атам қазақ «түтінің түзу ұшысы» дегенде, бәлкім, осындайды айтқан болар.

Байқал БАЙӘДІЛОВ



БІЛІМ

Тегін оқу мүмкіндігін қолдан жіберіп алса, университетке түсуі екіталай. Себебі 4 жыл болмаса одан да көп уақыт білім алу үшін қомақты қаражат керек. Ал 2005 жылдары жоғары оқу орнының ақысы қазіргіге қарағанда, әлдеқайда төмен болғаны баршанызға белгілі. Әрине, білімді, 11 жыл бойы еңбектеген баланың еңбегі еленгенін әр ата-ана қалайды. Дегенмен мемлекет тарапынан бөлінетін гранттың саны

Бала болашағын бүгін ойла

өлшеулі екенін де естен шығармауымыз керек. Оның үстіне кейбір студенттер университетке грантка түскен күннің өзінде алдағы уақытта өзін басқа салада көргісі келеді. Ол түсінікті жағдай. Қазір нарық заманы екенін ескерсек, жастар қатарласынан қалғысы келмейді. Қай мамандық сұранысқа ие соны қосымша оқып алуды көздейді. Дегенмен бұл мәселенің де шешімі табылғандай. Естеріңізде болса, 2013 жылдың қаңтар айында «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Заң қабылданды. Осы Заңның аясында бүгінде негізгі оператор болып, білім және ғылым министрлігінің жанындағы «Қаржы орталығы» акционерлік қоғамы жұмыс істеуде. Есте қаларлықтай бұл заңның қандай ерекшелігі бар деген заңды сауал туындайды. Ерекшелігі болашағынды бүгін ойлауға мүмкіндік беруінде. Осыдан 3 жыл бұрын қабылданып, бүгінге дейін еліміз бойынша сәтті жұмыс істеп келе жатқан Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің (МБЖЖ) көмегімен әр отандасымыз өзінің немесе балаларының елімізде немесе шетелде оқуына жоспарлы түрде қаражат жинақтай алады. Оның үстіне білім беру жинақтау салымдарының басқа депозиттерге қарағанда қаржылық түсімі жоғары. МБЖЖ-ның басты ерекшелігі де осында. Бұл білім беру депозитіне банктен жылдық 14 пайыз мөлшеріндегі ай сайынғы сыйақыдан бөлек, мемлекеттен 3 пайыздан 7 пайызға дейін сыйлықақы төленеді. 7 пайыз мөлшеріндегі көтеріңкі мемлекет сыйлықақысы әлеуметтік жағынан әлсіз топтарға жататын азаматтар, оның ішінде жетім балалар, мүгедек балалар,

Осыдан 12 жыл бұрын Ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесі енгізілді. Сол жаңашылдықтың сынынан алғаш болып мен және менің замандастарым өтті. «Бақ шаба ма, бап шаба ма» демекші, бұл жүйеде де бағы ашылғандар мен сынақтан сәтсіз өткендер де болды. Көбісі қалаған мамандығы бойынша емес, грант қай салаға көп бөлінеді соны таңдады.

аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан және көпбалалы отбасындағы балалар үмітін актауға арналған. Басқа салымшыларға мемлекет сыйлықақыны жыл бойына жинақталған сомаға 5 пайыз мөлшерінде төлейді. Салым бойынша орташа табыс жылына 19 пайызды құрайды. Ерекше атап өтер жайт, бұл жинақтау салымы тек білім



алу мақсатына ғана ашылады. Әрине, салымшы тарапынан «Менің маңдай термен жинаған қаражатым сақтала ма?», — деген заңды сауал туындауы мүмкін.

Қаржы жинақтау жүйесі туралы заңда білім беру депозитін сақтап қалудың барлық амалы қарастырылған. Атап айтсақ, депозит 10 млн теңгеге дейінгі сомада мемлекеттік жеке тұлғалар депозитін кепілдендіру қорымен сақтандырылған. Сондай-ақ заң мен инфляция деңгейі жоғары болғанда,

немесе экономикада басқа өзгерістер орын алған жағдайда МБЖЖ-ға қатысушы банктердің сыйақы мөлшерлемелерін және мемлекет сыйлықақысын көбейту жағына қарай қайта қарау мүмкіндігі де қарастырылған. 2013 жылдан бері депозит бойынша банктің жылдық сыйақы мөлшерлемесі 6 пайыздан 14 пайызға дейін өсті. Қазіргі таңда депозитті үш банктен — Қазақстан Халық Банкі, Нұрбанк және Цеснабанктен ашуға болады. Алдағы уақытта мемлекеттік білім алуға қаржы жинақтау депозитін ашатын банктердің санын арттыру жоспарда. Осылайша, бұл жүйенің басты мақсаты — білім алуға қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңейту және қолдау, жаңа экономикалық және қаржылық құралдар енгізу болып табылады. Банк сыйақысынан бөлек, мемлекеттен де төленетінін ескеруіміз керек. Тағы бір маңызды жайт, салымшы жинақтау сомасы мен мерзімдерін өзі белгілейді. Бұл өте ыңғайлы деп есептеймін. Себебі отбасылық бюджетке де ауыртпалық түсірмейді.

Ескеретін тағы бір маңызды мәселенің бірі — бала грантка оқуға түскен жағдайда жинақталған қаражат мемлекеттің және банктің сыйақысымен бірге салымшының иелігіне өтеді. Оны салым иесі қолма-қол ақша түрінде алуға, жинақтауды жалғастыруға немесе үшінші тұлғаның атына ресімдеуге құқылы. Мемлекет жоғары сынып оқушыларын жақсы оқып, білім грантын алуға ынтасын арттырудың осындай онтайлы жолын ұсынып отыр. Егер жинақталған қаражат оқу ақысын төлеуге жеткіліксіз болса, салымшы мемлекеттің 100 пайыз кепіл болуымен, жеңіл шартпен кепілзатсыз несие ала алады. Ол үшін білім беру депозитінде қажетті соманың 50 пайызы болуы керек. Бүгін бұл сізге ғажайып ертегі сияқты көрінгенмен, болашақта қызығын көретініңіз айдан анық. Себебі баланыздың көз алдыңызда әр жетіп, қызыңыздың бойжеткенін байқамай қаласыз.

Білім беру жинақтау депозитін ашу өте оңай мәселе. Ата-ананың жеке куәлігі мен баланың ЖСН көрсетілген туу туралы куәлігі болса жеткілікті. Бастапқы жарнаның төменгі сомасы 3 АЕК-ті құрайды,

яғни банктерде жоғары депозитті ашу үшін 6 мың теңгеден сәл көбірек ақшан болса, тосқауыл жоқ. Халық банкінде бастапқы жарна 15 мың теңге. Бүгінде 15 мыңнан астам отандасымыз салымшы ретінде тіркеліп, баласының болашағы үшін үлес қосуда. Сіздің де осы жаңашылдықпен жақсылап танысып, мүмкіндікті пайдалануыңызға әбден болады.

Елдос ӨМІРЗАК

Инновацияның дамуы — мемлекеттің дамуы. Бұл ретте ғылым мен кәсіпкерлік қабілеттіліктердің өзара ұштасу керектігін ұмытпағанымыз жөн. Соңғы жылдары әлемдегі инновациялық даму мен мықты идеялар айтулы университеттерден бастау алуда. Демек, олардың мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесі зор әрі соны қарқын алу үстінде екенін айқын аңғарамыз.

Университет пен бизнесті байланыстырады

Әлемдік тәжірибеде жоғарғы білім орындары мен экономикалық дамуды байланыстыратын көптеген факторлар бар. Атап өтетін болсақ: — көптеген мемлекеттерде жоғары білім орындары арқылы технологиялық, әлеуметтік-экономикалық жағдайды дамытатын идеялар туындайды; — жоғары білім орындары қолданбалы бағыттағы (*прикладная*) зерттеулер жүргізіп, олар кәсіпорындарда кеңінен қолданыс табады; — жоғары білім орындарында жасалатын зерттеулер білікті мамандардың дайындалуына үлесін қосады; — заманауи талаптағы сапалы жоғары білім орындарының көп болуы сол мемлекетке деген қызығушылықты арттырып, өзге ел өкілдерінің келуіне ықпалы зор болмақ (*Кембридж — Ұлыбритания, Стэнфорд — АҚШ, Левен — Бельгия т.б.*).

Қазіргі кезеңде бұл шешім зерттеу университеттері көрінісінде шешім тапқан. Өйткені университет пен кәсіпкерлер арасындағы қарым-қатынас жақсы дамыған. Мәселен, Германия, АҚШ және Жапония мемлекеттерінің қарқынды дамуы осының бірден-бір дәлелі. Қазіргі таңда АҚШ-та 260, Германияда 56, Ұлыбританияда 73, Испанияда 41-ге жуық зерттеу университеттері бар.

АҚШ тәжірибесі көрсеткендей, атақты Google, Microsoft, Deel, Nestle, Hewlett-Packard, Polaroid сынды инновациялық компаниялардың пайда болуы, олардың негізін қалаушыларының студент кезінен ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, өзінің ойлау қабілеттілігін арттыруынан туындаған. Осындай білікті адамдардың зерттеумен,

ізденумен айналыспағанда, атакты кәсіпорындардың пайда болуы екіталай еді. Инновациялық даму кезеңінде мемлекеттік маңызды бар тапсырмадағы әлеуметтік басқарудың тағы шешімі — жобалық басқару екендігін ескергеніміз жөн. Себебі жобалық басқару мамандар әлеуеті және қаржылық басқаруды тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Әлемдік тәжірибеден байқағанымыздай, ХХІ ғасырдағы «білім — ғылыми-зерттеу — бизнес» түріндегі триада (ұштаған) сипатындағы жаңа университет моделін жүзеге асыру Қазақстан жоғары оқу орындарында да барынша кен өріс алуда. Отандық университеттердің ғылыми әлеуетін арттыруда материалдық-техникалық базасын заманауи технологиялармен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуде мемлекеттік қолдау көрсетілуде. Азат елдің еркін ойлы білікті жастарына жан-жақты әлеуметтік қолдау көрсетсек әрі технократтық элита қалыптастыруға бастайтын тың идеяларын практика жүзінде жүзеге асыруына жағдай жасасақ, жоғарыда аталған әлемнің мықты университеттерінің қатарынан табылармыз хак. Отандық бренд қалыптастыруда отандық жоғары оқу орындарына мол жауапкершілік жүктелген. Сондықтан да озық елдердің технологиялық дамуды іскерлік пен кіріс көзіне айналдырудағы тәжірибелерін елімізде нақты жүзеге асыру қазіргі жастардың басты міндеті болмақ.

Тәттімбет ЖҰМАҒҰЛОВ,
Қазақстандық мемлекеттік-жөкеменшік әріптестік орталығының сарапшысы

Елімізде білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы осы саладағы ұлттық дәстүр мен әлемдік үрдіс негізінде жүзеге асырылады. Онда барлық қадамға қолжетімділіктің теңдігі, оның элементі мен талабының біртұтастығы, оқытудың барлық сатысының сабақтастығы қамтамасыз етіледі.

Жоғары білімнің дамуының негізгі үрдісі болып, білімге мемлекеттік монополиядан бас тарту, білім беру саласын басқаруды қатан орталықтандырудың алынып тасталуы және ЖОО қызметін қатан реттеу саналды. Нәтижесінде жоғары білімнің бәсекелестіктің заңы бойынша дамитын, білім беру қызметі нарығының құрылуына куәлік ететін мемлекеттік емес секторы тең жағдайда дами бастады. Мемлекеттік жоғары оқу орындары студенттерді ақылы түрде оқытуға қабылдай бастады. Осылайша, жоғары білімді қаржыландыру көзі әртараптандырылды.

Болон декларациясына қол қоя отырып, еліміз бірыңғай, жаһандық білім беру кеністігін құруға негізделген еуропалық қауымдастықтың үндеуін қабыл алды. Осы ойды іске асыру үшін мамандарды үш кезең бойынша дайындау жүйесі енгізілді: бакалавриат, магистратура, докторантура; Дублиндік дескрипторлармен сәйкестендіре отырып силлабустар мен білім беру бағдарламаларын жасау жүзеге асырылуда; біліктіліктің Ұлттық шеңбері құрылды; студенттер мен оқытушылар құрамының академиялық мобильділігі бағдарламасы енгізілді. Елдің алдыңғы қатарлы 10 жоғары оқу орындарында әріптестік басқару қағидасы енгізілді. Білімді, ғылым мен инновацияны интеграциялау жоғары оқу орындарының бизнес-сектормен, өндіріспен өзара әрекеттестігі арқылы жүзеге асырылады.

Жоғары білім берудің көпденгейлі құрылымының қалыптастырылуды тігінен көпсатылылықты және көлденеңінен альтернативтілікті, мамандарды дайындаудың икемділігін қамтамасыз етуге, оның әмбебаптылығын қалыптастыруға бағытталған. Елімізде жоғары білім берудің бұл көпсатылы құрылымы сатылар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, олардың арасындағы тиімді байланысты құру, білім беру бағдарламаларын біртұтас білім кеңістігіне бейімдеу, «бакалавр», «маман», «магистр» сияқты әрбір сатыдағы кәсіби білімнің аяқталғандығының анықтылығы мақсатында ары қарай жетілдіруді қажет етеді.

2004 жылдан бастап еліміздің жоғары білім беру жүйесіне Халықаралық стандартты білім классификациясымен сәйкестендірілген бакалавриат пен магистратура мамандықтарының Классификаторы енгізілді. Ол келесілерге мүмкіндік береді:

- білім беру бағдарламаларын халықаралық талаптармен сәйкестендіру;*
- әр түрлі білім деңгейлерінің білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қалыптастыру;*
- білім беру бағдарламаларын еңбек нарығына бейімдеу;*
- мемлекеттік жалғпыға міндетті білім стандарттарында біліктілік үлгісін қолдану;*
- білім беру жоспарлары мен бағдарламаларын унификациялау арқылы студенттердің мобильділігін арттыру;*

- жоғары оқу орындарында білім алушы тұлғаларға білім беру бағдарламаларын таңдауда академиялық еркіндік беру.*

Ары қарай білім беру қызметінің сапасын бақылау жүйесі дамиды. Лицензиялау және мемлекеттік аттестациялау процедуралары жетіледі. Сапаны бақылаудан білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесіне өту жүзеге асырылады. Мұндай жүйенің негізгі құралы болып білім беруді ұймдастыруды аккредитациялау болып табылады. Қазіргі уақытта еліміздегі жоғары оқу орындарын аккредитациялауға дайындық жүргізілуде. Аккредитациялаудың отандық үлгісі халықаралық стандарттар мен аккредитация критерийлерін ескеретіндігін айта кеткен жөн. Сонымен қатар халықараалық агенттіктердің аккредитациясынан өтіп жатқан жоғары оқу орындары бар. Бұл — мақтанарлық жағдай.

Қазіргі таңда заманауи ұлттық білім беру жүйесінің дамуы халықаралық стандарттарды қолдануға сүйенеді деп сенімділікпен айтсақ болады. Көптеген отандық университеттер белсенді түрде

шетелдік тәжірибені үйреніп, білім беру жүйесін жаңғыртуда шетелдік тәжірибені қолдануда.

Жоғары білім алудың әр түрлі жолы бар: күндізгі, сырттай, кешкі оқу формалары, сонымен қатар дистанционды оқыту және экстернат түрінде оқу формалары.

Білім беру орындары қазіргі кезде үш түрге бөлінеді: классикалық университет, профильді университет немесе академия, сонымен қатар институттар.

Болон процесі университеттің білім беруін ұдайы даму мен өзін-өзі жетілдіруді талап ететін заманауи технологиялық қажеттілікке сәйкес құруға мүмкіндік береді. Сондықтан да еліміз 2013 жылы университеттердің Ұлы Хартиясына, 2010 жылы Болон декларациясына қол қойды.

қатысушы университеттерде алынған жоғары білім туралы диплом мен біліктілікті өзара мойындау. Еліміздің Болон үдерісіне белсенді қатысуына көптеген алғышарт бар: жоғары білімге тән дәстүрлі демократиялық және интернационалды рух, әлемнің топ-100 университеті қатарында жоғары бәсекеге қабілеттілікке ұмтылу, сонымен қатар білім мен ғылымның бөлінбейтіндігі қағидасына адалдық. Ұлттық экономиканы инновациялық дамытудың негізгі факторы ретінде адам капиталы рөлінің артуы әлемдік стандарттарға сай білім беру жүйесінсіз мүмкін емес.

Дамыған елдер тәжірибесіне сәйкес, елдің бір миллион халқына бірден алтыға дейін жоғары оқу орындарының болуы білім беру жүйесінің сәттілігінің кепілі және экономиканың бәсекеге



Болон процесінің артықшылығы — престижді еуропалық университеттердің халықаралық білім беру бағдарламаларына қолжетімділікті арттыру. Барлық академиялық дәреже мен өзге де біліктілік олардың жоғары бәсекелік қабілетіне байланысты болғандықтан, түлектердің жұмысқа сәтті орналасуы, студенттер мен оқытушылардың мобильділігін арттыру, сонымен қатар Болон процесіне

қабілеттілігінің объективті талабы бола алады.

Елімізде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсететін 127 жоғары оқу орны қызмет етеді. Олардың 44%-ы жекеменшік болып табылады. 2014 жылғы білім алушылар саны 2013 жылмен салыстырғанда 49839-ға азайып, 477387 адамды құраған. Ал 2015

студенттерінің 0,7%-ға артқанын көрсетеді. Алайда 2014 жыл мен 2015 жылдың көрсеткіштерін салыстырғанда, жекеменшік ЖОО студенттерінің 0,7%-ға кеміп, мемлекеттік ЖОО студенттерінің 0,6%-ға артқаны байқалады. Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімді ұйымдастырудың типтік ережелері студенттерді кәсіби оқыту бағдарламалары бойынша сырттай

оқыту формасында дайындауға талаптарды тек іштей оқу формасы бойынша білім алушылар болғанда ғана реттейді. Жалпы, сырттай білім алушылар үлесінің қысқаруы байқалуда (-7,2%). 2013 жылы сырттай оқушы студенттер үлесі 27,3%-ды құраған. Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтеріне сүйенсек, кейбір жоғары оқу орындары сырттай және іштей оқу формасы бойынша білім алушылар қатынасы нормадан асып түседі.

Жекелей жоғары оқу орындарында сырттай білім алушылар басым. Қазақ тілді білім алатын студенттер үлесі 60,4%-ды құрайды, орыстілді білім алушылар 37,0%-ды құраса, өзге тілді білім алушылар 2,6%-ды құрайды. 2014 жылмен салыстырғанда мемлекеттік тілде білім алушы студенттер саны 2,5%-ға артқан. Мемлекеттік тілде білім алушы студенттердің ең аз саны Солтүстік Қазақстан облысына (24,0%) және Қостанай облысында (23,7%).

2015 жылы жоғары білім беру жүйесінде студенттердің университеттен шығып кетуі алдыңғы жылмен салыстырғанда 4,1%-ға азайған. Білім алушылардың университеттен шығып қалуының төмендеуі педагогикалық ұжымның соны ескертетін жүйелі жұмысын көрсетеді. Бұл өз кезегінде жоғары білікті мамандарды сапалы түрде дайындауға және экономиканың әр түрлі саласындағы бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға ықпал етеді.

Жоғары оқу орындарының мәліметі бойынша, студенттердің студент қатарынан шығып қалуының негізгі себебі қаржылық қиындықтар (29,2%). Студенттердің өз қалауымен оқудан шығуы (17,4%) және басқа оқу формаларына ауысуы (15,5%) білім алушылардың өмірлік стратегияларының өзгерісінен хабар береді.

Оқу процесіне байланысты себептермен шығып қалған студенттер үлесі жоғары боп қалуда (*оқу тәртібін бұзу — 9,6%, үлгермеушілік — 7%*).

Магистранттарды дайындау ғылыми-педагогикалық және профильдік бағыттар бойынша жүргізіледі. 2014 жылы магистранттар контингенті 32527 адамды құрады, олардың 16220-сы мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім алады. Коммерциялық негізде білім алушылар контингенті 16307 адамды құраған, соның ішінде 416 магистрант кәсіпорындар қаражаты есебінен білім алуда. 403 магистрант (1,2%) өзге мемлекет азаматтары болып табылады. 2014 жылғы түлектер 15880 адамды құрады, олардың диссертация қорғағандары 14653 түлек немесе 92%.

Әсемгүл БЕКМҰХАМЕТОВА,
Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-нің аға оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты
(Жалғасы бар)

1916 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ МЕЙЛІНШЕ АСҚЫНҒАН ӘЛЕУМЕТТІК, САЯСИ, ОТАРЛЫҚ, ҰЛТТЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАР МЕН ҚАЙШЫЛЫҚТАР САЛМАҒЫНА ТӨЗБЕЙ, ҮЛКЕН СІЛКІНІС ПЕН ҚАЙҒЫНЫ БАСТАН КЕШТІ. БҰРАТАНА ХАЛЫҚТАН ТЫЛДАҒЫ ЖҰМЫСҚА СОЛДАТ АЛУ ТУРАЛЫ АҚ ПАТШАНЫҢ 25 МАУСЫМДА ҚОЛ ҚОЙҒАН ЖАРЛЫҒЫ ОНСЫЗ ДА ТҰТАНАЙЫН ДЕП ТҰРҒАН ҰЛЫ ДАЛАНЫ ӨРТТЕЙ ЛАУЛАТТЫ. XVIII ҒАСЫРДАН ТОҚТАМАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖАҢА БЕТТЕРМЕН ТОЛЫҚТЫ.

Көтеріліс барысында Торғай мен Жетісу өңірлерінің казактары қолына қару алып, отарлық жүйеге қарсы шықса, басқа аймақтарда жаппай наразылық толқулары орын алды. Патшалық әкімшілікпен ауыз жаласып кеткен болыстар мен тілмаштар баланды әскерге барудан босатып беремін деген сылтаумен пара алуға белбеше кіріскен сол шақта Ә.Бөкейхан бастаған Алаш зиялылары халыққа басу айтты, тылдағы жұмысқа бару соғысқа кіру емес екендігін түсіндірумен жанталасты. Бұл самодержавиені, отарлық тәртіпті жақтау емес еді. Алаштықтар туған халқын арандаудан, қырғыннан сақтандырды.

Түптеп келгенде, қарулы қарсылық көрсеткендер де, қаһарға мінгендерді сабырға шақырғандар да XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының өміршен әлеуетін бейнеледі. Ұлттық рухы, мемлекетшіл санасы сөнбегенін паш етті. Осының бәрі әрісі — Ұлы далалағы азаттық дәстүрінің, берісі — «Оян, қазақ!» ұлттық идеясының жемісі еді.

1916 жылғы ұлы сілкініс тақырыбы, бір қарағанда, патша заманында да, кеңестік жылдарда да аз қозғалған жоқ. 1916 жылғы 13 желтоқсанда Ресейдің IV Мемлекеттік Думасы жабық мәжіліс өткізіп, онда Саратов губерниясынан депутаттыққа сайланған, болашақ уақытша үкімет төрағасы А.Ф. Керенский бұратана халықты қорғаныс ғимараттарын және соғыс жолдарын салуға жегу туралы жарлықтың орындалуына арнайы баяндама оқыды. Түркістан өлкесі мен Далалық облыстардағы оқиғаларға баға беруге тырысты. «События, которые сегодня мы должны обсудить, произошли довольно много времени тому назад, но последствия их



сказываются до сих пор, и они будут еще очень долго сказываться в жизни не только Туркестана и Степных областей, но и всей России ... События эти, гг., не только внесли экономическое разрушение, не только нарушили спокойное течение жизни в огромных областях России, но они были соединены с жертвами, как со стороны русского, так и туземного населения», — деген екен шешен. Сол заман үшін бұл аса батыл қадам еді. Баяндама барысында залдағылар ауық-ауық: «Позор», «Это варвары» деумен көтерілісті жаншыған жазалаушы саясатқа қарсы ашу-ызасын білдіріп жатыпты.

А.Ф. Керенскийдің баяндамасына қажетті деректер мен айғақтарды анықтауға М.Шокай белсене араласты. Ол шетелге эмиграцияға кеткеннен кейін де бұл мәселемен айналысуын тоқтатқан жоқ. Түптеп келгенде, 1916 жылғы қанды қырғынның ақиқаты мен тарихын әлем жұртшылығына жеткізуде одан арттық қайрат қылған жан бар деп айта алмаймыз. Бұл — бір. Екіншіден, ұлт-азаттық көтеріліс жайлы М.Шокайдың тұжырымдарын Алаш қайраткерлерінің тарихи көзқарасы ретінде қабылдағанмыз жөн болар. Себебі кеңестік тоталитарлық жүйенің қыспағында қалған олар шығармашылық еркіндіктен айырылып, осы тақырыпқа көсіле жаза алмағаны белгілі. Мұнын сырттында, алаштықтар 1916 жылғы көтерілісті қолдамаса да, 1905 жылдан бергі сан-салалы қызметімен, «Оян, қазақ!» ұлттық идеясын дүниеге әкелуімен тап сол көтерілістің бүрк ете қалуына негіз қалады. Үшіншіден, алашшыл М.Шокайдың тарихи көзқарасы, әсіресе ұлттық тарихқа көзқарасы сансиаланбай, идеологияланбай, эволюциялық сипатта байи түсті. Сондықтан оның 1916 жылғы көтерілісті революцияға дейінгі ұлт-

азаттық көтерілістердің ең ірісі, тіпті Кеңесары көтерілісінен де жоғары тұрады, орыс тепкісіне қарсы бағытталған, мұнда таптық күрестің елесі де жоқ, рулық-тайпалық қайшылық пен дүниетаным бой көтерді деген байламына ерекше мән беруіміз керек.

Тап күресі мен революцияларды бәрінен жоғары қойған кеңестік билік пен идеология 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін бір сәтке көзден таса қалдырмады десек, артық айтқандық емес. 1916 жылғы көтеріліс тарихы мен тағылымы қазақ оқығандарының, ғалымдары мен зиялыларының төрт буынын өзіне тартып келеді. Оның 10 жылдығы, 20 жылдығы, 30 жылдығы ресми түрде тойланды. Ж. Аймауытов «Картқожаны», М.Әуезов

1916 ЖЫЛ: Әлемдік бетбұрыстың бастауы

мен шенеуніктерінің есімі мольнан берілген. 1916 жылғы көтеріліске байланысты Т.Рыскулов ұстанған теориялық-методологиялық пайым-тұжырымдар бұдан кейін жазылған кеңестік тарихнамада мейлінше тереңдетілді.

1936 жылы жарық көрген «Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане» монографиясында С.Асфендияров ұлы сілкініс казак халқының таптық санасын дамытқанын, ресейлік әскери-феодалдық империализм жүргізген отарлау саясатын қорытындылағанын, 1916 жылғы оқиғалар Қазақстанның әлемдік үдерістерден тыс тұрмағанын көрсетті, — деп жазды. Көтерілісті жаншуға жіберілген қарулы әскер саны мен құрылымын егжей-тегжейлі талдады. Жетісуда ғана қазақтар мен қырғыздардан 273 мың адам қырылғанын және босқынға айналғанын дәйектеді. Жалпы Жетісуда 1916 жыл басында 1,4 млн адам тұрып жатты. Бұлардың 90%-дан астамы мұсылмандар болатын. Демек, сол бір қилы жылда 1 миллионға жуық бауырымыздың тағдыры қыл үстінде қылпылдады.

Социалистік құрылыстың алғашқы 20 жылында ұлы сілкініс тарихы мен тағдырын зерделеуге мол олжа салғандардың бел ортасында Ораз Жандосов бар. Айта кетейік, О. Жандосов өз заманындағы интеллектуалдық әлеуеттің нағыз ошақтарын — Қазақстанды зерттеу қоғамын, жоғары оқу орнын, республикалық кітапхананы біліктілікпен басқарғаны ғылым әлеміне ене білгенінде жатыр. Аумалы-төкпелі саяси ахуалға қарамастан, жас М.Әуезов пен Ә.Марғұланға үлкен сеніммен қарауы, А. Байтұрсынұлының, Халел Досмұхамедовтың, С.Асфендияровтың, Ә.Ермековтің ғылыми ізденістерін жоғары бағалауы, Т.Шонановпен бірге 1916 жылғы көтеріліс туралы естеліктер жинағын шығаруға талпынысы — бәрі оның зерттеушілік ой-өрісі кең пішілгенін айғақтайды.

О.Жандосов Жетісу жеріндегі қарулы көтерілісті көзімен көрген тұлға. Бұл жайлы жетісулық азамат К.Шалдыбаевтың

Ұлт-азаттық көтерілісіне — 100 жыл!



естелігінде былайша жазылған: «1916 жылдың жазында Бекболат Әшекеев Үшқоңырға ту тікті. Бекболат соғыс ашқалы жатыр дегенді естіп тауға шықтым. Тауға шықсам, Ораз Жандосов осында екен. Ол қаршадай болып Бекболаттың жанында отырып, бір кітапшаны оқып, қазақшалап беріп отыр екен. Менің осында келгеніме Жандосов қатты қуанды... Жандосов Ботпайдағы көтерілістің басшысы Бейсенбаймен бірге елді атқа қондырып, Ұзынағашқа дейінгі телеграфты қиып, көтерілісті бастап Бекболатқа жетті».

1916 жылдың жазында ол 17 жастан асқан балаң жігіт еді. Верный ерлер гимназиясында оқып жатты. Арада бар болғаны 10 жыл өткенде Қазақ өлкелік партия комитетінің үгіт-насихат бөлімі менгерушісі О.Жандосов 1916 жылғы 22 шілдеде Жетісу облысы

істері жөніндегі бөлім отырысында орыс Кузнецов дегеннің қырғыз азаматы Белек Солтанаевқа 1916 жылғы көтеріліске қатысқаны үшін қысым көрсететіні жайлы шағымды қараса, 29 қаңтар күні О.Жандосов Жетісу облатқару кеңесіне ұсыныс түсіріп, 1916 жылы Пішпек, Токмак, Пржевальск уездерінен зорлықпен қоныс аударған қырғыздарды өз орындарына орналастыру мәселесін көтереді.

4 қаңтар күнгі отырыста сөйлеген бөлім мүшесі К.Габитдинов: 1916 жылғы көтеріліс революциялық қозғалыстың бастауы, егер ол 1917 жылғы қазан төңкерісі қарсаңында орын алғанда, оған қатысқандар қудаланбай, қайта батыр ретінде ұлықтар еді десе, А.Розыбакиев орыстар мен байырғы тұрғындар арасындағы түсінбестікті жою үшін жергілікті баспасөз беттерінде екі тілде арнайы мақалалар жариялауды ұсынды. Б. Солтанаевқа саяси сенімділігі жайлы құжат беруді, ал Кузнецовтың ісін революциялық трибунал сотына тапсыру керектігін айтты. Бөлім мүшесі К. Боранбаев 1916 жылғы көтеріліс орыс халқына қарсы бағытталмағанын, ол патшалық құрылысты жоюды мақсат тұтқанын алға тартып, ұлт істері бөлімінің ұстанымын халыққа жеткізуді күн тәртібіне қойды.

О. Жандосов та К. Боранбаевтың пікіріне қосылды. 1916 жылғы көтеріліс патшалықтың аяусыз қанауынан тұтанғанын дәйектеді. Алайда байырғы халықты мойындағысы келмейтін Кузнецов сияқты караниеттілер әлі де бар екенін баса көрсетті. Ол «Мұндай адамдар контрреволюционер ретінде қатал жауапқа тартылуы тиіс», деді.

Сөз орайы келіп тұрғанда айта кетейік: Белек Солтанаев 1916 жылғы көтеріліске белсене қатысқан тұлға ғана емес, қырғыз тарихы мен этнографиясынан кеңестік жылдары айтулы зерттеу жазған зерек ақыл иесі. Оның 20-30 жылдары жазған еңбектері 1993 жылы Бішкек қаласында «Қызыл Қырғыз тарихы» деген атаумен жарық көрген болатын. Бұл кітапта «1916 жылғы қырғыз көтерілісі» очеркі берілген.

Сонымен, тақырыбымызға қайта оралайық. 1921 жылы 4 ақпанда Жетісу облревком төрағасы О. Жандосов жер-су реформасын жүргізу туралы бұйрыққа қол қойды. Мұнда 1916-1921 жылдары қазақтардан, дұнғандардан, тараншылардан тартып алынған және жатсызданған жерді бұрынғы иесіне қайтару, қазақтардың бүлінген қыстауларын қалпына келтіру тапсырылды. Осы жылғы 7 мамырда



әскери губернаторының үйі алдында өткен жиынға қатысқанын, онда әскери губернатор Фольбаум сөз сөйлеп, қазақтар бекер наразылық танытып жатқанын, Ресейге бодандықты қабылдаған олар Қытай жағына өте алмайтынын, көтеріліс бастала қалса, орыс қаруы қолданылатынын айтқаны жайлы еске алғаны бар.

Болыстар мен игі жақсылар қатысқан сол жиында Фольбаумның астамшылығына наразылық білдірген қазақ жігіті: «Солдатқа алатын болсаңдар жерді қайтарындар», деп дауыс көтерген екен. Оны табанда тұтқынға алыпты. Соған қарамастан, жоғарыдағы бастықтарына жағыну ниетімен Фольбаум генерал-губернатор Куропаткинге: «көңілі босаған шалдар менің егімді сүйді әрі бұйрықтарым бұлжымастан орындалатынына сендірді», — деген жеделхатын жолдайды.

1916 жылғы қасірет О. Жандосовқа қатты әсер етті. Партия-кеңес қызметіне араласа бастағаннан көтеріліс тарихын зерттеуге, оған қатысқандардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуге, ұлтаралық қатынастарға кері ықпалын жоюға қолдан келгенше септесті. Мәселен, 1919 жылдың қаңтар айының 4 күні Жетісу облыстық ұлт

Т.Құдайбергенов деген азаматқа 1916 жылғы көтеріліс жайлы құжаттарды жекелеген азаматтардан, қоғамдық ұйымдардан, мемлекеттік мекемелерден, архивтерден жинауға және Облревкомның арнайы ғылыми комиссиясына өткізуге міндеттеген мандат беріпті. Ал 1923 жылы «Туркестанская правда» газетінде жарияланған «Киргизская газета» мақаласында 1916 жыл халық санасында терең із қалдырғанын атап өтеді.

Ханкелді
ӘБЖАНОВ,
Ш.Уәлиханов
атындағы Тарих
және этнология
институтының
директоры,
ҚР ҰҒА
корреспондент мүшесі

(Жалғасы бар)



1926 жылдың 13 қаңтарында Қызылордада ашылған алғашқы қазақ театры 1928 жылы Алматыға қоныс аударады. Өнер шаңырағының іргесін қалаған «жеті ақсақал» – Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыров, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Құрманбек Жандарбеков ақсақалдардың сахнада салған соны соқпағын жсалғай өнерге жаңа леп келіп қосылды. 1931 жылғы халық басына кұн туған қиын-қыстау ашаршылық, «балапан басы, тұрымтай тұсы» уақытпен тұспна-тұс келген бұл буынның қазақ өнері тарихына қосқан үлесі өлшеусіз. Қамтәңіл елдің жаньына жұбаньыш болды. Қажьымай, талмай жұртты өнерімен сусьындатты. Дала дәрісін тыңдап, халық академиясынан өткен сол топтың ишінде қазақ өнерінің қара нары Камал Қармысов та бар еді.

ҚАНАТ ҚАҒУ...

Алматы облысының Беріктас дейтін ауылында дүниеге келген болашақ актер әкешесінен ерте айырылып, 5 жасынан бастап тұрмыс тауқыметін көп тартады. Сыыр бағып, шөп шауып, отар койдң соңында жүріп, өмірдің барлық қиындығын көрген. Үлкен әпкесі Бүбікейдің қолында тәрбиеленіп, сол кісінің ұйғаруымен мектеп жасына келген шағында интернат табалдырығын аттайды. Бұл жерде қазақ өнерінің аңыз тұлғалары – Күләш Байсейітова, Сейфолла Телғараев үшеуі қатар оқиды. Түйдей құрдас үш дос парталас болып қана қоймай, мектептің көркемөнерпаздар үйірмесіне де бірге қатысып, ұлы өнер сапарының алғашқы баспалдағын аттайды. Белгілі қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевты да бала Камал, Күләштар аунап өскен Беріктастың киелі топырағы баптап ұшырған еді...

Баллаурен шағынан татқан қиыншылықтың кермек дәмі өнерге құштар жеткіншектің сахнаға деген махаббатына ноқаттай дақ түсіре алмады. Шынашақтайынан өнер-білім, ән салуға құмар болып ер жеткен бала Камал сол кездің өзінде-ақ өнерді өмірінің ажырамас бір бөлігіне айналдырған-ды. Болашақ сахна майталманын 1931 жылы Риддердегі жұмысшы жастар театрына қызметке жібереді. Дара дарынымен ерекше көзге түскен бозбала арнаулы білімі болмаса да, осы сапарынан кейін бірден қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрына қабылданады. Бұл сахнада артық-кемі жоқ 60 жыл еңбек етті. Театрда сомдаған 160-қа жуық рөлі, ұлттық кинематография тарихының Алтын қорында алтын әріппен жазылып қалған 20-ға тарта фильмі де шежірелі жылдардан сыр шертеді, шеберлікке шындайды.

Зұлмат жылдардың нәубетінен кейін жана ғана енесі көтеріліп, бойын жаза бастаған қыр жұртшылығына қуат, демеу боларлық ән, күй сыйлау міндеті жүктелгендіктен де, алғашқы театр труппасы қиын кезеңдерді енсере жүріп, ауылдарға жиі-жиі ат басын бұрады. Жаралы жандардың жанына өнерімен жұбаныш болады. Ол уақытта ойын қоятын жер деген жоқ, спектакльдер қой қоранын ішінде қойылады екен. Көрермен де көп емес, әр ауылда 4-5 үй ғана отырады. Бірде концерт беріп жатқанда «ойбай, келіп қалды» — деп, қойылым көруге келген жұрт тұра қашыпты. Сөйтсе, бандылар көрші ауылды тонап жатыр екен. Мұның барлығы — қиыншылығы мен қаупі басым сахна сыны актердің болашақта мықты, шындалған шебер болып қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқаны даусыз.

ӘУЕЗОВТЕН ШЕКСПИРГЕ ДЕЙІН

Өмірдің, өнердің осындай үлкен мектебінен өткен алғашқы сахна шеберлерінің ішінде Камал Қармысов есімі өз артықшылығымен дара, оқшау. Камал Қармысов — қазақ драматургиясының дүлдүлдері: Мұхтар Әуезовтің де, Ғабит Мүсіреповтің де, Сәбит Мұқановтың да назарында болған актер. «Айман — Шолпандағы» — Жарас, «Ақан сері — Ақтоқтыдағы» — Сердалы, «Шоқан Уәлиханов» спектакліндегі Гасфорт бейнесі тынымсыз актердің үздіксіз ізденісінің арқасында жана биікке көтерілді. Батыс Сібірді билеуші орыс шовинисінің бейнесін барынша нанымды да шебер ашқан сахнагердің ойынын көріп, пьеса авторы Сәбит Мұқановтың ерекше тәңті болғаны бар екен.

Камал Қармысовтың сахнадағы ғаламат аяқ алысы классикалық мұраларда айрықша көзге түседі. Жантықтан бөлек М.Әуезов пен Л.Соболевтің «Абайындағы» — Керім, М.Әуезов пен Ә.Әбішевтің «Намыс гвардиясындағы» — Төлеген Токтаров, О.Бөкейдін «Құлым, менің» драмасындағы — Қаражан, Ұ.Тәжібаевтың «Майрасындағы» — Дүрбіт бейнелері өз алдына бір төбе. Сондай-ақ сахнагер орыс және шетел классиктерінің шығармаларында да көп ойнады. Атап айтсак, М.Горькийдің «Шыңрау түбіндесінде» — Барон, Н.В.Гогольдің «Ревизорында» — Хлестаков, У.Шекспирдің «Отеллосында» — Яго, «Асауға тұсауында» — Транио, Ж.Мольердің «Сараңында» — Гарпогон сынды табиғаты сан қилы тағдырлар Қармысов қолтаңбасында ұлттық театр тарихында өз өрнегімен, даралығымен мәңгілікке танбалған. Әйгілі актер театрға ғана емес, кино өнеріне де көп еңбек сіңірді. «Абай әніндегі» — Оспан, «Махаббат дастанындағы» — Жантық, «Дала қызындағы» — Әмірхан бейнелері сөзімізге дәлел. Әсіресе, 1957 жылы Шәкен

Айманов таспалаған «Біздің сүйікті дәрігер» фильміндегі Камал Қармысов кейіптейтін сиқыршы рөлі көрерменін күні бүгінге дейін бейжай қалдырмайды.

«Театрда режиссер ойын сөз мысқылынан түсінетін, стол басындағы репитицияның

соғылысып, сандалбай сенделіске түсер еді» — дейді театр сыншысы.

Жантық рөліне дейін ұзақ жылдар бойы Қозының бейнесін кейіптеп келген актердің адал, аңғал Қозыдан зымиян, әккі Қодарға



Қармысовтың қайталанбас кейіпкерлері

ауысуын кезінде көрермендер сатқындық деп қабылдап: « Қозы сияқты жаны соншалық таза адамнан Жантықтай кара жүректі жауызға айналуға қалай ғана дәтіңіз барды? — деп арнайы хат жазыпты. Үшбу хаттың мәтінімен танысып шыққан сахнагер: «Бұл хатты алғаннан кейін көңілім орнына түсті. Демек, мен қолымнан келгенше, дұрыс істедім. Егер көрермендер тарапынан басқалай сезім болса, ол сәтсіздік болып табылар еді» — депті сонда.

ҚАЙТАЛАНБАС «ХЛЕСТАКОВ»

Актер сатиралық рөлдердің айрықша шебері болған. Сахна майталманы қандай бейнені кейіптемесін, ең әуелі кейіпкердің ішкі дүниесіне, мінез-құлқына лайық сырт кескінін табуға көп көңіл бөлген. Әсіресе, орыс жазушысы Н.В.Гогольдің әйгілі «Ревизорындағы» Хлестаков рөлі К. Қармысовтың сомдауында қайталанбас бейне тудырды. Ресей астанасында өткен Қазақстан театр онкүндігінде мәскеулік сыншылар бірауыздан Камал Қармысовты «Кенестік сахнаның ең үздік Хлестаковы» деп таныпты.

Қазақ Хлестаковты жазбай тануда ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің көргендігін айтпай кетуіміз әділетсіз. Хлестаков рөлінің Камал Қармысовқа қалай бұйырғандығы жөнінде жазушы Әбділда Тәжібаевтың естелігінде жақсы жазылады: «Әдетте Мұхтар Әуезов пьесаларға жасаған аудармасын достарының талқысына салып отыратын. Мұндай оқиғаларға жазушылармен бірге артистер мен режиссерлер де қатысатын еді. Маған да бірде тамаша аударылған «Ревизор» спектаклін талқылауға қатысуың сәтті түсті.

Көз алдымнан мына бір сцена әлі күнге дейін кетпейді. Пьесаны талқылау аяқталғаннан кейін Шәкен Айманов орнынан атып тұрып, Хлестаковты өзі ойнайтындығын мәлімдеді. Бірақ Мұхтар жұмсақ дауыспен және талапты түрде бұл рөлді Камал Қармысов ойнауға тиісті деді. Өйткені, Гогольдің Хлестаковты қатқан қайыстай арықтұғын деді.

Айтты — бітті. Осылайша қазақ сахнасындағы Хлестаковты Камал Қармысов сомдады. Бұл характерлік рөлдерді ойнайтын талантты актердің тамаша бейнелерінің біріне айналды» — дейді жазушы.

Мұхтар Әуезовтің айтқаны айдай келді. 1936 жылдың 20 қазанында өткен спектакль премьерасынан кейін «Ревизор» жайлы, ондағы Хлестаковты шебер ойнаушы К.Қармысовтың таланты хақында мақалалар газеттің бетін бермей, толассыз жарияланады. Тіпті Ритман Фетисов есімді журналист «қазақтардың ішіндегі орыс» деп жазалды. Себебі сахнагердің сырқы болмысы, түр-тұрпаты орыстарға көбірек келетін. Грим жасағанда тіптен аумай кететін көрінеді.

Жалпы, «Ревизор» комедиясы — қазақ театрының классикалық шығармаларды менгерудегі шырақу биігі. Мұнда патшалы

Ресейдің іріп-шіріген қоғамдық құрылысының көп сырынын беті ашылады. Үкімет аппаратындағы шенеуніктердің пасық өмірі, дөрекі қылмыстары, арамзалық небір сұмдықтары әшкереленеді. Мұхтар Әуезовтің аудармасымен режиссер Илья Боровтың режиссерлігіде көрерменге жол тартқан қойылым қазақ сахнасындағы үлкен оқиғаға айналады.

ЕРЕКШЕ «ЯГО»

Камал Қармысовтың сахнадағы келесі шоктықты образдарының бірі — Шекспирдің «Отеллосындағы» Яго рөлі.

Өткен ғасырдың 40-шы жылдарының басында батыс классикасынан Мұхтар Әуезовтің аудармасымен У.Шекспирдің «Отелло» қойылымы қазақ көрермені назарына ұсынылады. Сахна маманы М.Соколовскийдің режиссерлігімен қойылған бұл қойылым Қазақ театрының шығармашылық өсу жолында елеулі орын алады. Спектакльдің негізгі ерекшелігі — трагедия екі бөлек актерлер құрамымен дайындалады. Бірінші құрамда Отеллоны Елубай Өмірзақов, Ягоны Серәлі Қожамқұлов, Брабанционы Қалибек Қуанышбаев, Дездемонаны Нәзекет Ипмағамбетова ойнаса, екінші құрамда Капан Бадыров — Отелло, Камал Қармысов — Яго, Айша Абдуллина —Дездемона кейпінде сахнаға шығады. Бір

қойылым болғанына карамастан, «Отеллоға» екі құрам бір-біріне мүлдем ұқсамайтын екі түрлі қырынан келеді. Сақталған деректер екінші құрам жұмысының дұрыс сахналық шешім тауып, сәтті ойын үлгісін көрсеткенін айтады. Мұнда Камал Қармысов тек қойылымдағы рөлін шебер ойнап қана қоймай, сахнада түрлі тапқырлығы мен алғырлығын да танытады. Әсіресе, актердің айрықша қасиеті — есте сақтау қабілетінің ғажаптығы көптеген тығырыктан абыроймен алып шығады. Камал Қармысов сахнада өзінің ғана емес, серіктестерінің де рөлін жатқа білген. «Отеллоның» алғашқы қойылған жылдарында Қапан Бадыров екеуі бірі — Отелло, екіншісі — Яго болып серіктесіп ойнайды. Сондай бір кезекті спектакль үстінде Отелло—Қапан сөзін ұмытып қалады. Бұл жөнінде ғасыр жасаған ғұлама актриса Хабиба Елебекова апамыз былай деп еске алады: «Қапан күшті актер болатын. Яго — Камалды төбесіне көтеріп алып, сөзін айтып келе жатып, бір уақытта репликасы ойынан сарт шығады. Не істерін білмей, сахнаны әдейі айналып жүрген құсап, көрерменнен алысырақ кетіп Камалдан: «Менің сөзім қалай?» дегенде, Камал айтып жібереді. Сөйтіп, актерлердің өзара түсіністігінің, Камалдың алғырлығының арқасында спектакль сәтті өтеді. Қойылымды тамашалап отырған Мұхан ойын біткен соң келіп: «Әй, Қапан, сенің сахнаны айналып жүргенің — табылған шешім екен. Актерлердің барлығы спектакльдің басынан аяғына дейін орнынан қозғалмайды, динамика болмаушы еді. Мына әрекетін тапқырлық болған екен. Бұдан былай осылай етсең, жақсы болады» — деген екен. Камал ағамыздың бұл тапқырлығы 1936 жылғы Мәскеуде өткен қазақ өнері мен мәдениетінің онкүндігіндегі Бекежанды сомдаған Құрманбек Жандарбековтің даусы жетпейтіннің дер шағында түсіне қойып, ойын ортасында күліп жіберіп тығырыктан шыққан тапқыр әрекетін еске салады. Жалпы, актер үшін тапқырлық, тез ойлай алушылық аса қажет қасиеттердің бірі. Сахна дер шактык өнер болғандыктан, көпшіліктің алдында қандай келенсіз оқиға болып қалса да, ым-жымын білдірмей тігісін жатқызып әрі қарай ойнап кет, — актер шеберлігінің ең ұрымтал тұстарының бірі. Осы бір қасиеті арқылы да актердің шеберлігін тануға болады. Бүгінде, өкінішке қарай, өнер мамандарының көпшілігі дайын мәтінді зуылдапты жаттап алуға әуес. Сахнадағы сәттік қолайсыздықтарда тапқырлық танытуды былай қойғанда, сөз астарына үңіліп, мағынасына бойлайтындары да некен-саяқ. Жүректің көзінен өткізіп айту жетіспейтіндей көрінеді. Бұл — спектакльдердің әлсіз шығуына өз салқынын тигізбей қоймайды.

АСАУҒА ТҰСАУ...

Шекспирдің «Асауға тұсау» комедиясындағы Камал Қармысов сомлайтын Транио бейнесі аса үлкен рөл емес. Бірақ актер өзінің ішкі терең сәулесімен, философиялық кең толғаныстарымен кейіпкерін қойылымының басты тірегіне айналдырады. Пайғамбар жасына келгенше сахнада Транио болып, сан түрлі қимыл жасап, шапшандығынан танбаған актердің бұл да өзгелерден оқшау дараланар артықшылығы. 60 жылдық мерейтойында ойнаған Траниосы көрерменін тамсантапай, таңғалдырмай қоймады. Осы рөлін ойнау үстінде неше түрлі шенбер жасап, дөңгеленіп, төбесімен тұрып, шыр көбелек айналған сахнагердің әсем де әсерлі пластикалық қимылдары, цирк әртісіне тән өнері Хлестаковтан кейін тағы бір мәрте таңдай қактырған еді.

«Мәскеулік театр мамандары бәрі бірдей таңданысып: «Япыр-ау, алпысқа келген кісінің мына қозғалысында не сыр, қандай сиқыр бар? Ғажап қой! Ғаламат емес пе?» — деп, — естері кете тан қалғаны өтірік емес, оны өз құлағымызбен естілік» — деп пікір білдірген театр сыншысы Әшірбек Сығайдың ойы, актердің шеберлігі хақындағы пікірі Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, актриса Хабиба Елебекованың естелігінде былайша жалғасады:

«Қойылымда кейіпкерлердің атқа мініп шабатын тұсы бар. Бір-бір таяқты ат қылып ұстап алып Шәкен мен Хадиша атпен шапқандай кейіп жасаса, Камал есектің жүрісін салады. Қимылының шынайы шыққандығы соншалық, залда күлмеген адам қалмады. Шек-сілелері қата қырын-топан күлкінін астында қалды. Сондай қызық көрініс болушы еді. Жалпы, Камал шебер актер болатын. Қолынан келмейтін нәрсссі болмайтын. Жағымды да, жағымсыз да рөлдерді шегіне жеткізіп ойнаушы еді».

Ұлы суреткер М.Әуезов аударған бұл комедияны 1943 жылдың 16 қазанында Мәскеудің А.В.Луначарский атындағы Театр



өнері институтының тәжірибелі оқытушылары О.И.Пыжова мен Б.В.Бибиков қояды. Шекспир комедиясының пернесін дөп басып, өткір де асау Катарина рөліне Хадиша Бөкееваны, ақылды да озық ойлы Петруччо бейнесіне Шәкен Аймановты, Петруччоның елгезек, қайғы-уайымды білмейтін адал жанды қызметкері Грумио мен алып-ұшпа қағылез Транио бейнелеріне Сейфолла Телғараев пен Камал Қармысовтың дөп таңдалып алуы да қойылымның сәтті сахналануының басты жеңісі болғаны анық. Спектакльдің табысқа жетуі әуелі жақсы драматург пен ұшқыр режиссерге, одан кейін талантты актерге байланысты. Осы тұрғыдан, осы өлшеммен келгенде Камал Қармысовтың сахнада салған соны соқпағы өкшесін басып, ізін жалаған өнерпаздарға ғұмырлық тағылым. Профессор Әшірбек Сығайдың сөзімен түйіндер болсақ, классикалық аударма қойылымдардағы Яго, Гарпагон, Хлестаков бейнелерінің қазақ көрерменіне етене таныс болып, жаңға жылы ұшырауының негізгі күдіреті —Камал Қармысов өнерінің шырақу биігі деп қаралғаны жөн.

Нәзерке ЖҰМАБАЙ,
Астана

Ару-Ана

Калекен бұдан соң екі-үш жыл өткенде оқу бітіріп, жолдама бойынша Шымкент қаласына жұмысқа жіберілген Зайдаһан өлденеше мәрте соңынан іздеп барып, талай сарсылған сияқты.

— Ағай бірден сөз салды ма? Бастапқыда толқыған шығарсыз біраз, — деп сыр аулаймыз апайымыздан. — Әуелгіде ешбір әңгіме болған жоқ. Кейін ғой іздеп келгіпшіті бастағаны. Әрине, екі тәрбиеде болған адам. Дін оқуы мен жанаша білімді қатар алған кісі. Едәуір жас айырмашылығымыз жөне бар. Соның бәрін ойлайсың ғой енді. Қалай болар екен деп...

Әйткенмен, аса көп тартынбағандай. Айдарынан жел ескен арқалы акын. Жалыны қайтпай, жаркылдап жүрген жарқын мінезді жан.

— Жазушы Амантай Байтанаевтың Әбіш деген ағасы бар еді. Шымкент пединститутында профессор. Темірғали Нұртазинмен бірге Сарыағашқа барған Калекен жолай қалаға соғып, сол Әбекеннің үйіне түседі. Қалт еткенінде тағы да мені іздеген. Алланың маңдайға жазған тағдырынан құтыла алмайды екенсің. Ақыры қосылып тындық.

Әдебиетке ерте араласып, 1934 жылы өткен Жазушылар одағы съезіне Павлодардан келіп қатысқан жас Қалижанды делегация басшысы Ұәли Ахметов деген кісі Сәкен Сейфуллинге: «Мына жігітіміз баяғыда Ақан серімен айттысқан Нұрғожа ақынның баласы» деп таныстырған екен. Сонда Сәкен: «Ә! Нұркенді білем ғой. Таланттысын ба?!» дейді өзімен имене сәлемдескен балаң жасқа сынай карап. Сонда Қалижан: «Ептеп...» деген көрінеді күмілжіп.

Алғыр жас осыдан соң-ақ сұңқар Сәкен ағасының сенімінен шыға бастаған. ҚазПИ-ге түскен. Үздік оқып, Пушкин атындағы стипендиат атанған. Үшінші курста жүргенінде оны Сәбит Мұқанов өзіне қосалқы соавтор етіп алып, 6-8, кейінірек 9-10-шы кластардың оқулықтарын жазуға қатыстырады. Осылайша дарынды жігіт 1937-ден 1950-ші жылға дейін оқулық авторы болып келіпті. Бүкіл Шығыс, Батыс әдебиетімен ертеден танысып үлгерген зерек жастың ізденімпаздығын Мұхтар Әуезов те жоғары бағалайды. Бұ кісі де 1940-шы жылы «Тарту» аталатын кітап үшін осы студентпен бірігіп «Мәдениетті Қазақстан» аталатын мақала жазыпты. Сөйткен Қалижан төртінші курста жүріп-ақ «Комсомол» баспасына бас редактор болып тағайындалады. Кейін сонда директор қызметіне жоғарылайды.

Міне, осындай жетістіктің бәрі кейбіреудің ішін күйдірмей ме. Үстінен жазылған домалақ арыз көбейеді. Сондағы басты «дерек» — бұл ежелден ұлтшыл-буржуазияшыл Сәкеннің «құйыршығы» еді; баяғыдан сонымен ауыз жаласқан жансыз еді деген сөз екен. Ақыры, не керек, жастар ұйымы қатарынан аластайды, кейін институттан да шығарып, Қарағандыға «жер аударалы». Әйтеуір, бірталай ит-әуреге салып барып, қатарға қайта қосалды. Алайда 1950 жылы қудалау тағы басталған. Калекен 1939 жылдан жазған «Батыр Науан» дастанын 1940 жылы Сәбен мен Мұхана көрсеткен көрінеді. Сонда 1934-ші жылы өзінің «Хан Кене» пьесасы алғашқы қойылымынан соң-ақ сахнадан алынып тасталған Мұхтар Әуезов: «Жаксы-ақ жазыпсың. Бірақ даулылау тақырып еді. Қайдам. Кейін қиын болып жүрмесе» деп ернін жымырып, бас шайқайды. Айтқанындай-ақ, осы шығармасына байланысты саяси қуғын жөне жалғасыпты. Бұ жолы партия қатарынан шығарылып, жұмыстан кетіріледі. Атақ, марапат атаулының бөрінен жұрдай қылады. Сол тұста Мұхан оңаша шақырып алып: «Бүйте берсе сені, тіпті түрмеге тығудан тайынбайды. Сондықтан, іс аяғы тыншығанша дереу Түркіменстанға барып бас сауғалай тұрғанын жөн. Мен де Мәскеуге кетіп барамын» депті. Ақынның көрші елді сағалап үш-төрт жыл жүретіні осы кезең. «Түркімен қызына», «Ташауыз» дегендей бірқатар өлең топтамасын жазатыны да сол жылдар...

Әлбетте, мұндай озбырлық сезгір акын жанын жараламай тұрмайды. Онсыз да шамшыл, кіді адам жазықсыз талауға түскен соң окта-текте ашу-ызға ерік беруі де заңдылық секілденеді. Бұлардың кейде тоғышарлық, әділетсіздік атаулығы төзбей, тарпандық таңытаыны содан. «Сауалына қарай — жауабы».

Осындайда Калекеннің жақын достары — Бауқен, Қасым, Жұмағали Саин, Тайыр Жароковтардың бір тектес



кісілер екенін ойлайсың. Айналадағы қисынсыздыкқа көп кезігіп, теперішті жиі көрген бұлардың бәрі де білімсіздікті, қанатсыздықты сонша ұнатпаған. Ал біз өз жетесіздігімізден тірліктегі кейбір қарапайым ғана құбылыстар мәніне бойлай алмайтын дәрменсіздігімізді ескермей, бұлардың терең жан әлеміндегі дүмпулердің сырын бір ұыс түсінігімізбен өлшеп, «ой, мінезі нашар екен!» деп кінәлай салуға дайын тұратынымыз еске түседі. Тіпті онымен де қоймай, өзімізді періште санап, «бұлар біздей емес — өте қиын, күрделі адамдар» деп қоғамдық пікір туғызуға тырысатынымыз бар. Бір қызығы, Қалижан ақын кейдегі қызбалық, албырттық әрекетін кемшілікке балап, кінәні өз бойынан іздейді. Мәселен, «...Түзедім жүзі қырлы мінезімді, көп түсіп комсомолдың талқысына» дейді бір өленінде. Ал осы, жалынан сипатпас жолбарыстай адуын мінез иелерінің көңілінен шыққан адамының құлы болып кетуге де арланбай, ондайла даладай дархандық танытып, жібектей есіліп, гүлдей үлбірейтіні тамсантады. Әйтеуір, асау Калекен Зайдахан апайымыздың алдында тәк тұрған. Сүйіспеншілік құдыретінен шығар. Ақын Ақұштап Бактыгереева Қалижан ағасының осындай «әлсіздігі» деп басып:

— Басы ешкімге иілместей көруші ек, Мұрты ешкімге сүйілместей көруші ек. Сол ақынды табындырып өзіне, Жарым деді Зайдахандай келіншек, —

Тағдыры күрделі Қалижан ақынның Баянауыл тауларындай мұнарланған сан қатпарлы сыры көз жеткізбейді. Әйтеуір, аштық пен соғысты өткеріп, тас шайнап өскен буын өкілінің мейлінше шырайлы күндері Зайдахан апайға кезіккеннен кейін басталғандай.

Бұған дейін «халық жсауы» Сәкен Сейфуллинмен сыбайласқан деп бір қуғындалса, тыйым салынған Кенесары, Наурызбай тақырыбын қаузайтын «Батыр Науан» поэмасын жазғаны үшін тауқыметті екі тартқан Қалекен осы тұста бұрынғы қосағымен де ажырасым үлгерген екен. Араларында бала болмапты. Баянауылдағы өз қыстақтары Әулиелі Қызылтаумен іргелес «Шықылдақ» ауылында Зайдамен алғаш жолыққанында қырықтың қырқасына шыққан сарыгідір жігіт ағасы. Бірнеше жыр жинағы шыққан белгілі шайыр. Жаз айында кезекті демалысын пайдаланып, Шідерті мен Өлеңті тұсында отырған апаларын іздеп барып жатқан беті көрінеді. Болашақ жарын сол сапар шығратады. Қолаң қара шашын жел тербен, жанарынан от ұшқындаған айдай қыз сезімтал ақын жүрегін бір көргеннен-ақ дір еткізсе керек. 1959 жыл. Онда Зәкең ҚазГУ-дің тарих факультетінің үшінші курс студенті. Жоғары оқу орнының шәкірттерді көршілес елдерді аралататын сол кездегі салты бойынша Москва, Ленинград, Киевті шарлап, кеше ғана каникулға келіп, сағынған анасы Айытша ана мен әкесі Жанай ағаның көзайымы боп жүрген кезі.



деп толғайды. Бірде Калекеннің өзі де өмірін гүлдендірген жан-жарына: «Ошағымның отын маздатып, шаңырақты сәби күлкісіне толтырдың. Рахмет. Мың жаса!» деп шын ризалығын білдірсе керек. Біз Зәкеннен ақынға әйел болудың қызығы мен шыжығы туралы сұрадық.

— Бәрі айтады, акынмен тұру өте қиын деп. Рас, о кісілер шабытттары келіп, көңілденген кезде көлдей, ал ренжіп тұрса өте кінәмшіл, саған да біртүрлі; өзіңді ынғайсыз сезінетін сәттер болады. Бірақ ешқашан қарсы келген адам емеспін. Қайта, ынғайын бағып, әрдайым көңілін табуға тырысатын едім. Сондықтан шығар, өзара сыйластығымыз күшті болды. О кісінің жасы үлкен екенін де біліп шықтым ғой. Шыққансын, қандай қиыншылығы болса да төзіп, адал серік болуға тиіс екенімді ұмытпалым. Және біздің қазақ әйелінің шыдамдылығы, көнтерлілігі ертеден мәлім емес пе.

Иә, халықтың ежелден қалыптасқан теңдессіз неке, отбасы институты қағидалары қатаң сақталса, қоғамда белен алған ажырасу оқиғалары мейлінше азаяр еді-ау деп қиялдайсың кейде.

— Шешем марқұм ер-азаматты пір тұтып, қалірлеу туралы үнемі айтатын-ды. Өзі әкемізді керемет әспеттеді. Мысалы, інлерінің немесе басқа ұлдардың, әкейдің жора-жолдастарының бас киімдері жерде жатса тұра ұмылып, көтергенше асығатын. «Ер

адамның бас киімін жоғары ұстаған жөн, олар шаңырақтың тірегі, отбасының қорғанышы» дер еді. Қазір мен де немерелеріме соны айтамын. Тұңғышымыз Гүлнардың қызы тұрмысқа шығарла күйеуіңді сыйла, ата-ененді қастерле деп құлағына құюмен болдым. Әлі де сөйтемін. Бәріне де нан илеу, кеспе кесу, бауырсақ пісіру, ет асуды жастайларынан үйреткенмін. Енесі бірер күннен соң қамыр дайындай аласың ба деп сұрапты. Иә, әрине, деген ғой. Кім үйретті дегенде, «әжем» деген екен, өте риза болыпты...

Калекен мен Зәкендердің заманында жазушылар арасында үй ұстау, қонақ шақыру, кісі құту ісінің өзара үлкен мектеп болғанын білеміз.

— Қазір жаксы ғой. Бәрі дайын. Біз қонақ шақырарда бір апта бұрын күні-түні шабылатынбыз. Шәк-шәк секілді десерттік тәттілер мен тортка дейін өзіміз пісірдік. О кезеңде мерейтойлар үйде жасала беретін. Сәбит ағамыздың бәйбішесі Мәриям апай дастарқан даярлау жағынан ұстазымыз болды. Көбіне сол кісіден үлгі алатынбыз. Одан соң Жұбанның үйіндегі Софьядан да үйренетін нәрсе көп еді. Еске түседі, 1970-шы жылы қазан айында Жұбан Молдағалиев елуге келді. Үйіне бардық. Сәбен, қос Ғабеннен бастап бәрі жиналды. Хамит Ергалиев, Серік Қирабаев,



Зайдахан Жанайқызы, 1958жыл.

Толған айдың шуағы



*СӨЗСЫРҒА

ЖОҚШЫҢ БОЛСА ОСЫНДАЙ!

Арқалы ақын Қалижан Бекқожин дүниеден озған соң бірнеше жинағы жарық көргенін білеміз. Әсіресе, қаламгердің бертінде «Қазақпарат» баспасынан шыққан 80 баспа табақ таңдамалы шығармалары ерекше көз тартады. Зайдахан Жанайқызы осы жинақты шығаруға тікелей мұрындық болған Дархан Мыңбай бауырына бек ырза болып отыр. Кезінде жолдасы туралы «Өлеңім – өмірім» естеліктер жинағын құрастырған Зәкең енді ақынның сегіз томдық кітабын шығармақшы. Оның екеуі қазірдің өзінде қолға тиіп үлгерді дейді өзі. Бір атап айтарлығы, құрастырушы кезінде «қырағы» редакторлардың қайшысына түсіп кеткен жолдарды қалпына келтіруге ұмтылады. Мәселен, Қалекеннің 1944 жылы Бауыржан батырға арнап жазған он үш шумақтық өлең аяусыз қысқартылып кетіпті. Ол жолдар мынау:

— Ерлерін елі сүйген артық туған, Әлпештеп белгі таққан алтын тудан. Мен сүйдім елдің ұлы ер екен деп, Кешегі Кенекеме тартып туған.

Есіңе ал Кенекемді кешегі өткен, Кеудесін кек пен отқа төсеп өткен. Айбатты от екпінді Арқадағы, Даланың дауылындай есе кеткен.

Талқандап талай тауды тасырлаған, Өзінен аруағын асырмаған. Қанды жау қаптаса да қамзуға алып, Кенекем жеңілмеген, бас ұрмаған.

Сенің де сондай болсын ер атағың, Кенекендей сүйген ұлы бол атаның. Мақтансын туған елің дабысыңа, Қорғаған батырым деп ұл Отаның!

Тұрсынбек Көкішев сияқты барлық көрнекті ақын-жазушылар бар. Бірден көз тартқан нәрсе — ақ матадан жасаған дастарқан керемет екен. Қайран қалдырды. Салфеткаға дейін шатырдай аппақ. Және оны өзгеше тартымды мәнермен сәндеп, қаттап қойған. О кезде өте тансық көрініс. Қатар жайғасқан Сырбай Мәуленовтің әйелі Гүлжамал: «Мынаны қалай істеген?!» деп сыбырлайды. Мән-жайды пайымдап үлгерген мен: «Бәрін де жақсылап крахмалдап барып өтектеген екен!» делім. Міне, осылайша, бір-бірімізден жаналық атаулыны дереу қабылдап, өркениет жағынан ақырындап алға жылжып отыратын жағдайларымыз баршылық еді.

Калекен мен Зәкеннің өздері де аса меймандос үйелмендердің бірі болған секілді. — Калекеннің тік мінезділеу кісі көрінгені рас, — дейді Зайда апай. — Шындықты бетке айтады. Біреудің өтірікшілдігіне шыдай алмайды. Тан қаларлықтай әділ. «Асыл адам айнымас» дегендей, достыққа, жолдастыққа берік-тің. Сеніскен адамын хан көтере қастерлейтін өте адал, парасатты жан еді. Сосын, көпшіл болатын. Сыртқа шықса бір қора жолдасты топырлатып алып келеді. Қолы ашық. Ауылдан біреулер келсе, соларға киім-кешек әперіп, маған: «Сағат алсан қайтеді, жүзік, сырға әперсеңші» деп отыратын. «Шақырсақ» деген бір өлені бар. Сондағы:

— *Өтін жатыр басымыздан жақсы шақ, Ұлғайғанда жұрмейікші жатырқап. Зайдахан-ау, қант пен шайың жете ме, Дос біткенді үйге түгел шақырсақ,* —

дейді. Мәриям апай секілді жеңелерін керемет сыйлады. Мен, тіпті Сәкен Сейфуллиннің зайыбы Гүлбарам апайдың өзін студент кезімнен білетін едім. Гүлбарам Батырбекқызы — өте ісмер адам болатын. Талай көйлек тігіп берген бізге. Калекеннің Гүлбарам мен Мәриям апайларды, Абай кіндігінен тараған қыздарды түгел үйге шақырып, жаксылап күтіп, бағалы сыйлық тарту еткен сәттері де бар. Гүлекен аса келісті, келбетті кісі-тін. Мәриям апайдың өзі Гүлбарам тәтенің алдында ізет сақтап, құрметтеп отыратын. Өзді-өзді сыйластық мәнін солардан үйрендік. Тағы бір еске түсетін нәрсе — Мәриям апай Қалижан кеткеннен кейін біраз күндерден соң маған: «Сен, Зайда, бұрын Қалижан барда киініп жүрсің бе, киінбей жүрсін бе, ол онша есептелмейтін. Ал қазір жұрт қатал сын көзімен қарайды. Сондықтан, тәуір киініп, түзу жүр!» деп үйретті. Үлкендік өнеге деген осы. Қазір бойымызда әлдебір жаксы қасиеттер көрінесе, көбі сол асыл апаларымыздан алғанымыз...

Калекеннің азан шақырып қойған аты Қалимұхаммед екен. Ал өзінен үш жас үлкен жалғыз ағасы, атақты профессор Қайыржан Бекқожинның шын есімі — Қайырмұхаммед. Кезінде бұ кісілер туралы бірталай жйіттгі айтқан да едім. Қазір оны қайталап жатудың реті жоқ. («Қазақ әдебиеті». №34. «Қос жұлдыздың біреуі». 24.08. 2001 жыл). Калекен осы кісі өмірден озғанда қатты қайғырады. Сол секілді майдаңда жастай мерт болған дарынды ақын достары Абдолла Жұмағалиев пен Әли Есмәмбетовті жиі-жиі еске алады екен.

Тарихи тақырыпты жаксы білген Қалижан Бекқожиннің лириктик әм эпиктик қырлары тең ұстауы да тамсantпай қоймайды. Сәбит Мұқанов «Ілиястың дастаншылдығын осы Қалижан лайықты жалғастырып әкетті» деп жоғары бағалаған. Шалқар шабыт отын өмірінің соңына дейін сытпаған арынды ақын қыруар мұра қалдырыпты. Ол өзін жан шуағына бөлеген жан-жарына да көптеген өлендер арнаған. Сондай атақты жырларының бірі:

— Тереземді перделеме, Зайдахан, Күлімдеген жұрттың жүзін көрейін. Тыңдап бақтап бұлбұл даусын сайраған, Бәйтеректей көтерісің мерейім, — деп басталады.

— Жаксы өлең шықса шалқып-тасып, керемет қуанатын еді. Ылғи «Mercedes — Prima» машинкасымен әдемілеп басып берем. *(Бұл құнды дүниесі ескі болса да әлі күнге дейін сақылдап істеп тұрғанын көрдік. Зәкең ақынның тағы бір механикалық басу машинкасын Керекудегі Қалижан Бекқожин атындағы мектептің мұражайына тапсырғанын айтты. К.М.).* — О кісі өленін оқып беріп отырған сәтте: «Мына бір тұстың бояуы солғындау емес пе екен?» — деп немесе: «Ана бір жерді екі мәрте қайталап жіберіңсіз!» деп қалатыным болады. Сонда: «О! Дұрыс екен! Қазір жөндейміз. Менің бірінші редакторым да, сыншым да сенсін. Керемет! Ақын болмасаң да, өте сауаттысың!» деп өтірік-шынын араластырып мақтап қоятын...



Жас ақындар Абдолла Жұмағалиев пен Қалижан Бекқожин

Әңгіме арасында ақын бакталастарының Калекен мен Қасым Аманжолов екеуінің арасына от тастаған кездері де айтылмай қалмады. Мұндай кезеңдердің жұртқа беймәлім қалтарыс-қырларын да Зәкеннен артық ешкім біле қоймайтын сияктанады. Әйтеуір, кейін екі дос бөрің түсініп, қайта табысқан екен. Сондай-ақ Шәкен Аймановтың әйгілі «Біздің сүйікті дәрігер» кинофильмі Баянауылдан шыққан атакты дәрігер Хабиб Барлыбаев өміріне негізделгенін көпшілік біле қоймауы мүмкін. Міне, Қалижан ақын сол Хабаңмен де жаксы қатынаста болып, етене араласыпты. Осындай көптеген қызықты жәйттердің тірі куәсі болып, ұзақ уақыт заңғар ақынмен қанаттаса ғұмыр кешкен Зайдахан апай бұл төніректе де көл-көсір сыр ағытты.

Құттолеу МҰҚАШ

12 ҚОРҒАН

Он жыл білім партасын артқа тастаған Хиуаз төтесінен Мәскеу аттанып еді. Көңілінде еш алан болмаған және осы бір жастайынан көкейінде әбден пісіп, жетілген ұлы мақсат жолында ештемені де елен қылғысы келмеген. Қыз сыры жаңуяға мәлім. Құстың тек ұшуға ғана жаратылғаны секілді Хиуаздың да жалғыз арманы ұшқыш болу екенін көміл сезген әке мен шеше оның бұл сапарына оң жол тілегеннен басқа алабөтен әңгімеге бармаған. Ал, Хиуаздың көңілі ток, кобалжудан ада еді. Өйткені, оның білімі мен еңбегін айғақтайтын қолындағы куәліктері еді. Оның бірі он жылдықты бітіргені туралы аттестат болса, екіншісі соншама уақыт сарылып, соңына түсіп жүріп, аэроклубтан алған қосалқы ұшқыш-штурман деген куәлігі болатын. Екі куәлік Хиуаз үшін құстың қос қанатындай еді. Айтуға оңай болғанымен, аэроклубтан алған штурмандық құжатта оңайлықпен қолға түспеген.

Сол жылы аудандық комсомол ұйымы жаңа бастама көтеріп, қалада аэроклуб ашқан еді. Өйткенмен, бұл сыры бөтен, тосын оқу орнына барушылар тезінен табыла қоймаған. Тіпті ешкім де маңына бармаған. Ұшқыш, штурман деген ұғымдар әлі санасына сіңе қоймаған аймақ бөріне де немкетті, жат қараған. Сол бір қиын шақта білек сыбанып, тәуекел деп жаңа клубка мүше болған да Хиуаздың өзі еді. Хиуаз клубка жазылғаннан кейін-ақ мәселенің түйіні шешіліп қоя берген. Клуб мүшелерінің саны күн санап артып, жас қыздың серіктестері молыға түскен. Аэроклубтың тосын сынақтарынан сүрінбей өтіп, ең алғашқылардың бірі болып, керекті құжатты алған да Хиуаздың өзі еді...

Ал білім турасында алған аттестаттың өңі басқа, түсі өзгеше болатын. Олай болатыны бұл кіл бестіктер маржандай тізілген алтын белгінің айрықша қағазы еді. Ұшқыштық куәлігі де көз қуантады. «Мен қалайда өзім дiттеген оқу орнына түсемін,— деген тоқтамағ келді ол,— оған еш күмәнім жоқ. Менің жолым сайрап жатыр. Сол жол мені өзім болжаған арман асуларына жетелейтіні сөзсіз. Куәліктерімде мін жоқ. Ал денсаулығым да дау тудырмайды. Маған тек оқу және оқи беру бұйырған сынайлы. Ал оқуынды бігір де, халқына қызмет ете бер. Жолын болсын жас қыз!»

Бұл 1940 жылдың жазы болатын. Хиуаз Мәскеу келді. А.Жуковский атындағы Әскери-әуе академиясына құжаттарын тапсырған сәті еді. Құжат қабылдаушы аялы көгілдір көзді, ойлы пішінді шашы алтыннын буына ұстағандай сап-сары болып, құбылып, толқып тұратын жас келіншек екен. Хиуаздың құжаттарын алған бойда әлденеге риза болғандай, өңі қызғылт тартып, толқып отырып қалды.

— Бәрі жаксы,— деді содан соң, — бәрі де жаксы болады. Біздің академияға келген қадамына нұр жаусын. Бұл дегеніңіз — талайлардың атын әлемге мәшбүр еткен, шартарапқа аты мәлім киелі оқу орны. Небір дүлдүл ұшқыштар осы оқу мекемесінің қабырғасынан түлеп ұшқан. Демек, саған да орын табылады.

— Рәкмет,— деді Хиуаз қуанышын жасыра алмай,— рәкмет сізге. Үміттеріңізді ақтауға тырысамын.

— Мен қазақ қыздарының табиғатын жаксы танымын. Өйткені, менің үлкен атам Иван Никитч партия қызметімен Қазақстанда болған. Менің балалық шағым қазақ жерінде өтті. Сонда туып, есейдік. Жетінші сыныпты бітіргенше сонда тұрдық. Менің бір емес, бірнеше қазақ достарым да болған. Керек десең, мен аздап қазақша да білетінмін. Кейін Мәскеу көшіп кеттік. Бәрі де ұмыт бола бастады.

— О, сіз әуелі маған жерлес болдыңыз ғой.



— Солай, бір кездегі жерлесім десең де болады. — Сонымен, менің құжаттарым өтті ғой. — Иә, құжаттарын өтті. — Ал өзім қашан өтемін. — Өзін комиссия болған күні өтесің. — Жаксы, сізге алғыстан өзге айтарым жоқ. — Алайда қамсыз болма, екі күннің бірінде келіп, маған жолығып, нендей өзгеріс, жаңалық болып жатқанын біліп тұр. — Жаксы.

Хиуаз құжат қабылдаушының айтқанын бұлжытпай орындады. Араға екі-үш күн салып, академияға келіп тұрды.

Бірде көңілінде ештеме жоқ, бейкам келе жатқан қыз көзі хабарландыру тақтасындағы тілдей қағазға түскен. Онда «Абитуриент Х.Доспанова тезінен қабылдау бөліміне жолықсын» деп жазылыпты. Хиуаз шұғыл айтылған жерге келген. Өзіне таныс әйел

орнында екен. Жалырай күліп, жылы амандасты.

— Сені шақырған себебім, — деді сыпайы ғана сызыла тіл қатып, — мынаны айтқым келеді. Саған екінші мамандықты таңдауға тура келеді.

— Неге? — деген қыз шошына тіл қатып. — Негесі сол, адам деген жан-жақты болған жөн. Сынар езулеп, бір тұтқаға жабысып қалған болмайды.

— Онымен не айтпаксыз? — Айтайын дегенім сол, академияға ұлт қыздары қабылданбайды дегенді құлағым шалып қалды. Бұны мен арнайы сілтемеден оқығаным жоқ. Тегінде сондай бір кеусет бар.

— Ондай кеусет бұрыннан бар ма еді, жоқ, биыл ғана шыққаны ма?

— Ол жағын да анық білмеймін. Сен мені жаксы жағынан түсін. Осыны саған жаным ашығаннан кейін айтып отырмын.

— Сонда мен академияға қабылданбаймын ба?

— Қабылданасың, сенің студент болып қабылдануына мен барымды саламын.

Айта тұрғанмен де сақтық керек. Сонымен, сен Хиуаз Қайырқызы екінші мамандықты тыңғылықты ойластырып қойғаның жөн.

— Түсіндім...

Межелі уақытта қабылдау комиссиясы да болған.

— Сен аптықпа, істің артын күт, — деді мекеме хатшысы, — а дегенде кірем дегендер

Хиуаз

/Деректі хикаяттан үзінді/

кіре берсін. Ал мен сені артын ала өзім шақырамын.

— Неге артын ала, — деді Хиуаз жанары жарқ еткендей болып, — неге мен артына қалуға тиіспін.

— Асықпа, — деді ол жәйлап қана. Және осы сөзді бір түрлі салқын, селсоқ айтты. Әйел сөзінен көңілсіздік табын сезінген Хиуаз іштей тіксініп, шам алып қалған. Сөйтті де әліптің артын күтті.

Хиуаз кіргенде ана шеті мен мына шеті атшаптырым дерлік үлкен де кең кеңсенің дәл ортасына қойылған ұзын үстелдің екі жық қапталы сықасқан адам екен. Кіл ығай мен сығай байыптап орын теуіпті. Ал ұзын үстелдің ең төр жақ шетіне қасқа басының құлак шебі мен құж желкесіне жидіп түскен шашының жұканасы қалған, адырақ көзді мосқал әскери кісі жайғасыпты. Өзі осыған дейін мөнді-мөндісі шығып, боталап терлеп отырса керек. Әскери киімінің омырауын ашып тастапты. Жаялықтай орамал мен көзілдірікте тыным жоқ. Жаялықтай орамалмен дамыл-дамыл бетін, маңдайын сүргіштесе, жиегі жылтыраған көзілдірікті бір алып, бір киеді.


Хиуаз кірген бойда сәл кідіріп, тұрып қалған. Адырақ көзді, мосқал әскери адам болса, маңдайын тағы бір сүртіп алып, алдындағы құжатқа қарап:

— О, есіл Азия, төрлетіңіз, — деді шалқая тіл қатып.

Хиуаз үндемеді. Не деудің де ретін таппаған. Отырғандар тым-тырыс. Тек төрдегі төралқа бастығына жакын отырған майор шеніндегі қасқа бас, ат жакты келген, қушық ыықты жалақ сары ғана мыр етіп, күліп жіберді.

— Жолдас Илья Петрович Трошкин, — деді осы арада хатшы әйел отырған орнынан ұшып тұрып, — әдептен озбағаныңыз жөн. Сіздің алдыңызда тұрған қайдағы бір Азия емес, қазақ

ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ



Хиуаздың байқағаны сол, ол үшін өзі арман еткен оқу орнының есігі жабық екен. Бастықсымақтың айтып отырған сөзі анау. Өздерінен басқаны жан деп жарылқайтын түрі жоқ. Олай болса, енді аянатын не қалды. «Еруліге қарулы» деген. Тартынуға әсте болмайды.

— Жолдас бастық, — деді қыз ызадан дауысы дір-дір етіп, — сіз неге малды сонша көп айта бердіңіз. Әркімнің өзіне тиесілі малы, жанбағысы болады. Ол жағын біз



де жаксы білеміз, қирағатына келтіріп те айта аламыз. Мәселен, біз қойды көп жағалаймыз. Етінен, сүтінен тартып, бөрің пайдаға асырамыз. Кәзір осы араға қойдың піскен, көп-кою сүтін әкелсе, осы отырған бөріміз ішеміз. Ал басқаға емес, тура сізге доңыздың сүтін әкеп берсе, ішер ме еліңіз?

Мына сөзді естігенде бастық өзін төбесіне біреу мұздай суық суды құйып жібергендей сезінген. Адырақ көздері ашудан ақшыып, өңі көгіс тартты. Кенет қыздың көз алдына бас жібі шешіліп кетсе де, өзінің босанғанын білмей үйшік алдын сағалаған дүрегей төбет елестегендей еді. Полковник Трошкин не дерін білмей, дүлей ашуға булықты. Сарғыш түп басқан жұқалтын жүзі қып-қызыл болып кетті. Қалғандары үнсіз, ішімдегіні тап дегендей болып, мелшие қалыпты. Хатшы әйел осы арада әнтек мінез танытқандай болып, санқ етіп күліп жіберген.

— Күлуге ұлықсат жоқ,— деп бастық үстелді қойып қалған, — күлуге болмайды.

— Өкінішті, — деді қыз, — өкініштісі сол, іше алмайсыз. Бізді көп жағдайда қойға балап жатады. Біз бұған әсте намыстанбаймыз. Қайта қуанамыз. Өйткені, қой бірден-бір халал мал санатына жатады. Мұсылмандар оны бейіштің малына балайды. Біреулер осы сөзді киіміміздің бөрі қойдың жүнінен жасалғандықтан, қойымыз бен құшағымыздың жып-жылы болғандығынан айтатын болар. Ал сіз,— деп енді бастыққа окты көзін қадап, қатулана тіл қатқан,— доңыздың жүнінен тіккен киімді киіп көрдіңіз бе, оған да жауап бере алмайсыз. Өйткені доңыздың жүні болмайды, ол түлемейді. Бәлкім, сіз доңыздың жүнінен, не терісінен киім кимегендіктен, өзіңізден басқаға мейірімсіз, суқай, суық шығарсыз. Адам бойындағы жақсылықты, ізгілікті көрмейтініңіз де содан болар. Оның үстіне өздеріңіздің басыңыздағы бокты көрмей, өзгенің басындағы шокты көресіздер. Жығылып жатып, қисайғанға күледі деген де осы. Ойлап қарасаныз, бөрі де өкінішті.

Қыз сәл үнсіз қалып еді. Аузына жөнді сөз түспеген полковник Трошкин иттатайы құрысып, қатты шырйқан. Кеңсе ішінде қозғалыс, әбігершілік байқалған. Отырғандардың бөрінін басы салырап, миығы түсіп кетіпті. Хатшы әйел болса, бұл жолы өзін-өзі ұстай алмай булығы келіп, қатты күліп жіберген.

— Күлуге ұлықсат жоқ, — деп ақырды бастық, — күлуге ұлықсат жоқ.

«ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНАТТЫ ҚЫЗЫ» АТАНҒАН

«ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ», ТҰҒЫШ АСПАН СОҒЫСЫН БАҒЫНДЫРҒАН, ҰШҚЫШ- ШТУРМАН ХИУАЗ ДОСПАНОВАҒА АРНАЛАДЫ.

— Енді мынаны тынданыз, — деді неде болса тәуекелге бел буып, іштегісін тегіс ақтарып қалғысы келген қыз,— біз жаңағы өзіңіз айтқан қойдың ең ақыры қиына дейін қалдырмаймыз. Қыс демей, жаз демей отқа жағамыз. Астың неше түрін пісіреміз. Үйіміз де жып-жылы болып тұрады. Ал сіздің доңыздың қиына нендей ас пісіріп ішкеніңізді біле алмай тұрғанымды қарашы. Қойдың қиынан доңыздың осырығы әлдеқайда ашты, сасық болады. Бала кезіңізде доңыздың қиына талай тайып жығылып, үстiнiздi ластағаныңызды білемін. Әйтсе де шошқаның терісінен киім тігіп, қиына қандай тамақ әзірлегеніңізді қанша ойласам да, есіме түсіре алар емеспін. Мүмкін, өзіңіз түсіндірерсіз...

— Токтат, — деп бастық осы арада орыннан ұшып тұрып, үстелді тағы қойып қалған,— тоқтат. Осы сандырағында жетер. Ал енді есікті арғы жағынан қатты жап та, кете бер. Кет.

Сөйтті де, Хиуаздың құжатына «Әуе академиясына қабылданбаңыз» дегенді баттита жазып, өз қолымен қызға табыс еткен.

— Бара бер және кет, — деген өңі өрт сөндіргендей болып, — тезірек қараңды батыр. Есікті де аюдай қорбандап, ашумен өзі ашқан.

Қыз бар құжаттарын кеудесіне қысып есікке беттеген. Артынан күлкі буып, зорға шыдап отырған хатшы әйел де қосыла шыққан. Дарья Иванова есікті жапқан бойда бар денесі сезілдеп, дәлізді басына көтере күлкіге басып



еді. Өзін-өзі тоқтата алмай, естанды күлкіге жол берген. Хиуаз да қосыла күлген.

Хиуаздың бала кезден арман еткен әуе академиясы осылайша сәтсіз аяқталып еді...

Хатшы әйелдің күлдігі шыңға айналған. Хиуаз әуе академиясына қабылданбады. Алайда ол ауыл қайтпады. Ойлана келе, Мәскеудегі №1 медицина институтының емдеу бөліміне студент болып қабылданды. Мұның өзі жас қыздың Дарья Ивановамен етіне жакын танысуына әрі Мәскеуді жан-жақты жете білуіне көп септігін тигізген. Хиуаз өзін дәрігерлікке дайындады. Әйтсе де ойынан ұшқыш болсам деген бала кезден миына сіңген ізгі арманы еш кетпеп еді.

Арада жыл айналып өте шыққан. Хиуаз аталған институттың бірінші курсын ойдағыдай тәмамдап, елге оралуға кам жасап жүрген еді. Алайда дүние бір сәтте асты үстіне түскендей болып, аякасты аласапыран басталған да кеткен. Отан соғысының алауы лап ете түскен. Осы бір сәтті қазақтың қанатты қызы өз естеліктерінің бірінде былайша еске алады. «Елге барам деген жоспарым жайына қалды. Жаздың жалдыраған жайсан күндерінің бірі еді. 1941 жыл, 22 маусым күні біз бірден есейіп кеттік. Өмірде тілмен жеткізуге болмас, ірі бір өзгерістің болғанын жүрек түкпірімен түсіндік. Және енді біздің де мойнымызда үлкен жауапкершілік тұрғанын білдік...»

Осы естелікті жазғанда қанатын қыз небөрі 19 жаста еді. Уақыт алға жылжи беттеді. Уақыт алға жалқау жылжыған сайын жағдай да күрт қиындап, азапты шақтар молыға түскен. Хиуаздың ендігі бір мақсаты — соғысқа санитар болып аттану еді. Ол осы ойдың жетегінде жүргенде комсомол жастарды Мәскеу түбіндегі метрополитенге жұмысқа жіберу басталады. Өзге ел жастарының қатарында жас Хиуаз да жұмысқа аттанады. «Бұл бір азабы жетерлік, қиын жұмыс еді,— деп жазалды ол жәйлі батыр қыз өзінің «Халқым үшін» деген естелік кітабында,— Ені мен тереңдігі бірнеше метрлік метрополитен казу басталады. Шынтауайтқа келгенде, Мәскеуді жау басып қалғандай болса, сойқан жарылыс жасау үшін жасалған шара екен. Оған сандаған ауыр миналар жасыралы екен. Соның қар жұмысын біз атқарыппыз...»

Осындай ой соқты болып, қайықтың бағытын қай жакқа бұарарын білмей жүрген күндердің бірінде Хиуаз хатшы әйелден өзіне шұғыл шақырту алады.

Дәнеш АХМЕТҰЛЫ
(*Жарнасы бар*)

(Басы 1-бетте)

Экспедицияға еріктілер тобы өз қаражатымен, көлігімен, қажетті азық-түлік, жабдығымен шығуға міндетті болатын. Әрине, ең бастысы, мәселе көлік болатын. Алматыда шағын көлемде кәсіптен айналысатын, түбі жезқазғандық Сәбит Бүкіров есімді азамат мені өз көлігімен алып жүруге келісімін бергенде қуанышымда шек болмады.

Сонымен, Сәбит Бүкіров бастаған тобымыздың құрамында Гүлжанат Бүкірова, Нұржан Бүкіров, Абай Әуезов, Бақыт Андағұлов, Дулат Хасенов және осы жолдардың авторы Жезқазғанда бас қосып, жолға шықты. Біз екі джип машинасымен қаланың Сәкен Сейфуллин ескерткіші орналасқан алаңға ең алғашқы болып жеткен екенбіз. Сосын Алматы, Астана, Астырау, Ақтөбе тағы басқа қалалардан көліктер бірінен соң бірі келе бастады. Жалты көлемі 15-16 көліктіей жиналды. Топ басшымыз Марғұлан Сейсембаев пен «Ұлытау» музейінің директоры Бақтияр Қожахметов ескерткіштерді бүлдірмеуді, қауіпсіздікті сақтау ережелерін түсіндірді.

ТЕРЕКТІ ӘУЛИЕ

Алғашқы бағыт Теректі әулие кешені болды. Кешенде бізді тізбектеліп бірінін сонынан бірі ерген жылқы бейнелі петроглифтер таң қалдырды. Мұнда одан өзге түрлі таңбалар мен жартас суреттері көп кездеседі екен. Теректі әулиенің астынан адамдар өтіп, күнәсінен арылатын жүрек тасы, тиын тастап тілек тілейтін құдығы, құдайдан тағдырдың тартуын сұрайтын орындық тасы, аңсаған армандарыңызды сырғанап бара жатып тілейтін сырғанак тасы және тағы басқа зиярат жасайтын орындары энергетикалық күш-қуаты мол жер ретінде қарапайым халыққа бұрыннан белгілі. Теректі әулие кешенінің айналасы қол дәуірінен бастап кейінгі заманға дейін жалғасқан ескі қорымдар мол ұшырасады. Осының өзі бұл жердің ежелден киелі рухтарға табыну ошағы болғандығын әйгілеп тұрғандай. Сонда түстеніп алып, Жошы хан мен Домбауыл кесенелеріне жол тарттық.

ЖОШЫ ХАН МАЗАРЫ МЕН ДОМБАУЫЛ ДЫҢЫ

Жошы хан мазары мен Домбауыл дыны кешендерін кешкі мезгілде араладық. Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы жерленген мазардың тарихы туралы жергілікті өлкетанушы, тарихшы Айдар Ысқаков әңгімелеп берді. Көк құмбезді мазар жақтауларын өрнекті кірпішпен безендіріп, киіз үйдің басқұрына ұқсатқан екен. Мазарда екі мәйіт жерленген. Бірінші кабір ішінен тактай табытқа жерленген адамның сүйегі шыққан. Әлгі сүйектің он қолы жок екендігі анықталған. Оның үстіне кабір ішінен салтанатты киім жұрнақтары, қызыл сафиян етіктің қалдығы, тұт жібегінің шіріп жатқан сілемдері, аң сүйектері мен түйенін бас сүйегі, темір қарудың сынықтары табылған. Бұл «Жошыны аң аулап жүргенде құланның айғыры шайнап өлтірді» деген халық аңызына үндес келеді. Халық аңызында «Жошыны жерлегенде бір қолы жок болған» немесе «Жошының тек бір қолын тауып қойған», кейде «бір шынашағын ғана тапқан» деген әр түрлі жорамалдар бар. Екінші кешен — Домбауыл дыны. Оның да айналасынан көптеген молалар орын тапқан. Оғыз-қыпшақ үлгісінде салынған құрылыс туралы да аңыздар көп. Сондай аңыздардың бірінде Домбауылды найманнан шыққан әйгілі Кетбұғы жыраудың әкесіне салынған мазар деп қарастырады екен.

Жошы хан мазары маңындағы Қара кенгір өзені жағалауында палаткалар тігіп, от жағып, азық-түлік, ас-суымызды қамдап, қонып шықтық. Экспедицияның алғашқы күні біздің топ от жағып, қуырдақ пісірді. Табиғат асында, жалындаған отқа піскен тамактың дәмі тіл үйіреді, шіркін! Әрмен қарай, жастар жағы «Тұран-ТВ» телеарнасының журналисі Ерлан



ағамыздың тылсымға толы әңгімесін тамсана тындап, астаналық Құралай әпкеміздің этнографиялық жұмбақтарын шешемін деп бас қатырып, өте кеш жатты. Лаулап жанған ошақтың түбінде кез келген әңгіме де дәмді бола түседі емес пе?! Ертесіне ерте тұрып, ас-ауқат қамына кірістік. Аз уақытта ұйқы да қанып қалған екен. Ендігі бағыт — Алаша хан кесенесі.

АЛАША ХАН КЕСЕНЕСІ

Жол басшымыз Марғұлан Сейсембаев кемерінен асып, тасып жатқан Қара кенгір өзенің төтелеп кешіп өтетін қысқа жолды тандаған екен. Сактык үшін көліктерді өзеннен сүйреп өтетін КамАЗ көлігін дайындап та қойған екен.



«Ұлытауға бардың ба?»

«ТЕРІСАҚҚАН КӨКТЕМІ» ФЕСТИВАЛІ

Экспедиция мүшелері Терісакқан ауылына кешкісін жетті. Ауыл мектебінің ауласына қаз-қатар тізілген киіз үйлер тігіліпті. Мәре-сәре болып балалар ойнап жүр, ауыл адамдары да абыр-сабыр. Үлкен мерекеге дайындық жүріп жатқаны бірден сезіледі. Ауыл тұрғындары бізді өте жылы қарсы алды. Танертенгілік бие байлау, үйірге айғыр қосу рәсімдері көрсетілді. Жалпы ауылда 25 үйірдей жылқы бар деседі. Әрбір отбасы қонақтарға дастарқан жайып, былтырдан сақталған қымыздарын, сүрленген еттерін, күрт-ірімшіктерін тағы басқа ұлттық тағамдарын ұсынып жатты. Өз кезегінде Берік Әбдіғали, Марғұлан Сейсембаев тәрізді азаматтар бие



байлаған отбасыларға шағын сыйлықтарын тарту етті. Әуелі келіншектер құлын байланған желінің қазықтарын сарымаймен майлап алады. Сосын құндыны биеге жіберіп, емшектерін игітіп алады. Одан кейін ғана барып, биені сауу жұмысына кіріседі. Алғашқы сауылған сүтті қонақтар шелегімен қотарып ішіп, дәмін татып жатты.

Келесі шара Жанайдар батыр ескерткішінің алдасының ашылу салтанаты үлгісінде жалғасты. Бұдан соң «Терісакқан көктемі» фестивалінің салтанатты шарасы басталды. Онда Ұлытау ауданының әкімі Хамит Омар «Ұлытау мұрасы» экспедициясын бастап келген Марғұлан Сейсембаев, Сәкен Сейфуллин есімді кәсіпкерлерді алғыс хаттармен марапаттады. Шараға ЮНЕСКО-ның өкілі ретінде қатысқан Ахмет Тоқтабай «Терісакқан көктемі» фестивалінің түрбиелік маңызын, ЮНЕСКО тізіміндегі тарихи-мәдени шаралар санатына енгізілуі ықпимал екендігін айтып қуантты. Экспедиция жетекшісі Марғұлан Сейсембаев Атымтайдай жомарттық танытып «Терісакқан көктемі» этнофестиваліне 500 000 теңге қолма-қол беріп, сонымен қатар «Ұлытау» қорық-мұражайын дамытуға 1 000 000 теңге қаражат аударуға уәде етті.

Фестивальде колөнер бұйымдарының көрмесі, садақ ату сайыстары көрініс тапты. Ал біздің экспедиция әрмен қарай қозғалып кетті.

ТАБИҒАТ ТЫЛСЫМДАРЫ

Шенбер ауылына жақын маңындағы Ақжарға (Ақжал) түске қарай жеттік. Төбесі қызыл күрең, жалдары сарғыш түсті табиғат жынысы күн көзімен түрлі-түсті болып құбыла түседі. Жалт-жұлт еткен шақпақ тастар да көздің жауын алады. Ал төбенің төменгі жиектеріндегі жұмыртқадай дөңгеленіп, түрлі-түсті renkпен құбылған төбешіктер табиғат тылсымдарына еріксіз тамсандырады, қиялды бағындырады. «Тұран-тв» телеарнасындағы Ерлан Сыздық киіктің мүйізін тауып келіпті. Сәкен Орынбекұлы Сейфуллин қырдың арғы жағынан 5-6 киік көргендігін айтып келді. Біздің

экипаждың жетекшісі Сәбит Бүкіров бала кезінде отар-отар қойдай далада өріп жүрген киіктерді осы Ұлытау өлкесінен көргендігін айтады. Дастарқан басында бүгінде саны азайып, күннен-күнге қырылып жатқан киіктердің тадыры сөз болды...

ҚАРСАҚБАЙ КЕНІШІ

«1909 жылы ағылшындар Рязановтан Жезқазған кен орнын сатып алды және 1913 жылдың көктемінде Қарсақбайда мыс балқыту заводы мен байыту фабрикасын салу үшін дайындық жұмыстарын бастады. Ағылшындарға теміржол салу тиімді болған жоқ. Құрылысқа қажетті жүк Қарсақбайға 400 шақырым жердегі Жосалы стансасынан түйелермен жеткізілді. Түйелермен жеткізу мүмкін болмаған жағдайда жабдықтар «керуенмен» жіберілді. «Керуен» дегеніміз не? Жосалы стансасынан Қарсақбайға қарай ұзындығы 13 шақырым релс жолы салынды. Оған бес паровоз бен 278 вагон тіркелді. Құрам 13 шақырымға ғана жүре алатын, одан соң жол бұзылып, алдыңғы жағына қайта төселетін. 1917 жылдың қазанында үш жыл жол жүрген «керуен» Қарсақбайға келді. Қазан төңкерісі жергілікті болсын, шетелдік болсын капиталистердің билік жүргізуіне тыйым салды» делінген энциклопедияда. Төңкерістен кейін қызыл империя мыс кендерін өздері игере бастайды... Ағылшындардың жеткізген құрал-жабдықтары, кен игерген құрылғылары Жездідегі Тау-кен және балқыту ісі музейінде әлі күнге тұр. Біз ең алғаш



Келесі діттеген бағытымыз Хан ордасы болды. Дуалдары құлап төбешікке айналған, төрт бұрышты, қорған алды су жүретін арық қазылған ежелгі қалашық орнына келдік. Халық «Хан ордасы» атап кеткен жер бүгінде патша тақ

ағылшындар жұмыс істеген Қарсақбай кеніштерінде болып, тарихи орыны өз көзімізбен көрдік. Қаныш атамыз кен қазыналарын ашқанда ғылыми жазбаларында ескерткен екен «тек піскен рудаларды пайдалану керек, шикі, пісуі жетпеген рудаларға тиіспеу қажет» деп. Бүгінде мыстың бай қорлары біткен көрінеді, енді терен қабаттардағы кедей бөліктеріне ауыз салынғаны өкінішті жайт. Табиғат анаға жасаған қамқорлығымыздың сықпыты осы болса керек.

«МАҚАТ САҒАНАСЫ»

«Мақат сағанасы» аталған күмбезді кесене XX ғ. басында жергілікті Мақат есімді бақуатты кісінің басқаруымен салынған екен. Өзінің және өз ұрпақтарының бір жерде жатуын ойластырып, кесене астында камералар жасатқан. Камералар орналасқан жер дөңгелене пішінделген плита тәрізді тастармен көмкерілген. Кесенеде үш адам қоятын камера бар. Ең шеткі төр жақтағы камерада және бергі кіребіретегі камерада адам мүрdesі жатса, ортасындағы әйелге арналған камера бос тұр. Сахананың ең астыңғы қабатында терен ор қазылған. Жана мәйіт өкпiлiгeн кезде бұрынғы сүйектер терен орға кесеумен сырылып түсіріледі. Мұнда ең соңғы мәйіт 1994 жылы қойылған екен. Осы тәріздес жерлеу орындары Қарағанды облысында сирек те болса, кездесіп тұрады деседі жұрт. Ислам діні әбден орныққан XX ғасырда мұндай сағананың тұрғызылуы нені білдіреді деп ойға шомдық.

АЛТЫН ШОҚЫ ЖӘНЕ ХАН ОРДАСЫ

Экспедиция лагері кешкісін Кененбай тоғанына келіп орналасты. Бірақ мұнда әдеттегіше ас қамы әзірленбелі, палаткалар тігілмеді. Себебі Рахым Әжібаев есімді жергілікті азаматтың өзен маңындағы үйінде дастарқан жайылған екен. Бұл отбасының етті сүрлеу, қымыз дайындау технологиясы өзгеше екен. Сүрленген жылкының етін құмарлықпен жұтынып жеп, қымызды кесе-кесесімен қылғытып жаттық. Рахам ағаның зайыбы Гүлшайра Бітімбаева аяғымыздың бармағы бал екен деп тамсанған жолаушылардың алғысы шексіз болды. Кененбай тоғанынан аймақтағы көптеген ескерткіштерге бару жақын ері ыңғайлы. Тоғаннан балық та аулауға болады. Енді бұл жерден демалушылар мен саяхатшыларға арналған демалыс орны ашылмақшы екен.

Ертесіне Алтыншоқы тауына жол тарттық. Онда Әмір Темірдің қалдықтары тасының көшірмесі тұр. Ескерткіш тастың түпнұсқасы Ресейдің эрмитажында сақтаулы тұр. 1391 жылы Әмір Темір 200 000 әскерімен Тоқтамыс ханды өкшелей құып Ұлытауға келгенде табиғаттың сұлулығын көріп тамсанып, осы тасты ескерткіш ретінде қоюға бұйрық беріпті. Кейін 1935 жылы әлгі белгітасты Қаныш Сәтбаев жергілікті ақсақалдардың көрсетуімен тауып, ең алғаш баспасөзге жариялайды. Ел аузындағы аңыз бойынша Әмір Темір Тоқтамысты ұысынан шығарып алғанымен, оның аста-төк алтын-күміс байлықтарын қолға түсіреді. «Біздің іздегеніміз байлық емес, Тоқтамыстың өте» деп осы Алтыншоқыда бар байлықты өртеуге бұйрық берген деседі. Шоқы басындағы жанған металл қалдықтарын Тоқтамыс қазынасының өртке балқытылан сықпыты деп қарастырады қарапайым халық. Ал ғылыми-зерттеулер тұжырымы мүлде басқаша. Шоқы металл өндіруге арналған пеш қызметін



атқарған. Тастан қаланған қазандықтың жан-жағынан жел үрленетін тесік санлылаулар бар. Металл балқыту орны бір қарасаныз, сақ қорғандарына да ұқсайды. Шоқыдағы жанған руда қалдықтары күннен-күнге азайып келеді. Оны Тоқтамыстың балқытылған байлығы деп есептейтін жұрт теберікке алып кетуге құмар болса керек.



Келесі діттеген бағытымыз Хан ордасы болды. Дуалдары құлап төбешікке айналған, төрт бұрышты, қорған алды су жүретін арық қазылған ежелгі қалашық орнына келдік. Халық «Хан ордасы» атап кеткен жер бүгінде патша тақ

Жезқазған

ескерткішімен, тас қорғанмен, арыкка салынған көпір т.б. заманауи архитектуралары арқылы қайта жаңғырғандай... Бұл, әрине, Ұлытау ауданы әкімі Хамит Омардың қажырлы еңбегі. «Ұлытау аймағында мұндай қалашықтардың саны 9-ға жетеді», — дейді Ұлытау музейінің директоры Бақтияр Қожахметов.

ҚАЙТАР ЖОЛДА...

Біздің экипаж Хан ордасы кешенінен аттың басын кері бұрды, Аз уақытта барлық экспедиция мүшелерімен бауыр басып қалған екенбіз. Шын мәнінде, бір-бірімізді қимай қолшастық. Шынайы ыстық лебіздер мен ықыластар көңілдің күйін шертіп, қимастық сезімін оята түсті. Иә, бір аптадай қызықты да, шыжықты да бастан кештік. Далада бір күннің өзі бір жылдай ұзақ созылады екен. Бір-біріміздің қажеттіліктерімізді өтеуге тырыстық. Ас әзірлеуде де құр қарап қалмадық. Бір дастарқан басында басымыз түйісті. Көліктер тығылып қалғанда бір-бірін сүйреді, кешіккенде күтіп, ұйымшылдық танытты. Оның бәрі де бір жағынан Марғұлан Сейсембаевтай экспедиция жетекшісінің ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты қалыптасқан жағдай еді. Әскери тәртіппен дәл уақытында қозғаламыз, шапшаң қимылдап діттеген межеге дәл уақытында жетеміз.

Жезқазғанға жеткен соң Бақыт Андағұлов пен Дулат Хасеновтай мәрт, қара нардай кәтепті, қажырлы азаматтармен қимай-қимай қолшастық.

Жезқазған қаласында құрметті инженер-металлург, техника ғылымының докторы Төлеген Бүкіров ағамыздың үйінде қонақта болдық. Ол кісі бүгінде «Қазактың Кетбұқасы» қорын басқарады екен. Кетбұғы туралы материалдар жинап, ұлы бабамыздың мұрасын түгендеу шарасының басы-қасында жүрген ағамыздан сыйлыққа қызықты кітаптар арқалап қайттық. Төлеген ағамыздың бауыры Сүтегмен Такабайұлы Бүкіров Әлкей Марғұлан, Қаныш Сәтбаевтарға жолбасшылыққа жүрген әйгілі өлкетанушы болса, әкесі де осы өңірге танымал журналист болған екен.

Осы керемет саяхатты ұйымдастырған белгілі кәсіпкер Марғұлан Сейсембаевқа, осы жолсапарға менін қатысуыма демеушілік көрсеткен жаны жомарт Сәбит Бүкіровке шексіз алғыс білдіремін. Ұлытау өңірін Әлкей Марғұлан



1945-1970 жылдар аралығында үздіксіз зерттеген. Араға елу жылдай уақыт салып, Марғұлан Сейсембаев «Ұлытау мұрасы» атты экспедиция ұйымдастырып отыр. Маған осында бір тарихи сабақтастық бар тәрізді көрінеді.

Ұлы бабалардың ізі қалған Ұлытауда қазақтың әрбір баласы болуы керек. «Ұлытауға бардың ба, ұлар етің жедін бе?» дегенде ұялмай жауап беретін болайық, ағайын.

Арман ӘУБӘКІР,

Алматы — Жезқазған — Ұлытау — Алматы

Дөңгелек үстел өткізудегі басты мақсат — әлемнің 30 дамыған мемлекетінің қатарына енуде педагогикалық ұжымның рөлі, тәжірибе алмасу, институт, өндіріс және жалпы білім беретін мекемелері арасында ынтымақтастықты нығайту. Жиынға «Казфосфат» ЖШС, оқу-әдістемелік орталығының директоры Марина Оразова, Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Химия және химияны оқыту әдістемесі»

Тараздағы №8 гимназия мектебінде «Инновациялық Қазақстан: әлемнің 30 дамыған мемлекетінің қатарына ену» атты дөңгелек үстел отырысы өтті. Қала әкімдігі білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен жиын Тәуелсіздіктің 25 жылдығымен орайластырылды.

кафедрасының доценті Роза Жарлыкапова, «Физика және физиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы Майгүл Көшербаева, «Химия және химияны оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы Эльмира Камбарова мен жалпы білім беретін мектептердің математика, физика, информатика, химия, биология, география пәндерінің 36 мұғалімі қатысты. Дөңгелек үстелде 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен

енгізу; білім беру жүйесінде — жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңімен көшу; заманауи мектептердегі мазмұны мен технологиялардың өзгерістерінің инновациялық сипаттарын қосымша білім беру есебінен күшейту мәселелері көтерілді.

Дөңгелек үстелде Төле би атындағы №8 гимназия директорының орынбасары Әлішер Әзімбай «Инновациялық Қазақстан: әлемнің 30 дамыған мемлекетінің қатарына ену»,

Инновация мектептен басталады



Б.Момышұлы атындағы №45 казак классикалық гимназияның жоғары санатты химия пәні мұғалімі Алтынқұл Қалдарова «Инновациялық білім беру ортасын қалыптастырудың жолдары», техникалық шығармашылық орталығының әдіскерлік бөлім менгерушісі Жанат Тұрғанбаева «Балаларға қосымша білім берудегі техникалық бағыт бойынша білім берудің инновациялық тәсілдері» тақырыбында баяндама жасады.

Осы аптада Алматы облысының орталығы Талдықорғандағы Достық үйінде Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіздік тұғыры — қоғамдық келісім» атты қоғамдық келісім кеңестерінің республикалық форумына арналған дөңгелек стол форматында кездесу өтті. Оған Парламент Мәжілісінің депутаттары Бақытбек Смағұл мен Юрий Тимощенко, сондай-ақ еліміздің 16 өңірінен қоғамдық келісім кеңестерінің мүшелері қатысты.

Осыдан кейін, әр өңірден келген ҚХА өкілдері еліміздің әр облысында қоғамдық келісімді орнатудағы үздік тәжірибесімен бөлісіп, жергілікті азаматтардың өзекті мәселені шешуге бағытталған ұсынысын білдірді. Форумда өз ойымен бөлісіп, тұщымды пікірін ортаға салған Парламент Мәжілісінің депутаты Бақытбек Смағұл өз сөзінде «Мемлекетіміздің 25 жылдығы өсіп-өркендеп, дамуына, халықтың сеніміне

алғандығы және барлық игі істердің ҚХА бастамасымен қолға алынып жатқандығы қуантады. Медиация, қоғамдық, ақсақалдар, аналар кеңестері, міне, осы бастамалардың барлығының түпкі мақсаты — біздің ұлттық құндылықтары ортақ, бірлігі жарасқан бір тұтас ел екенімізді таныту. Сол үшін біздер қай жерде жүрсек те ассамблеяның тындырымды жұмыстарын айтып жүруге тиіспіз», — деп ойын қорытты.



Қоғамдық тұрақтылық басты назарда

Халқы ассамблеясы (ҚХА) төрағасының орынбасары Ералы Тоғжанов төрағалық етті. Жиында алғаш болып ҚХА Алматы облыстық хатшылығының жетекшісі Ғабит Тұрсынбай сөз алып, Алматы облысында қоғамдық келісім мен бірлікті нығайту жолында атқарылып жатқан жұмыс ретіне тоқталды.

ие болып, тыныштық пен берекенің ұйытқысы болу жолында Қазақстан Халқы ассамблеясының сіңірген еңбегі зор. Соның ішінде қоғамдық келісім кеңестерінің қоғамның тірегі болаудағы, сондай-ақ Қазақстанды әлемге бірлігі мен ынтымағы жарасқан мемлекет ретінде таныту тұрғысындағы Елбасымыздың саясатын жүргізудегі маңызы ерекше», — деп атап өтті. Сондай-ақ ол «Республикалық форумның өз бастауын киелі Жетісу жерінен бастауын

Бүгінгі басқосуды қорытындылаған ҚХА төрағасының орынбасары Е.Тоғжанов жиын барысында сөз болған әр өңірде қолға алынған жақсы бастамалардың өзге өңірлерге үлгі болып, әрбір елді мекенде өз жалғасын табатындығына сенім білдірді. Сонымен қатар кеңес мүшелеріне қоғамдық тұрақтылық пен келісімді нығайту жолындағы жұмыстарды одан әрі жалғастыруды тапсырды.



Отандық өнімді таңда

Тараз қаласында Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған «Қазақстандық өнімді таңда» атты акция өтті. Ондағы басты мақсат — отандық тауар өндірушілерді қолдап, отандық өнімдердің үлес салмағын арттыру. Іс-шараның қала әкімдігі мен кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің ұйымдастырды.

Қала тұрғындары қатысқан акция барысында әлеуметтік күнделікті қолданатын негізгі тауарға 15-25 пайыз аралығында жеңілдік жасалды. Сәйкесінше, тауар арзандатылған бағамен сатылды. Олар мысалы, халық күнде қолданатын

ұн, шай, сұйық май, сүт, макарон өнімдері. Одан басқа шырындар мен томат пастасы, минералды суға 25-48 пайызға дейін жеңілдік жасалды. Көптеген отандық өнімге «Қазақстанда жасалған» логотипі қойылды. Бүгінгі күні арзан бағамен сауда жасаған халық өте риза болды.



Өңір басшысы «80 жылдың ішінде облыс тарихында талай-талай оқиғалар бастан өтті. Қасіретке толы 30-шы, от-жалынды 40-жылдар, атакты тың эпопеясы, Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы, осының бәрі облыс тарихының ұмытылмайтын белестері. Солтүстік Қазақстан — артына өлмес мұра қалдырған Қожаберген жырау, Үкілі Ыбырай, Мағжан Жұмабаев, Иван Шухов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Герольд Бельгердің туған жері. Біз Евней Бөкетов, Мактай Сағдиев, Бөйкен Әшімов, Ермек Серкебаев, Владимир Шаталов, Александр Викторенко сынды тұлғалардың жерлесі екенімізді мақтан етеміз», — делі.

Ерік Сұлтанов Ұлы Отан соғысы, 40-жылдардағы өнеркәсіптің дамуы, Тың игеру жылдарындағы өңірді дамыту жолында еңбек еткен қоғам және мемлекет қайраткерлерінің еңбегіне жеке тоқталды.

Е.Сұлтанов «Солтүстік Қазақстан облысы еліміздің дамуына айтарлықтай үлес қосып келе жатқан қуатты облыстардың қатарында. Өңіріміз мерейтойын жақсы

Даласы дөңге толы өлке

ауыл шаруашылығы кешендері мен сауда саласы жақсы дамыған. Өңірде әлеуметтік, қаржылық-экономикалық, құқықтық салада инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасалды.

Солтүстік Қазақстан облысының ең басты байлығы — халық. Біздің



нәтижелермен қарсы алып отыр. Біздің өңір мемлекет аумағының 4 пайызын ғана алып жатса да, еліміздегі жоғары сапалы астықтың үштен бірін өндіреді. Елбасы өңірімізге жұмыс сапары кезінде: «Солтүстік Қазақстан — астық өндірудің үздік өңірі», — деген болатын. Осы жылы солтүстікқазақстандық шаруалар рекордтық көрсеткішке қол жеткізіп, гектарына өнімділігі 18 центнер болатын 5 миллион 768 мың тонна астық жиналды», — делі. Облыс әкімі 2016 жылы орақ науқанында үздік нәтиже көрсеткен комбайншылар есімін атады. Оның қатарында «Тайынша-Астық» ЖШС комбайншысы Николай Фесюн 5570 тонна, «Атамекен-Агро» ЖШС қызметкері Берік Даиров (*Жамбыл ауданы*) 4351 тонна астық бастырған.

«Облыстың индустриалды кешенінде де дамуын он көрсеткіші байқалады. Солтүстік Қазақстан облысы инвестиция тартуға қолайлы өңір. Біздің облыста



басшысы өнеркәсіп, құрылыс, білім беру, медицина, мәдениет, спорт саласының озаттары мен өндіріс жанашылдарын,

Петропавл қаласында Солтүстік Қазақстан облысының 80 жылдығына арналған «Туған өңір — тұнған сыр» атты салтанатты іс-шара өтті. Жергілікті тұрғындарды мерейтоймен құттықтаған өңір басшысы Ерік Сұлтанов Тәуелсіздіктің 25 жылдығымен қатар келген мейрамның маңызы зор екенін атап өтті.

сондай-ақ өңірдің үздік еңбек әулеттерінің есімін атап өтті.

Ол «Өңір тарихы өте бай. Бір шаңырақ астында 100-ден астам ұлт пен ұлыс өкілі береке мен бірлікте, тату-тәтті өмір сүріп келеді. Облыс жетістіктерінің басты негізі — жергілікті тұрғындардың еңбексүйгіштігі мен туған өлкесіне деген махаббат, жауапкершілік сезімінде», — делі.

Облыс әкімі өңір дамуына үлес қосқан ардагерлерге және бүгінгі таңда бұл мақсатта



мәдениет, өнер, спорт, білім беру, өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы және өзге де салалар бойынша мақтан ететін жерлеріміз жеткілікті. Олардың есімдері мен ерліктері Қазақстан тарихында алтын әріптермен жазылған», — деп атап өтті облыс әкімі. Әр саланың жетістіктеріне жеке тоқталған өңір

табысты еңбек етіп жүрген қызметкерлерге алғысы мен ризашылығын білдірді. «Даласы дөңге толы, береке мен бірлігі ұйыған Солтүстік Қазақстан облысы алдағы уақытта да тәуелсіз еліміздің одан әрі дамуына зор үлес қоса беретіндігіне сенімдімін. Баршаныңа зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, әр шаңыраққа бақ-береке тілеймін! Елімізбен бірге өңіріміз қарқынды дамып, жетістіктерге жете берсін!», — делі өңір басшысы құттықтау сөзінің соңында.

Әкім ұзақ жылғы адал еңбегі, облысты әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамытуға қосқан зор үлесі үшін 47 азаматқа Құрмет грамотасын, тағы 24-не алғыс хат табыстады.

Сондай-ақ еліміздің еңбек сіңірген энергетигі, Петропавл қаласының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Александр Липовой, «Қызылжар-ақпарат» ЖШС директоры Жарасбай Сүлейменов және М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті Татьяна Александрова құттықтау тілегін жеткізді.

Мерейтойлық іс-шара Солтүстік Қазақстан облысының шығармашылық ұжымдары даярлаған концерттік бағдарламаға жалғасты.



Жақсылық ОМАР:

«Діни экстремизммен күресте ҰЕҰ-мен бірлесе жұмыс атқарамыз»

Ел бойынша үкіметтік емес ұйымдар арасында саны мен сапасы жағынан алдыңғы орында тұрған Шығыс Қазақстан облысы экстремизмнің алдын алуда да ҰЕҰ мүшелерімен бірлесе жұмыс жасамақ.

Бұл жайлы ШКО-да өткен ҰЕҰ форумы барысында облыс басшысының бұрынғы орынбасары Жақсылық Омар мәлімдеді.

Аймақта өткен форум барысында облыстағы үкіметтік емес ұйымдар 25 жылда

атқарған жұмысының көрсеткішімен бөлісе отырып, алға қойған мақсатын да айтып өтті. Ж.Омар «Қазірдің өзінде Шығыс Қазақстан ҰЕҰ саны, атқарған жұмыс сапасы бойынша алдыңғы орында тұр. Келер жылы ЭКСПО-2017 көрмесі өтеді. Осы орайда біз ҰЕҰ арқылы көрменің маңызы мен тиімділігі жайлы ақпаратты тұрғындарға жеткізуді көздеп отырмыз. Сондай-ақ діни экстремизммен күресте, халық арасында бейбітшілік пен ынтымақтастықты нығайтуда да ҰЕҰ бірлесе жұмыс атқармақпыз», — делі.

Сонымен қатар ШКО мәслихатының депутаты, облыстық Азаматтық альянс төрағасы Олег Чернышовтың айтуынша, атқарушы билік пен үкіметтік емес сектор арасындағы байланыс түрлі салада нығайып келеді.

— 1990 жылдан бері облыста ҰЕҰ жергілікті атқарушы билікпен тығыз жұмыс істеп, денсаулық, ТҮКШ сынды салаларда өзекті мәселелердің алдын алды. Бүгінде мемлекеттік мекеме мен үкіметтік емес сектор жұмыс қарқынды жаңа деңгейге көтеріп, әлеуметтік мәселелердің шешімін табуда жаңа жобаларды құруда, — делі Олег Чернышов.


Шығыс Қазақстан облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлағандай, форум соңында республикалық азаматтық кеңес форумында өңір атынан баратын делегаттардың тізімі жарияланды. Сондай-ақ 25 жылда жұмыс көрсеткіші бойынша жоғары жетістікке жеткен ҰЕҰ басшылары марапатталды.

Бетті дайындаған
Мақпал НОҒАЙБАЕВА


(Басы 1-бетте)

ЕЛДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ҚОЛЫ ЖЕТКЕН ТҮСТА БОКС СПОРТЫ КЕМЕЛДЕНЕ ТҮСТІ. АЛТЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНДА ЖЕТІ САҢЛАҚ ТОП ЖАРДЫ. ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕНІҢ БАСТЫ ДОДАСЫНДА ЖЕҢІМПАЗ АТАНУ ИГІ ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛДЫ.

1996 жылы Атланта Олимпиадасында Василий Жиров тұңғыш рет жоғары сынамалы жүлдені иеленді. Ең үздік боксшыға берілетін Вэл Баркер атындағы тостағанға ие болды. 2000 жылы казак боксы тағы бір биік шынға шықты. Қос алтынды канжығаға байлаған Ермахан Ыбырайымов пен Бекзат Саттарханов ел мерейін үстем етті. 2004 жылы да дәстүр жалғасты. 69 келіде Афинадағы ойындарда Бақтияр Артаевқа тең келер ешкім болған жоқ. «Баркер» кубогі бұл жолы Қазақстанды екінші рет тапты. Артаев мамандар



Қазақ боксының атасы –



мен бокс көрермендеріне жұлдыртасудың ең биік шыңын көрсете білді. Сөйтіп, Грекия астанасында өткен Олимпиадада Қазақстанның жалғыз алтын жүлдегері болды. Араға төрт жыл салып, көршілес елдің бас қаласы — Бейжіңде Бақыт Сәрсекбаев алтын иемденді. Серік Сәпиев сынды санлақ осыдан төрт жыл бұрын Лондон төрінде «қазақтың салмағы» аталып кеткен 69 келінің жүлдесін алып қана қоймай, ағылшын боксшысы, Халықаралық әуесқой бокс ассоциациясының алғашқы құрметті хатшысы Вэл Баркердің кубогін еншіледі. Аталған кубок соңғы жиырма жылда елімізге үш рет бұйырды. Осыдан кейін-ақ казак боксының әлеуетін байкай беруге болады. Биылғы Риода өткен Олимпиада ойындарында Данияр Елеусинов төртінші Олимпиада бойы жалғасып келе жатқан 69 келінің кереметін тағы бір көрсетті.

Міне, мұның барлығы биыл туғанына

100 жыл толып отырған Шоқыр Бөлтекұлының ерен еңбегінің арқасы екені даусыз. Ел аузында жүрген «казак жеріне бокс қолғабын әкелген» деген теңеу осы адамның есімімен байланысты.

Шоқыр Бөлтекұлы 1916 жылы 29 қазанда Маңғыстау облысы Жармыш ауылына қатысты Саркауақ деген жерде дүниеге келген. Көз көргендер оның қайық үстінде туылғанын айтады.

Оның есімі тұмсығы тасқа тимей қайтпайтын бекіре тұқымдас шоқыр атты балықпен орайлас қойылған. Өр мінезді, асқақ рухты болуының сыры да осында шығар. Қарт Каспидің жағасындағы қарапайым балықшының әулетінде дүниеге келген. Оның балалық шағы қиындыққа толы болды. Әке-шешеден ерте айырылды. Аласапыран заманда



«Спартак қоғамы» КСРО чемпионатында топ жарып, казак жастары арасында тұңғыш спорт шебері атағына ие болды.

Шоқыр Бөлтекұлы 223 кездесу өткізіп, оның 199-ын жеңіспен аяқтаған 50-жылдары Қазақ КСР-нің 3 дүркін чемпионы атанды. Оның мектебінен Мақсұт Омаров, Әбісәлан Нұрмаханов, Серік Әбденәлиев, Виктор және Владимир Кәрімовтер, Асқар Құлыбаев сияқты талантты шәкірттер

тәрбиеленіп шықты. Шоқыр атамның тағы бір қыры — сол кездегі «Социалистік Қазақстан» сынды белді басылымдарға спорт теориясы мен тәжірибелік нәтижелері, жаттықтырушы әдісі мен баулыған шәкірттерінің шеберлігі жайында түрлі жанрларда материалдар жазуы. Зерттеушілердің айтуынша, оның бокс тарихына арналып жазылған кітабы жоғалып кеткен.

Ол елімізде жаттықтырушылар қатарының көбеюіне де үлес қосты. Қарлағ-та жүрген бапкерлер неміс Кириштейн Густав мен балқар Дәулеткерей Мулаевты түрмеден босаттырып, оларды Алматыға әкеліп жаттықтырушы қызметіне орналасуына көп еңбек сіңірді. Шоқыр Бөлтекұлының ұлтшылдығы бір төбе. Ешқашан «Бөлтеков» болмаған. Сол кезде Бауыржан Момышұлы екеуі ғана тегіне «ов» жалғауын емес, «ұлы» жалғауын жаздырған. Бұл жайтты Баукең; «Екі-ақ нағыз казак бармыз, бірі — мен, бірі — Шоқыр» деп сипаттаған. Екі батыр өте жакын араласқан. Бірге жүрген. Қазақ боксының атасы Шоқыр Бөлтекұлының 100 жылдығына орай жас журналистер, атап айтқанда, Сейдахмет



Бокс атасының рөлін кәсіби боксшы Жанқош Тұраров сомдаған. Алматы қаласында тұсаукесері өтті. Оған Олимпиада чемпионы Ермахан Ыбырайымов, аты әлемге әйгілі бокс төрешісі Серік Әбденәлиев, Alash Pride ережесіз жекпе-жек клубының басшысы Данияр Қасқаруов сынды есімі елге белгілі азаматтар



Бердікулов атындағы сыйлықтың иегері, белгілі спорт комментаторы Рауан Оқас, «НТК» телеарнасының журналисі Серік Ноянбайұлы және «Ақтауспорт» спорт порталының бас редакторы Асқар Ағатаевтардың бастамасымен «Қазақ боксының атасы» атты деректі фильм дүниеге келді. Аталған туындыда боксшының ғұмыры, кәсіби мансабы туралы сөз болады.

мен БАҚ өкілдері қатысты. Дастарқан басына жиналғандардың ішінде Серік Әбденәлиев Шоқыр Бөлтекұлы туралы сыр шерте, өзгелер бокс спортының бүгінгі жай-күйін сөз етті. Алдағы уақытта Шоқыр туралы ауқымды жобалардың жасалуы мен оны насихаттауды қолға алудың өзектілігі хақында мемлекет деңгейінде талқылануы керек деп ой түйді.

Орайы келген әңгіме

— Әбіл Бекетұлы, алдымен жана қызметіңізді құтты болсын дей отырып, жұмысыңызға сәттілік тілейміз! Алматыға келгеніңізге де екі ай өтті. Осы қысқа мерзім ішінде қандай ой түйдіңіз?

— Көп рахмет! Ой көп. Сөздің шыны керек, Алматы алып мегаполис болған соң, менің ойымша, қаламыздағы бизнес өкілдері — осынау шаһардың қозғаушы күші. Солардың көмегімен бұқаралық спортты дамыту — біздің бірінші мақсатымыз. Қала тұрғындарының 30 пайызы спортпен шұғылданса, біздің ұтқанымыз деп ойлаймын. Қазір байқасаңыздар, қалада спортпен айналысам деушілерге барлық жағдай жасалған.

Менің осы қызмет барысында негізгі түйген ойым — біз үш бағыт бойынша алға қарай жылжуды басты бағытқа айналдырасақ деймін. Оның алғашқысы — жастарды түгелімен спортқа тарту. Ол енді бұрыннан келе жатқан жұмыс. Алайда біз соны ары қарай жалғастырып әкетуге күшімізді салуымыз қажет. Оған Ұлттық Олимпиада комитеті, министрлік мұрындық болып, атсалысса құба-құп. Балаларды спортқа баулу мәселесі де күн тәртібінен түспей керек. Көп жағдайда шетелдік тәжірибелерге иек артқан дұрыс деп есептеймін. Жергілікті жерлердегі әртүрлі спорт басқармалары, ұйымдар, қоғамдар соған бейімделуге тиіс. Бұл — заман талабы. Одан кейінгі мәселе, спортпен шұғылданығыс келген адам, ең алдымен қай спортпен айналысуы керек, соны түсінсе, бізге де, жалпы қоғамға да пайдалы болар еді.

Мәселе де баршылық. Соның негізгісі — жабдық ғимараттардың жетіспеушілігі. Ал сол аздаған спорт кешенінің 75 пайызы білім басқармаларына тиесілі.

— Бізде салынып жатқан жабдық спорт кешендерінің барлығы дерлік кәсіби спортқа арналған. Бұқаралық спортқа ыңғайлап жасаудың жолы қарастырылып жатыр ма?

— Сурағыңыз орынды. Қазір бұқаралық спортты дамытудың өзекті мәселесі айналып отырғаны шындық. Өздеріңіз көріп жүргендей, бүгінгі күні қаламызда тұрғындардың күнделікті

Әбіл Дөңбаев 1979 жылы туылған. 1995 жылы Қ.Мұңайтпасов атындағы республикалық спорт колледжін «Дене шынықтыру және спорт», 2002 және 2006 жылдары Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университетін «Дене шынықтыру және спорт», «Құқықтану» мамандықтары бойынша бітірген. «Құрмет» орденінің иегері. Қазақ күресі, дзюдо, самбодан спорт шебері. Әр жылдары лауазымды қызметтер атқарған. Мәдениет және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру істері комитеті басшысының орынбасары болып жүрген білікті қызметкерді биыл Алматы қаласы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы етіп тағайындады.

ӘБІЛ ДӨҢБАЕВ:

Бұқаралық спортты дамыту басты мақсат

спортпен шұғылдануына нақты қолдау көрсетілуде. Алаңдар, аулалар жаңғыртылып жатыр. Веложолдар пайдалануға берілуде. Жабдық спорт кешендері жайлы айтар болсақ, оларды салу бар да, оны күтіп ұстау бар. Бұл қыруар қаржыны талап ететін дүние. Ғимараттарды көптеп салып, оны жекенің қолына беру керек. Алматыда кәсіпкерлер өте көп. Биылғы жылы 55 спорт аланы салынды. Әлі көптеген меморандумдарға қол қойылып жатыр. Бұл жұмыс осымен тоқтап қалмайды. Ол үшін кәсіпкерлердің сенімділігін арттыру қажет. Жалпы халықтың спортқа деген көзқарасын, қатынасын түбегейлі өзгертуге ден қойылуы тиіс.

— Биыл Алматыда еліміз бойынша аналогы жоқ «Спорттық Алматы» атты ауқымды бағдарлама қолға алынды. Жыл бойы шаһарымыз спортпен тыныстады. Келер жылы осы жобаны одан әрі дамыту үшін қандай жұмыстар атқарылмақ? Қандай тын идеяларыңыз бар?

— Біз қазір «Спорт барлығына жакын» атты бағдарлама жасап жатырмыз. Осы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Алдағы уақыттарда оған куә боласыздар. «Спорттық Алматы» жобасын сөз етер болсақ, бұл бағдарлама бытыр қабылданған. Биыл қолға алдық. Өз жемісін беріп жатыр. PR-менеджменттік мақсатымыз жүзеге асты деп нық сеніммен айта аламын. Осымен тоқтап қалмаймыз. Алдағы жылы аудиторияны ұлғайту қарастырылуда. Жүйелі түрде ұйымдастыратын боламыз. 18 жасқа дейінгі жастардың 50 пайызын спортқа баулып, сол арқылы тәрбиелеуді және Алматыдай үлкен қалаға сай ірі спорттық шараларды көптеп өткізуді қолға алуды басты ұстанымымыз деп білеміз. Ондай үлкен жұмыстарды жасау үшін әртүрлі спорт федерацияларымен тізе қосудың мәні зор. Сосын қазіргі салынып болған және құрылысы аяқталуға жакын спорт нысандарын тиімді пайдалану қажет.

Сондай-ақ тағы бір жоба — «Ұлы дала ойындары» туралы айтпақпа болмас. Мұны жарыс деп қана қарастыруға болмайды. Бұл шараның туристік потенциалын да ескеру керек.

— Халық сізді әртүрлі лауазымды қызметтерді атқарып жүрген жан ретінде таниды. Спортты Әбіл жайлы не айтасыз?

— Мен спортты серік еткен отбасында өстім. Ол тегімізде бар. Бес жасымнан күреспен айналыстым. Қатарынан қалмасын деп, әкем жетелеп алып келді. Казак күресі, самбо, жалпы барлық күрес түріне қатыса беріппін. Кейіннен Алматыда дарынды балаларға арналған училищеле дзюдо секциясы ашылды деп жаттықтырушылар келіп, жинап алып кетті. Келдік, көрдік, ұнады. 90-жылдар қиын болды. Өзіміз бапкерсіз жаттыққан кезіміз болды, жарысқа қаражатты өзіміз іздейтінбіз. Кейіннен бапкер болдым. Қазір барлық жағдай жасалған ғой. Спортқа қаражатты көп бөлетін он елдің қатарындамыз.

— Базарбек Дөнбаймен туыстығыңыз жоқ па? Ол да дзюдошы...

— Екеуіміздің таныстығымыз өз алдына бір тарих. Токсаныншы жылы ол өз әкесімен, мен өз әкеммен жанағы дарынды балаларға арналған мектепке бара жатыппыз. Бір вагонда, бір купеде. Әкелеріміз таныса отырып, тегіміздің бірдей екендігіне танырысқып жатыр. Жөн сұраса келе тегіміз, туған күн, ай-жылымыз да бірдей екенін білдік. Міне, сәйкестік! Сөйтіп, сол мектепте бірге оқыдық. Қазір отбасымызбен ағайын болып араласып тұрамыз (құлді).

— Отбасы деп қалдыңыз... Балаларыңызды спортқа баулисыз ба?

— Міндетті түрде! Спорт мінезді шынықтырады алдымен. Менің бір ұл, екі

қызым бар. Балалармен спортпен кәсіби айналысатын болады. Оған күш саламын. Бала ынжық болып өспеуі керек. Менің жүріп өткен жолымды ұлым да жүріп өтсе деймін. Кезінде спортты серік етпесем, ауылда жүрер едім. Балаларыма да соны үнемі айтып отырамын. Сонымен қатар білімді тастамау керек. Себебі білімді ұрпақ — ұлт болашағы.

— Өмірлік ұстанымыңыз қандай?

— Басты ұстанымым — қай жерде жүрсем де абыройлы болып жүру. Артымнан жаман сөз ергізбеу. Одан кейін, аман болсақ, абыроймен картаю. Келешек ұрпаққа үлгі боларлық қария деңгейіне жету. Нағыз асқалат болу.

— Кімдерді үлгі тұтасыз?

— Өмірде үлгі алатын адам — әкем. Сол кісінің арқасында талай жетістікке жеттім деп ойлаймын. Өр қазақтың баласы осылай жауап берер. Одан кейін Жаксылық Үшкемпіровтей атпал азамат ағамнан үлгі аламын. Ол кісінің қарапайымдылығын тәнтімін. Мен ол кісіні толық білемін, шыққан жерін, тегін. Ол кісінің басындағы бақты көтере алмайтындар бар. Бірақ Жаксылық аға өзінің сабырлы, ұстамды



қалпынан танбайды. Менің ойымша, барлық нәрсе ниетке байланысты, ол кісінің ниеті сондай таза ғой.

— Сұхбаттасқаныңызға көп рахмет!

Бетті дайындаған Мадияр АРЫСТАНБАЕВ



Оның айтуынша, қазақ ұлттың бас киімдерінің ішіндегі бөрік, тымак, сәукеленің маңызы тереңде жатыр.

Ұлттық бас киімдерде адамның жас, жыныстық және аймақтық ерекшеліктері берік сақталған. Киген бас киімінен адамның әлеуметтік мәртебесі немесе діни ерекшелігі анықталған. Бүгінде ұлттық бас киімдердің ішінде тақия, бөрік, тымак, құлақты бөрік (*құлақшын*) сынды түрлері кеңінен танымал. Бас киімдердің өзі қысқы, жазғы, сондай-ақ тойға, жорыққа, саятшылыққа киетін түрлерге бөлінеді.

Халқымызда бас киімге қатысты қатан ырым-тыйымдар да бар. Бас киімді таза әрі ұқыпты ұстап, жоғарыға іліп қояды, кез келген жерге тастай салмайды, үстіне отыруға болмайды. Бұлай жасаса, бастан бақ таяды, бас ауруына шалдығады. «Бас айналып, тіл байланып, иман қашады» деген наным бар.

Адамның басынан қадірлі, ақылынан қасиетті ештеңе жоқ. Сондықтан бас киімді тебуге, лақтыруға, теріс киюге болмайды. Ежелден халқымыз бас киімді үйдің құты мен берекесі санаған.

Ер адам әйелдің жаулығын басына салмайды. Себебі еркектің сөнеді, рухы жасиды. Қыз бала басына ақ, қара орнамал тартпауға тиісті. Ақ — әйел жаулығының, қара — қайғының белгісі. Жаланбас отырып, бала



айырбастамайды, ешкімге сыйламайды, сатпайды. Тек сыйлыққа киілмеген, жана бас киім алып беруге болады.

Қазаққа шала туған баланы тымаққа салып асырайтын дәстүр бар. Біреуге бас ұрғанда да аяғына тымағын тастайды. «Тымақ ұру» немесе «тымақ тастап кешірім сұрау» — бітімге шақырудың ең үлкен белгісі.

Киелі бас киімдер қатарынан саналатын сәукеле — қалыңдықтың ертеден келе жатқан негізгі атрибуты. Қазақи дәстүрде сәукеле кигізу де ерекше салт. Қазақ ұғымында сәукелемен қатар жүретін бас киімдердің бірі — қасаба. Кейінгі уақытқа дейін белгілі болмаған қасабаны қазақ халқының дәстүрлі киімдерінің бірі ретінде танытқан ұлттық мәдениеттің жарышы, халқына қамқор бола білген тұлғаның бірі — Әзбекәлі Жәнібеков. Оның айтуынша, қасаба — көне түркі қыпшақ бас киімінің негізгі элементтерін бойына сіңірген. Қасабаны келіншек үкісіз, желексіз, сыртына жаулық салып та, тойдан кейін де киген.

Кимешек — әйелдердің негізгі бас киімі. Әдетте, бұл бас киімді кию рәсімі де ауыл арасында ерекше аталып өткен.

Қазақ тұрпында бас киім көріктілігі пен сәнділігі, бұршылық пен молдықты білдіретін киім түрі саналған. Себебі ол әрі сәнді, әрі асыл тастармен көмкеріледі.

Досымбек Қатыран «кішкентай бала кездегі тақияның ерекшелігі мен алғашқы мүшел жасқа толған кездегі тақияның ерекшелігі арасында айырмашылықтар бар. Неге? Ол бас ерекшелігі

Тәуелсіздігімізді алып, етек-жесімізді жасып, елдігімізді енді ғана жсандырып жатқан тұста ұлттық құндылықтарымызды ұлықтағанымыз абзал. Ең бастысы, ұлттық киімдерімізді жан-жақты танытуымыз қажет. Бұрын халқымыз бас киімді өте жоғары бағалаған. Ұлттық киімнің негізгі құрамдас бөлігі саналатын бас киімге ерекше мән беріп, құрметпен қараған. Қазір де бұл ғұрыпты сақтап, бас киімдерді көпшілікке насихаттап жүрген жандар арамызда жеткілікті.

Сондай жанның бірі – тарихшы-этнограф Досымбек Қатыран. Тарихшы қазақтың ұлттық бас киімдерін зерттей келе, зерделі ойымен бөлісті.

білдіріп тұратын қызметінен тыс, оның әлеуметтік мәртебесін, қоғамдағы орнын, тіпті кім екендігін де айқындайтын ерекшеліктер пайда бола бастайды. Мәселен, 12-13 жастағы қызы алып

қарайық. Оның тақиясында тағылған үкі болса, не тағылған тана болса, оның айттырылған қыз екенін байқауға болады. Ал кішкентай қыздардың тақияларында соншалықты көп

Қазақтың ұлттық бас киімі



әшекей бола бермейді. Әсіресе, 12-13 жасқа толған қыз балалардың бас киіміне әшекейді көп таға бастайды. Шекелік іледі. Әртүрлі салпыншақтар байлап, тағып қою — баланы болашақ өмірге дайындау. Әшекейдің молая түсуі — оның болашақта әлеуметтік мәртебесінің өзгеретінін білдіреді.

Бас киімге ою-өрнектер де

ойсыз салынбайды. Жас қыздар мен бозбалалардың бас киімінде ұсақ ою, ашық түс мол. Бойжеткен қыздың тақиясына асыл тас көп тағылады. Қазақ қыз-келіншектерінің бас киімдері жасы мен отбасы жағдайына байланысты бір-бірінен ерекшеленіп отырған. Жазда түрлі-түсті жібек, барқыт, мақпалдан тігіп, төбесі жайпақ, дөңгелек тақия киеді.

Ал бойжетіп отырған қыз көмшат бөріксіз жүрмеген. Оның өзіндік мәні бар.

Тақия — қыздарға да, ұлдарға да ортақ бас киім. Тек ою-өрнегі мен тағылатын асыл тастары әртүрлі. Ұл балалар немесе жігіттер киетін тақияда тенге, моншақ, тана сияқты асыл тас болмайды. Оны «Мүйіз», «Ат ерін», «Шырмауық» деген өрнектермен безендірген.

Ал қыздар тақиясының сәні де, салтанаты да ерекше. Арулардың тақиясы қызыл, күлгін, жасыл түсті шұға, барқыт, мәуіті сияқты матамен тігіледі. Әшекей жағына тіл жетпейді: ақық, маржан, алтын-күміс тенгелермен зерделі.

Тақияны кішкентай күнінен бастап киген болса, үлкен жігіт болғанға дейін тымақтың ішінен тастамай киіп жүретін, шешілмейтін бас киім. Жалғыз ерекшелігі — бозбала шағына дейін бірі-жарым тас әшекей тағылуы мүмкін. Негізінен, алғашқы мүшелге толғанда әшекейлер алынып тасталады да, ою-өрнегі бар, бір түсті тақия киеді. Өрнегі негізінен сү өрнек, жарты мүйіз деген сияқты өрнектер ұқыпты түрде, алабажақ емес, ықшамды тақияны кие бастайды. Ал жасы ұлғайған сайын ер адамдардың тақиясында өзгеріс көбейе бастайды, түсі солғындап, біркелкі болады, ашық түстер азаяды.

Бас киім — өте қастерлі дүние. Халық ұғымында бас киімді сыйлыққа бермейді. Баланың киген тақиясын жоғалтпайды. Бөрік пен тақияға таққан үкіні аяқпен баспайды.

Сондай-ақ бас киім мәдениетінде ұмыт бола бастаған тағы бір түсінік бар. Ол — қызға — ұлдың, ұлға — қыздың киімін киілуі.

Бас киім ұғымы — өте терең. Әсіресе, қыздар мен қалыңдықтың бас киіміндегі ою-өрнек, әсем әшекейдің өз құпиясы бар. Бұрынғылар кісінің киіміне қарап адамды таниды. Тақияны кім киеді? Бөрік қандай адамның сәні? Сәукеле қандай бас киім? Қазақтың киім кию мәдениеті — осы сұрақтардан басталса керек-ті.

Сәукеле — әйелдер киімі. Алайда тарихи деректерде бұл бас киімді ерлердің де кигенін көруге болады. Сәукеле — әлеуметтік орны жоғары адамның киімі. Алтынмен аптап, күміспен күштеп, зерлеп тігеді. Ел ішіндегі жазбаларда сәукелені сал-серілердің де кигенін байқауға болады. Бұл — өнер адамының айбынын асқақтатып, елден ерек көрсететін жәдігер.

Досымбек Қатыран: «Тарихи деректерден іздейтін болсақ, 19 ғасырда Арқа өңірінде өткен атакты үлкен асқа Арқаның атакты Өтеубай деген салы сәукеле киіп барған екен. Салдардың ерекшелігі сол — жұрттан бөлек киіну керек. Әшекей тағады, жақсы киім киеді. Кең балақты шалбарлар киеді деп айтады. Біржан салдың шалбарының балағына 5 кісі сыяды екен деген сияқты әңгімелер бар. Өтеубай сал жұрттан ерекше көріну үшін құны 100 жылқы тұратын сәукеле тіктіріпті дейді. Асқа әр ауыл, әр ру салтанатпен барады ғой. Сонда баратын кезде жұрттан ерекше көрсететін сәукелесін одан да айбаттандырып көрсету үшін түйеге мініп барыпты дейді. Бір жағынан қарасаныз, сәукеле деген әлеуметтік мәртебенің, сән-салтанаттың көрсеткіші болып есептеледі. Яғни Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» бас киімі — оның мәртебесінің өте жоғары екенін айтқытайтын киімнің түрі болып есептеледі.

Бас киімнің бір сәні — үкі. Үкіні айттырылған қыздар, сал-серілер тағады. Үкі тақия мен бөріктің төбесіне қалалып, кісіге әдемі сән беріп тұрады. Үкілі қыздың көркі — көздің жауын алады. Бас киімге үкі тағудың тағы бір мәні — адамды жаман энергиядан қорғау. Халқымыз

баланың бесігіне, жас келіннің шымылдығына да үкі қалаған.

Ер адамдардың үкі тағуы, әрине, көп кездесетін дүние. Мәселен, ақын, өнші, жыршы, сал-серілер қанша жасқа келсе де, үкі тағумен өтеді. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бабамыздың түскен суретіндегі тақиясына таққан үкіні білесіздер. Оны кішкентай кезінде нағашылары әкеліп, ырымдап таққан екен. «Тіл-көзден сақтасын, аман жүр» — деп ырымдаған көрінеді. Сол үкіні ол кісі өмір бойы тағып жүргенін фотоқұжат арқылы көріп, біліп отырмыз.

«Ең әдемі киім — ұлтыңның киімі», — деген ұлы адамдар. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де, үлгісі де еш халықтан кем болған жоқ. Оның көркем үлгілері әлемнің



этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алууда.

Жарас КЕМЕЛЖАН



«Қазақ елі» атты толықметражды тарихи анимациялық фильм қарапаның 4-і мен 13-і аралығында Барселонада (Испания) өтетін Азия фильмдері кинофестивалінің (Asian Film Festival) негізгі байқауына іріктеліп алынды. Бұл туралы Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ баспасөз қызметі хабарлады.



«Қазақ елі» туындысы Барселонада көрсетіледі



Мәдениет және спорт министрлігі тапсырысы бойынша «САҚ-дала» ЖШС түсірген «Қазақ елі» анимациялық фильмі Жәнібек пен Керей ханның балалық шағы мен есеу жылдары туралы баяндайды. Мультфильмде — шетсіз-шексіз қазақ даласы, заңғар таулар және Ұлы Жібек жолындағы Сығанақ, Отырар, Тараз және Түркістан секілді ежелгі қалалар бейнеленген. Фильмнің режиссері Батырхан Дәуренбеков «Фильм халықаралық аренада — сонау Испанияда көрсетілетініне қуаныштымын. Бұл мультфильмді біз ең біріншіден, балаларға арнап жасадық. Картинада бостандық пен тәуелсіздік үшін күрес жолында қазақ елінің басын қалай біріктіргендігі жайлы әңгімеленеді. Сондықтан испандық көрермендер де еліміздің бай тарихымен танысатын болады», — деді. Аталған

Сатыбалды Нарымбетовтың «Аманат» және Досхан Жолжақысыновтың «Құнанбай» тарихи туындылары, сонымен қатар Асқар Ұзабаевтың «Жол» драмасы мен Мұрат Маханьның дебюттік «Сот орындаушысы» фильмі көрсетіледі.

Естеріңізге сала кетсек, жасалуында 2-D және 3D-технологиялар пайдаланылған «Қазақ елі» анимациялық фильмі үстіміздегі жылы мамыр айында көпшілік назарына ұсынылып, кинотеатрлардан көрсетілген болатын. Бас кейіпкерлерді Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар және жасөспірімдер театрының, сондай-ақ Ж.Шанин атындағы Оңтүстік Қазақстан облыстық қазақ драма театрының әртістері дыбыстады. Фильмнің саундтректерін Нұрлан Абдуллин, Сәкен Майғазиев және басқа да танымал әншілеріміз орындады.

Каунасқа барып қайтты



Қазіргі таңда көптеген қазақстандық студенттер мен мұғалімдер шетелдік ғылыми-зерттеу тағылымдамаларынан өтуде. Магистрантқа 300 мың тенге көлемінде сол елге баруына және қайтуына билет бағасы, 10 күндік өмір жүру ақысы, медициналық сақтандыру мен визаның ақысы бюджеттен бөлінеді. Солардың бірі — әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жылуфизикасы және техникалық физика кафедрасының «Техникалық физика» мамандығының магистранттары болды. Ғылыми-зерттеу тағылымдамасы Литваның Каунас технологиялық университетінде өтті. Каунас технологиялық университеті Қазақстаннан барған магистранттарды жақсы күтіп алды.

Тағылымдама барысында профессорлар және оқытушылар университет тарихымен таныстырып, дәріс жүргізді. Сондай-ақ

«Ел мен елді, халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе — білім», — деген екен ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Сондықтан да заманға сай сапалы білім мен ілім меңгерудің маңызы зор. Осы ретте білімді көтеру, бәсекеге қабілетті маман дайындау, халықаралық тәжірибе алмасу мақсатында еліміздің көптеген жоғары оқу орындары шетел университеттерімен серіктестік жасауда.

диссертация тақырыптарына байланысты дәрістер оқылып, магистранттар өз сұрақтарына жауап алды. Университет зертханасында өлшеу құралдарымен танысып, әртүрлі зертханалық жұмыстар жасады. Каунас ғылыми-техникалық кітапханасында экскурсия жасады. Магистранттар осындай сапардың арқасында үлкен тәжірибеге ие болуда. Бұл, әрине, өз кезегінде Қазақ ұлттық университетінің бізге көрсеткен үлкен септігі. Болашақ мамандар дайындауда бұл таптырмас мүмкіндік.

Студенттер шетел университетінде тағылымдама өтуге және тәжірибе жинауға мүмкіндік жасағаны үшін университетке алғысын білдіреді.

Жансая ЖҰМАҒҰЛОВА,
Әлфия НҰРМҰҚАНОВА

Директор — Бас редактор Срайыл СМАЙЫЛ	Бөлім редакторлары: Жарас КЕМЕЛЖАН — қоғам және әлеумет Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байбал БАЙӘДІЛЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76) Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96) Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22) Мұхтар ШЕРІМ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия tahtmutba@online.no Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16) Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМУХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы) Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108) Газет 2024 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттері сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.	Газет «Дәуір» ЖШС РҒПҚ (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №82120; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 45 000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BMI», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.</i>
--	---	---	--	--	--